

# РАХАТ ҚОСБАРМАҚ



## Сұлакер сиңшы

# Рахам ҚОСБАРМАҚ



## АЙЛАКЕР АҢШЫ

**БАЛЛАРҒА АРНАЛГАН ШЫГАРМАЛАР**



Алматы қаласы – 2014 жыл  
«Информ-А» баспасы

**УДК 821. 512. 122-93**

**ББК 84 Қаз 7-44**

**Қ 67**

**Қ 67 ҚОСБАРМАҚ Р.**  
Айлакер аңшы – Алматы; Информ-А.– 2014.– 280 бет.

**ISBN 9965-569-97-5**

Белгілі ақын, журналист Рахат Қосбармақтың бұл кітабына бала кезінде жазған ертегілері мен әңгімелері, балаларға арналған өлеңдері топтастырылған. Шығармалар баланың ой-өрісін кеңейтіп, әдептілік пен ізеттілікке, имандылық пен инабаттылыққа тәрбиеleadі, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге, енбекқорлық пен тапқырлыққа баулиды.

Кітаптың тілі жеңіл, жатық. Кітап ата-аналарға, балабақша мен мектеп жасындағы балаларға арналған.


**УДК 821. 512. 122-93**

**ББК 84 Қаз 7-44**

ISBN ISBN 9965-569-97-5

© Қосбармақ Р., 2014

# ЕРТЕГІЛЕР



# КЕМПІРҚОСАҚ

**С**рте-ерте, ертеде бір үлкен кең алқапта алуан тұсті гүлдер стату-тәтті тіршілік етіпті. Олар рауандап атқан таң шапағымен құлпыра жайнап, көздің жауын алады екен.

Қызыл, сары, көк, жасыл – сан сипатты нәзік те сулу гүлдердің арасында дараланып жалғыз ғана ақ тұсті гүл өмір сүрді. Ол өзімшіл де өркөкірек, дәкір де зорлықшыл, тойымсыз да қомағай болыпты. Өзінің ақша қардай аппақ түсін «басқалардан артықшылығым» деп бағалап, өрдайым мақтаныш ететін ақ тұсті гүл маңайындағы гүлдердің тамырының нәрін, жапырағының өрін сорып, жер астынан алар қорегін тартып алып, қиянат көрсетіпті. Түрлі гүлдің тамағын тартып жеген соң түсі де уақыт өткен сайын өзгере бастапты. Сөйтіп, күннен-күнге құдірейіп, өртүрлі гүлдің нәрін сорған соң қызыл-жасыл, сары-көк – өлем-жәлем түске еніп, адам танымастай болып өзгеріпти.

Ақыры қиянатшыл гүлдің бұл зорлығына төзе алмаған барша гүл атаулы өзара уағдаласып, оған білдірмей, бір түн ішінде басқа жаққа қоныс аударып, көшіп кетіпти. Жалғыз өзі жүртта қалған ақ гүлдің жағдайы нашарлап, азып-тоза бастапты. Өзгеге масыл болып үйреніп қалған ол өз бетімен тіршілік ете алмайтын халге жетіп, күнкөрісі қыындей береді. Өзінің қателігіне өкініп, бармағын шайнағанмен, бәрі де кеш еді.

Мұны көріп, бейшара гүлге аяушылық еткен мейірімді Күн-Ана оны көк жүзіне – Аспан өлеміне алдыртып, қамқорлығына алады.

Аунап айлар, жылжып жылдар өтеді. Жер-мекенінен ажырап, жетімсіреген қиқар гүл бұрынғы достарын, құрбыларын аңсап, сағынады. Өзінің бұрынғы істеген істеріне

қатты өкінеді. Бірақ кері қайтуға жол жоқ, ол мүмкін емес те еді. Әйтсе де, гүл Құн-Анаға өтініш жасайды.

Мейірімді Құн-Ана тағы да кеңшілік жасап, Жерді шалғайдан – сонау Қек жүзінен ғана көруге мүмкіндік береді. Гүлдің әлем-жәлем түсін пайдаланып, оны Қемпірқосақ етіп қайта жаратады.

Жаңбыр жауғаннан кейін жер бетіндегі гүл атаулы мен өсімдік біткен құлпырып, алуан түрлі сұлу кейіпке түскен уақытта Қемпірқосақ-гүл аспан төріне шығып, жайқала құлпырған өзінің бұрынғы өскен ортасына қызыға қарап аз уақыт тұрады екен. Бірақ шырқау биік Қектен қанша сүзіліп қараса да, іштегі сағыныш өрті басылмайды. Сондайда ол көзінің жасына ие бола алмай, төгіп-төгіп алады екен. Осы көз жасы жаңбыр боп сіркірей жауған кезде Жер бетіндегі



барша өсімдік пен гүл атаулы да оған жауап қатып, сөлем жолдағандай түрлене құлпырып, жалт-жұлт етіп, жайнаң кетеді.

Кемпірқосақ-гүл де алуан түске еніп, көңілі жай тауып, сағынышын басқандай болады. Осылайша ол кейде қас қарайып, күн батқанша Жер-Анадан көз жазбай, ұзақ уақыт қарап тұратын болыпты.

1986 жыл, 30 наурыз.

## АЙЛАҚЕР АҢШЫ

**Б**аяғыда бір асқар таудың етегіндегі шағын ғана ауылда Баран есімді көнігі мерген аңшы өмір сүріпті. Атқан оғы мұлт кетпейтін аңшы өзі тұратын ауылды аулаған андарының етімен асырап-бағыпты.

Бір күні мерген аң аулап жүріп, шың басындағы таутекені көзі шалады. Оған жақынырақ келіп, оқ жететін жерге барып, олжа қылу үшін «Аң ұзап кетпесін» деп баспалап, асыға басып келе жатқанда кенет аяғы тайып кетеді де, тастан-тасқа соғып, тәмен қарай домалай жөнеледі. Таудан құлап келе жатып, жандәрменгүн жанталасып жүріп, зорға дегенде сол қолы бір түп қынаға ілігіп, аман қалады.

Енді қозғалып, орнынан тұрайын десе, аяқ-қолы қақсан қоя береді. Сөйтсе, аңшының тобығы мен оң қолы шығып кеткен екен. Мұнымен қайда бармақ? Аңшы ауыр күрсініп, қайғыға батып, қатты құса болады.

Осылайша ол ұзақ уақыт жатады.

Бір уақыттар болғанда суылдаған алып қанат даусын естиді,

шаңқылдаған құс үні құлағына келеді. Басын көтеріп қараса, бір нән самұрық құс қаһарлана сөйлеп тұр екен:

- Ей, адамзат! - дейді ол. - Мениң мынау ұлангайыр патшалығыма көптен бері тыныштық бермей, қол сұғып жүр едің. Ақыры қолыма түстің бе?! Енді сазайыңды тартатын кез де келді. Қазір мен сенің жаныңды алам!

Тобығы шығып, аяғын баса алмай, қолымен жер тіреп,



көтеріле алмай жатқан аңшы байғұста не қауқар болсын?! Мылтығымен басып салайын десе, қозғалатын дәрмені жоқ. Амалы құрыған ол алып құсқа жалына бастайды. Артында қалған шиеттей бала-шагасы мен ел-жұртын айтып, жылап-еңірейді. Бірақ сезімсіз самұрық селт етпейді.

- Жарайды, маган мейірімің оянбады ғой. Ақыры өлтіруге

бел буган екенсің, - дейді Баран. - Олай болса, мені мынау шың-құз, тау-тастардан аулақ, ел көретіндей, ертеңгі күні сүйегімді тауып алыш, ақ жуып, арулап жерлейтіндей жерге апарып, өлтір! Жан аяғы баспайтын тау-тастың арасында көмусіз қалмайын.

Самұрық бұл тілегін орындауға келіседі. Ол алыш қанатына аңшыны мінгізіп алады да, ұша жөнеледі. Құстың қанат қағысынан көз аштырмас зор дауыл тұрып, жер-дүниені дүлей жел суырып өкетеді. Олар осылай ұша-ұша, қайнап жатырған бір ып-ыстық көлге тап болады.

- Ал, аңшым, - дейді самұрық. - Өлер жерің осы. Иманыңды оқи бер!

Аңшы тағы да жалынып-жалбарынады, көз жасы көл болады.

- Жарайды, сөл де болса ұзағырақ өмір сүргің келген екен, - дейді алыш құс сонда күндей құркіреп. - Бәрібір түбінде өлесің! «Тірі қаламын» деп ойлама!

Сонда аңшы самұрыққа:

- Ақырғы тілегімді орындашы. О дүниеге он екі мүшем сау барайын, шығып кеткен тобығым мен қолымды салыш берші, - деп өтініш жасайды.

Самұрық келісіп, шығып кеткен оң қолы мен тобығын салыш береді. «Жауды аяған – жаралы» дегендей, алыш құстың аңқаулық танытып, оңбай алданған жері осы еді.

Осылайша олар ұша-ұша, бір шағын ауылға кез болады. Бұл – Бааранның ауылы еді. Баран алыш құсқа:

- Міне, мен соңғы рет өзімнің туып-өскен ауылымды көріп тұрмын. Енді өлтірсең де, өзің біл. Арманым жоқ! - дейді.

- Мен сені жерге жетіп, қонған соң дененді паршалап, тұтіп, шоқып жеймін. Иманыңды үйіре бер! - дейді самұрық.

Бірақ бұл – оның жарық дүниедегі айтқан соңғы сөзі еді.

Баран болса, қолы мен тобығы салынған соң баяғы сау қалпына түскен болатын. Мылтығын құстың көк желкесіне тосып, дайындалып отырады. Самұрық төмендеп-төмендеп келіп, жерге қонуға екі-үш қадам қалғанда ол мылтығымен алып құсты атып өлтіреді де, жерге топ ете түседі.

Сөйтіп, бір ажалдан аман қалған айлакер аңшы асықпай аяңдап, ауылына жетеді.

1986 жыл, 21 қыркүйек.



# ЖАЛҚАУДЫҢ ЖАЗАСЫ

Баяғыда бір жалқау болыпты. Өзі асқан үйқышыл болса керек. Ертеден қара кешке дейін әке-шешесі әкеліп аузына тосқан асты ішіп алыш, қорылдаپ үйқыны соғып жата береді екен. Әке-шешесі де бетінен қақпай, ерке етіп өсіреді.

Сол жалқау ақыры өз түбіне өзі жетіпті. «Ол қалай?» дейсіздер ғой. Оқиға былай болған екен.

Бір күні жалқаудың әке-шешесі әлдебір алыс жаққа қыдырып баратын болады. Баласын ертіп барайын десе, жалқау сонша жерге бару үшін орнынан тұруды, одан әрі қызылмай боп жүруді қынсынады да, әке-шешесі қанша айтса да, қасарысып жатып алады. Ақыры сөзін өткізе алмай, әбден ығыр болған ата-анасы қолды бір сілтеп, кетіп қалады.

Бір заманда жалқау бала көзін тырнап ашады да, орнынан тұруға ескі әдеті қайта ұстап, ерінеді. Жатып алыш, әке-шешесін шақырады. Бірақ ол қанша шақырса да, ата-анасынан жауап болмайды. Ақыры айқайлай-айқайлай даусы қарлықкан жалқау өмірінде тұңғыш рет өз бетінше өрекет жасайды. Сөйтіп, ол орнынан тұрмақшы болады.


Мәссаған!

Мына ғажапты қараңыз! Бәленбай жылдар бойы ішкен ас пен тәтті үйқы, жұмыссыз, қимылсыз жатқан қаншама уақыт жалқауға өз дегенін істепті. Оның денесі өте ауыр, зілдей болып, ал қол-аяқтарының күші жоқ – бүкіл денесін түгел май басып кеткен. Бейшара жалқау өз денесін өзі көтере алмайтын дәрежеге жетіпті. Оның тіпті тырнағына дейін май басып кеткен екен.

Қарны ашып, қатты шөлдеген жалқаудың қаншама сағат бойы қақсан жылағандагы көз жасы теңізге айналыш, күрсінген демінен теңіз бетінде дауыл тұрыпты да, кержалқау,

қырсық бала сол дауылдың қақпақылында жалғыз жаңқаға  
үқсап ағып кете барыпты.

1985 жыл, 29 наурыз - 1986 жыл, 19 наурыз.



# ЖЫЛ МЕЗГІЛЕРІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БӨЛДЫ?

Ерте-ерте, ертеде,  
Сесте жоқ ескі за-  
мандарда тұңғызық та  
шексіз өлемді қаһарлы  
да қатал әмірші Аспан-  
Ата мен мейірімді де  
мейірлі Күн-Ана билеп,  
жер мен көкке бірдей  
қожалық етеді еken.  
Екеуінің іс-әрекеті мен  
мінез-құлқы бір-біріне  
керегар болса да, жер  
жүзін, көк өлемін екеуі  
де қатар басқарады. Бі-  
рақ шапағаты мол Күн-  
Ана мен шатақ мінезді  
Аспан-Атаның ой-пікір-  
лері өрдайым бір жерден  
шыға бермей, жиі-жиі  
керісіп қалады еken.

Бірде Аспан-Ата мен Күн-Ана ақылдасып, екеуі өлемді  
қатар билемей, бірінен соң бірі кезекпен билеп-төстемекші  
болып келіседі. Бұл ұсынысты өуелі айтқан – Күн-Ана еді. Ол  
осы ойын қатал әміршіге айтқанда, Аспан-Ата қабағынан қар  
жауып, ұзақ ойланыпты. Ақыры ол ұзақ дау-дамайдан кейін  
жер жүзін кезекпен билеуді мақұлдалап, келісімін береді.

Сөйтіп, екеуі осылай үйғарған соң өуелгі кезек Аспан-Атаға



тиіпті. Аспан-Ата өзіне берілген үш ай уақытта жер бетіне бар қаһары мен көрін төгіп бағыпты. Оның ысқырған демінен жер бетінде көз аштырмас алай-дүлей боран болып, тұнжыраған қабағынан қара жерге қалың-қалың қар жауышты. Адамдар бұл кезді «Қыс» деп атапты.

Келесі кезек Құн-Ананың тізгініне тиеді. Құн-Ана болса, мейірімі мен шуағын аямай төгіп, жер бетін қуанышқа бөлдейді. Оның нәзік сөулесі мен мейірлі шуағы қыс бойғы қар мен мұз бол қатып жатқан қабаттарды қайтадан ерітіп, бұлақ етіп ағызады. Алтын күннің арайынан жер беті үш ай бойғы денесін құрсап жатқан ызғар мен қардан арылып, бойы бусанып, жіпсиді. Бұл кез «Қөктем» деп аталыпты. Енді Құн-Ана өзіне тиесілі қалған үш айында жерге арай-шұғыласын аямай, ұстемелете төгіп, жалын лебін жадырай себеді. Істық леп пен жалын атаптан қатып жатқан қара тас та балқып, жер беті армансыз маужырап, тынығады еken. Әрбір таң рауандап атып, жарқырап күн шығып, жадырап жан күліп, мәре-сәре, мәз-мейрам шақ үш айға созылады. Адамдар мұны «Жаз» деп атапты.

Енді қайтадан Аспан-Атаға кезек тиеді. Ол қатарынан келген Қөктем, Жаз бойы Құн-Ананың қылған ісіне қатты булығып, ыздан жарылардай боп жүрген. Үш ай бойы ол жер бетін сұтып, қара сұық жел тұрғызып, ызғарлы да лайсаң мезгіл орнатады. Қек жүзіндегі қорғасындаі бұлтардан ауыр-ауыр, ірі-ірі тамшылар тамызып, жауын жаудырады. Алты ай бойы алпыс екі тамыры иіп, барлық буын-буындары босап, жіпсіп жатқан Жер, өрине, бірден сұып сала бермейді. Бірте-бірте бойы мұздап, қайтадан қатая бастайды. Бұл кез «Құз» деп аталады.

Келе-келе қатты ашуланып, қаһарына мінген Аспан-Ата тағы да қар жаудырып, қара дауыл тұрғызады еken. Желтоқ-

санның қара сұығы «Қаңтардың күні – қарға адым» делінетін қаңтардың қақаған бораны мен қазақтар «Үт, жақсы болса – құт, жаман болса – жұт» деп айтатын ақпанның ақырған аязына жалғасады. Осылайша найзагайлы жаңбырлы, ызырық сұық желді Құз мезгілінің арты қайтадан Қысқа ұласады екен.

Осы жағдай тағы да қайталанып, жыл сайын айналып келе береді.

Сөйтіп, өр жылда ҚЫС, КӨКТЕМ, ЖАЗ, КҰЗ деген төрт мезгіл пайда болыпты.

1987 жыл,  
23 наурыз.



# ӘҢГІМЕЛЕР



# АШЫҚ

**Б**иыл Ашық мектепке барды. Мектеп табалдырығын енді толқи, жүрексіне ашқан. Әжесі екі ай бұрын асты-үстіне түсіп, жұнттай қып киіндіріп, оқу құралдарын әкеп беріп, бәйек болған. Кейуана: «Жалғызымыңың есейгені ғой бұл. Е-е, Құдайдың бұл бергеніне де мың да бір шүкір!» - деп, жұбаныш ететін.

Арада екі-үш күн өткенде, күтпеген жерден болған оқиға бірқалыпты класс тіршілігін бұзып жіберді. Алғашында бір-біріне тосырқай қарап, тоң-торыс жүрген әр үйдің еркесі бірер күннен соң үйлесіп, үйренісіп келе жатқан. Бәрін бұлдірген арықша келген пысық қара болды.

- Танысалық, - деп ойнақылана, көзі күлімдеп келген арық қараны бұл өуел бастан-ақ ұнатпаған. - Менің атым – Саржан.

Тумысынан түйік бұл Саржанның пысықсынганын жақтырмай:

- Ашық, - деп естілер-естілмес үнмен күңк ете қалды.

- А-а-а? - деді жаңылыс естіген анау. - Қа-а-лай? Са-а-сық?!  
Ха-ха-ха...

Бұлардың әңгімесін сырттай бақылап тұрған балалар да оған ілесіп, ду құлді. Ашықтың бойын ыза буып:

- Ашық! Аш-ы-ық! - деп булыға айқайладап, өзін мазақ еткен арық қарага тұра ұмтылды. Күтпеген жерден тәбелес басталып кетті.

Терезеден тыстағы шәкірттерінің шүйіркелесіп әңгімелесіп жатқанына сүйсіне қарап тұрған класс жетекшісі Назым апай не болғанын түсініп те ұлгермesten, сыртқа ұмтылды...

...Мән-жайды түсінген соң, мұғалима Ашықты жұбатып, Саржанға ренжи отырып, достық туралы, тәбелеспен туралы

көп-көп өңгіме айтты. Өрдайым балалардың бір-біріне дос, жолдас болуы керек екенін ескертті...


...Сағына күтіп отырган өжесінің алдына мектептен келген немересі өкіре құлады. Шошып кеткен өжесі Ашықты жұбатып, не болғанын сұрап, жаны қалмай қалбалаштап, бәйек болып жатыр.

Ашық танауды пырсылдаپ отырып, болған оқиғаны бастан-аяқ баяндап берді. Мұғалиманың ара түскенін, бірақ Саржанның содан кейін де «Ашық-Сасық» деп күліп, мазақтап тілін шығарғанын – бәрі-бәрін айтты.

Өжесі өлі де болса өксігін баса алмай отырган немересін басынан сипап, алдына алып отырып, өрең жұбатты. Сонан соң жайлап отырып, баяу дауыспен бір өңгіме бастады:

### - Атыңды «АШЫҚ»

деп жарықтық марқұм атаң қойып еді. «Әрқашан ашық-жарқын болып, күліп-ойнап жүрсін» деген. Өзі сені өте жақсы көретін. Мұның тағы да бір сырғы бар, балам. АШЫҚ – осынау шат-шадыман, бақытты заман орнамай түрғанда қазақ



халқының өнер-білім, ғылым жүлдзыздары болған талантты аталарыңың бас өріптерінен құралған есім. Өрбір өріптің астарында жасырынған сыр бар.

А – Абай, Ш – Шоқан, Ы – Ыбырай, Қ – Құрманғазы аталарыңың есімдерінің бас өрпі. Абай – қазақтың ұлы ақыны, данышпан ойшыл адам, Шоқан – ғұлама ғалым, Ыбырай – ағартушы, ұстаз, Құрманғазы – күй атасы, бармағынан бал тамған өнер иесі болған. Міне, солай, балам!..

Немересі өлгіндегі ашуын да ұмытып, аузын ашып, ұйып тыңдалап қалыпты. Әжесінің осыншалықты көп білетіндігіне таңғалып отыр.

...Ертесіне Ашық мақтаныштан екі беті бал-бұл жанып, өз есімінің құпия сырын балаларға жария етіп тұрды. Ал оның атын келеке қылам деп, оңбай қателескенін түсінген оспадар Саржан бұқпантайлап, топ ішінен сыйылыш шыға берді...

1985 жыл, ақпан.

## «ӘТІРІК ӨРГЕ БАСПАЙЫ»

Уса бүгін де сабаққа әдеттегідей дайындықсыз келді.

...Екі-үш аптадан бері ол сабак оқуға құлқы болмай, әбден енжар тартып, жалқауланып алған. Мұғалім сабақты неге оқымаған себебін сұраса, «Кітабымның тапсырма берілген беті жоқ», - деп ақталады.

Күнде осы. Исаға – рахат! Енді бұрынғыдай «Сабақ, сабақ» деп, ұзақ уақыт үйкүшік болып, үйде қамалып отырмайды. Са-

бақтан келе сала, сөмкесін босағаға атып ұрып, далаға шығады да, құмары қанғанша ойнайды. Қешке әбден сілесі қатып, шаршап келеді де, тамағын шала-пұла ішіп, кей кездері оған да мүршасы келмей, басы жастыққа тиісімен, қор ете түседі...

Бүгін бірінші сабак геометрия еді. Бұл екі өкпесін қолына алдып, ентігіп жеткенмен, ішке кіруге қоңырау соғылып кетіп-ті, кешігіп қалды. (Соңғы кезде мұны да әдетке айналдыған). Жасқаншақтап есікті тықылдатты. Іштен «Кіріңіз!» деген дауыс естілді. Кірді. Жомарт ағай балаларды түгендер болып, үй тапсырмасын сұрап бастап жатыр екен.

- Рұқсат па екен?! - деді Иса есіктен басын қылтитып.

Мұны көрді де, мұғалім қабағын шытынып қалды. Басқа мұғалімдер секілді Исаға мұның да ықыласы суи бастаған еді. Әйтсе де:

- Рұқсат. Отыр, Нұржанов! - деді таусыла.

Бұл орнына барып, класс тыныштығын бұза салдырлатып, оқу құралдарын шығара бастады. Жомарт ағай бірінші партада отырған Қуанды түрғызып, үйге не тапсырма берілгенін сұрады.

- «Тік бұрышты үшбұрыш» тақырыбы. 28-ші есеп, - деді ол тақ-тақ етіп.

«Қарай гөр пысығын!» деп ойлады іштей Иса. Қуанмен талай жарысып оқып, шаңын көрсетпей кететін. Енді, міне! Қызғаныш өрті ішін жалап өтті.

- Жарайсың! Отыр... Ал, қане, кім сабаққа дайындалып келді? - деді ағай класты көзімен бір шолып өтіп.

Әр жер-әр жерден жапатармағай озат оқитындардың қолдары жарыса көтеріліп жатты.

- Дүйсекенов, Үбираев, неге бұғып отырсыңдар?! Қане, қане... кім айтады?! Ал Нұржановты тыңдаң көрейік. Нұржанов, тік бұрышты үшбұрыш дегеніміз не?!

- ?!.

- Нұржанов?!

- ?!.

Исада үн жоқ. Сүйретіліп орнынан тұрып, сүмірейіп тақтага шыққан күйі, мөлиіп үнсіз тұр.

- Бүгін тағы да ма?! Сабаққа неге дайындалмадың?

- Кітабымның беті жоқ, жыртылып қалған, ағай, - деді Иса екі-үш аптадан бергі сүйікті жауабын қайталап.

- Сенің барлық оқулығыңың беттерін жұлып алып, саған мұқабасын ғана қалдырган қай тентек екен? - деді ағай мыс-кылдай қарап.

- Қайдан білейін?! - деді Иса өтірік аңқаусып.

- Жоқ, білесің! - Ұстаз шыдамы шарт сынды. - «Кітабымның беті жоқ» дейсің, ә, Нұржанов?! Кітабыңың беті жоқ емес, сол кітаптың әр бетін қағаз кемірген тышқандай күнде жұлып лақтырып жүрген сенде бет жоқ!



Исаның екі беті ду ете қалды. Бүкіл класс мұны жек көріп қарап отыргандай, жүзі шымырлап, жерге кіріп барады.

- А?.. Ә?.. Не...ме...не?.. - деді ол тұтыға...

...Осы күннен соң балалар оны «Суайт», «Жалқау» атап кетті. «Жеңілді қыынсынсаң, ауырға тап боларсың» дегендей, енді Исаға өзі оқымаған кезде бағдарламадан қалып қойғаны бар, қынданап кеткен сабақпен бірге осы «атақты» да қоса арқалап жүруге тура келді.

1986 жыл, 8 наурыз.

## ЕҢ БАҒАЛЫ

Інісі Мәлік Өшірge жақындаған мамасы дүкеннен сатып әкелген ойыншық автомат пен кілтін бұраса зымырай жөнелетін жеңіл машинаны ойнатпақ түгілі, қолына да ұстаптай қойды.

Өшір биыл үшінші класта оқып жүр. Әйтсе де, осындағы керемет ойыншықтармен ойнауды өлі де жақсы көреді. Өсіресе ойыншық автоматтың тырылдаған даусы мен інісінің мұның көзін қызықтыра түскісі келгендей, кілтін бұраса зырлай жөнелетін қызыл машинаны қайта-қайта тұмсығының астынан зуылдатуы жүйкесіне тиіп-ақ бітті. Ол інісінен ойыншықтарды тартып алғысы келіп, күшке сала бастаса, әкесі де, анасы да Мәлікті жақтап шыға келеді: «Сен – үлкенсің! Ал Мәлік өлі кішкентай. Сол ойнасын!». Өшірдің осы үлкен болғысы келмейді-ақ. Қит етсе болды, еститіні – осы: «Сен – үлкенсің!». Әбден ығыр болып бітті. Ал Мәлік жалынса да, қорқытса да, ойыншықпен ойнатпақ түгілі, безектеп, маңына да жолатпайды.



Не істеу керек?

Екі күн бойы ойланып жүріп, Өшір ақыры бір амалын тапты. Енді сол ойын жүзеге асыруға кірісті. Оқулықтың орта тұсындағы беттерінің бірінен қазактың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының суретін өдемілеп қиып алды да, інісіне көрсетіп, мақтана бастады:

- Мәлік, сенде мынадай тамаша сурет бар шығар?!

- Өй, ондай шалдың суреті не керек? Есесіне менде автомат пен машина бар, - деді інісі де беріспей.

«Қараши қасарысыны!».

- Бірақ сол ойыншықтарың мына суреттің тырнағына да тұрмайды.

- Қалайша? - деп ақырып қалды інісі.

- Иә, солай. Мұғалима апай өткенде солай деді. - Мәліктің елең ете қалғанын сезген Өшір өз сөзіне өзі елтіп, тақта алдында сабак айтып тұргандай үсті-үстіне бастырмалатып сөйлеп кетті. - «Бұл суретте өмір бойы теңсіздік пен өділетсіздікке қарсы құрескен ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының жарқын бейнесі бар. Абай аталарың – халқымыздың бақытты өмір сүруін аңсан өткен қазактың бас ақыны. Сондықтан да бұл сурет – ең қымбатты, ең бағалы нәрсе» деп айтты Роза апай...

Інісі еліге, елти тыңдал қалыпты. Ол «Мұғалім айтты» десе, қатты сенетін. Мұғалімнің сөзі оған әрдайым өділ, шын болып көрінетін. Өшір көздеген оғының нысананаға дәл тигенін сезді.

- Қойшы-ей, рас па?! Әшір, сен онда мұны маған берші, а?!

Мен саған автоматымды беремін.

- Иә деген! Бұл – өте қымбат нәрсе. Оны ойыншық автоматпен бағалауға болмайды, - деп бұлданды Әшір, дәп бір базарда айырбас жасағалы тұрган саудагердей кергіп.

- Мен саған автоматқа қоса машинамды да беремін!

Інісі жалына бастады. Әшірге де керегі осы болатын. Әйтсе де, бірден қолқ ете түспей, өрі-бері жалындырды. Әлден уақытта барып:

- Түү, қоймадың ғой тіпті, - деді өтірік қиналған түр көрсетіп.  
- Жарайды енді, келістім. Ала ғой.

Інісі мәз болып, суретті алған бойда өкесі мен анасына көрсетіп, оның ең бағалы нәрсе екенін мақтаныш ете айтып жатты. Ата-анасы да мейірлене басынан сипап: «Соны біліп жүрген ақылыңнан айналайын!» - деп, Мәліктің ойын қуана құптады...

Ал Әшір сол күні автоматпен де, машинамен де құмарынан шыққанша ойнады. Әйтсе де, ол оқулықты жыртып, обалына қалғаны өз алдына, шын мәнінде ең қымбатты да, ең бағалы нәрсесінен айрылғанын сезбеп еді.

1986 жыл, 3 сәуір.

## ХАТ

**A**манжолдың хат жазуга құлқы жоқ-ты. Қаладағы апасына, алыстағы достарына, туысқандарына хатты өте сирек жазатын. Кейде еріншектігі ұстап, кейде ойыннан бас алмай, кейде тіпті шынымен қолы тимей, көптеген хаттар

жауапсыз қала беретін. Олардың бәріне жауап жазып, оны апарып почтаға салып жіберу – Аманжол үшін азап еді.

...Бірде қысқы каникул кезінде өжесі екеуі қаладағы апасы мен көкесінің үйіне қыдырып барды. Қептен көріспеген олар мәре-сәре бол қалды. Қаланың көрікті жерлерін аралап, суретке түсіп, тәтті балмұздак, төуір көмпіт жеумен жүріп, уақыттың қалай өткенін де сезбей қалды. Қуанышы мен қызығы мол жарқын күндер көзді ашып-жұмғанша өте шығып, бұлардың келгеніне он күн болды. Өжесі: «Қайтамыз», - деп жинала бастады. Апасы мен көкесі бұлардың жүктегерін көтеріп, вокзалға келді. Көкесі жеке купеге билет алды.



Міне, жолаушылар поезы да келіп тоқтады. Апасы кеше Аманжолға:

- Балам, неге хат жазбайсың? Қолың тимейді емес, көбіне боссың гой. Өріп танисың. Ең болмаса, елге барғасын, аманесендіктерінді білдіріп хат жазсаңшы. Сендерден хат-хабар күтіп, сағынып-сарғайып отырамыз гой, - деп ренішін білдірген.

Вокзал басында да :

- Үзбей хат жазып тұр! Өжеңнің денсаулығын, хал-ахуалдарыңды білдіріп отыр, - деп қайта-қайта айта берді. Қысқасы, хат жазып тұруды қатаң тапсырды.

Поезд үстінде де Аманжолдың көңілінен хат төңірегіндегі ойлар шықпады. Күпе терезесінен далаға көз тастады. Он күн бойына жанына шуақ құйып, жақсы өсерлерге бөлеген қала маңындағы елді мекендердің көріністері көз алдында сырғып қалып жатыр. Ауылға барғасын, келу қуанышымен, қала базарлықтарын жолдастарына үлестіріп, қала қызықтарын тамсана айтумен, қаладан өкелген ойыншықтармен ойнаумен дамыл таппасы белгілі. Сонда хат жазуға уақытты қайдан табады? Ал апасы болса: «Барған бойда хат жаз», - дейді.

Аманжол күрсінді.

Енді қайтпек керек? Ол осылай өрі-сәрі боп отырғанда басына бір ой сап ете қалды. «Қазір ше?! Қазір қолым бос қой». Өжесі үйықтап жатыр. Бұл болса, көңіл алдарқатар ермек таба алмай отыр. Егер осы бос уақытында хат жазып тастаса, қандай тамаша болар еді!

Тосын шешімнен бір үлкен істің басын қайыргандай Аманжол өзіне-өзі риза болды. Тез арада сөмкесінен қалам-қағазын шығарды да, ак парактың бетіне айбақ-сайбақ әріптермен жаза бастады.

Поезд апасы мен көкесі тұратын қаладан шыққанына

бар-жогы екі-ақ сағаттай уақыт болды. Ал Аманжол болса, шүқшиып, ақ қағаз бетіне «Сәламатсыздар ма, Апа, Қеке?! Денсаулықтарыңыз қалай? Хал-жағдайларыңыз жақсы ма?! Өздеріңізді өте сағынып кеттім» деп, «аңсау мен сағынышқа толы» хатын бастап жатты...

1986 жыл, 26 шіле.

## АДАЛДЫҚ НЕМЕСЕ КІНӘЛІ КІМ?!

**С**абак үсті. Математика пәнінен бақылау жұмысы жүріп жатыр. Балалардың бәрі де шүқшиып, ақ қағаз бетіне төне түскен.

Ораз берілген төрт есептің үшеуін шығарып болып, төртіншісіне кіріскелі жатқан. Өлдекім бүйірінен түртіп қалғаны. Жалт қарады. Жақан екен. Мұның артында отыратын тентектеу, сотанақ бала. Сабак үлгерімі өте нашар. Ылғи да сабак үстінде тыныш отырмай, мұғалімнен жиі ескеरту алады.

- Бірінші есепті шығардың ба? - деді ол бұған еңкейе сыйырлап. - Шығарып болсаң...

- Мейрамов! - деген мұғалімнің даусы оның сөзін бөліп жіберді. - Артында не бар? Бері қарап, тыныш отыр!

Ораздың екі беті ду ете қалды да, қайтадан тіктеліп отырды. Жақанның кесірінен ойламаған жерден ескерту алып, сөз естіп қалғанын қарашы! Мұғалім де басқа балаларға назар аударып, класс ішін көзімен шола бастаған.

Осы кезде есебіне енді кірісіп жатқан Ораздың алдына төрт

бүктелген ақ қағаз топ ете қалды. Қасында отыратын Қамар деген қара қызы бұған жалт қарады. Ораз шапшаң қымылдап, қағазды оң алақанымен баса қойды. Не болғанын түсінбей қалған Қамар қайтадан дәптеріне шүқшиды. Осы сөтте Ораз оған білдірмей, қағаздың бүктеуін жазып, оқи бастады: «Ораз! 1-есептің жауабын жазып, маган лақтыра сал! Жақан.» делініпті дөрекі тілмен айбақ-сайбақ етіп, шимайлап жаза салған шағын «хатта». Ораз қағаздың екінші бетіне: «Жақан! Көшіру деген – ұят іс.

Әрі ағай бірден біліп қалады. Ораз.» деп жазды да, артқы партага тастай салды.

- Мейрамов, неғе қозғалақтап кеттің?! Басқаларға кесірінді тигізбе! Тыныштықты сақта!

- деген екінші ескерту алды мұгалімнен осы сөт...

Сөлден соң қоңырау соғылып, оқушылар тысқа шықты. Мектеп бағының ішіндеғі орындықта таза ауа жұтып,



тынығып отырған Ораздың жанына Жақан жетіп келді де, дүрсө қоя берді:

- «Білгішпін» деп мақтанба! Есебінді көрсетуге қызғандың той! Сені де «жолдас» деп!.. Қөрерміз өлі! Қызғаншақ! - деп балғамен соққандай ауыр-ауыр сөздер айтқан ол жұдырығын түйіп, доқ көрсетті де, кілт бұрылып жүре берді.

Ораз аң-таң.

«Апырау, менің не кінөм бар?! Осының кесірінен мұғалімнен екі рет ескерту алдым емес пе?! Сонымен хат жазысад деп отырып, төртінші есепті де толық шығарып үлгере алмадым. Ол аздай, мені сөккені несі?!.»

Содан бері Жақан оны көпшіліктің көзінше «Қызғаншақ» деп мазақтай беретін болды...

Шынымен де бұл жерде Ораз айыпты ма, өлде оны ұятқа қалдырғаны аздай, орынсыз сөккен Жақан ба? Айтындаршы, балалар, кім кінәлі?!

1986 жыл, 20 қыркүйек.

## КІТАП

**K**ласс іші у-шу. Дуылдаған, дауыс көтеріп, салғыласқан үндерден құлақ тұнады. Балалар балық үлестіріп жатқаннан бетер класты басына көтеріп, у-шу болып жатыр.

- Охо, мына «Қазақстан тарихы» су жаңа той!
- Тоқта, бұл – менікі! Өлгінде бір шетке қойып кеткем.
- Жоқ, мен бірінші алдым, менікі! Керек болса, бір жерге тығып кетпейсің бе?!
- Жібер деймін! Жыртасың кітапты...



- Түү, мына «Қазақ өдебиетін» қарашы!
- Обал-ай, түте-түтесін шығарыпты.
- Неткен есерсоқ еді!
- Иә, десеңші!
- Е, несі бар, ол – өзінікі емес, үкіметтікі ғой. Оның несі кетеді?!
- Пан деген, жаны аши қалыпты ғой!
- Бөлменің бұрыш-бұрышынан неше түрлі дауыстар, сан қи-

лы пікірлер, дау-дамайлар естіледі. Бүгін – бірінші қыркүйек, оқу жылъының алғашқы күні. Оқушылар биылғы жыл бойы оқитын кітаптарын алып жатыр. Әрқайсысы да әдемісін, су жаңасын таңдал, ірікте алғысы келеді.

Кластың қақ ортасындағы ашаң жұзді, аққұба оқушы мен ірі денелі, қатар-құрбыларына қарағанда кесектеу, мығымдау келген қараторы өнді баланың тартысқан, жүлқысқан дауыстары өзгелерден басымдау, ащылау шығады:

- Жібер деймін жаныңың барында!

Бұл – кесек қараның дөңайбаты.

- Бұл – менің кітабым. Мен бұрын алдым.

Аққұбасы да берісер емес.

- Бұрын алсаң, қайтейін?! Мен тауып алғанда, иесі жоқ болатын.

- Сен ана өзге, бұрын үсталғандарынан алсаңшы.

- Пан деген! Жалғыз жаңа кітапты сен алсаң... Қарай гөр ақылдысын! Өзің ал ескісін! Өлдекімнің пайдаланып, шетшетін мүжіп, тоздырып тастаған кітабының маған қажеті жок!

- Әйтсе де, сенікі дұрыс емес!

Екеуі осылай тәжікелесіп тұрғанда, класс жетекшісі Ахмет ағай кіріп келді. Класс ішіндегі айқай-шу, талас-тартыс сап тылды. Әркім жүгіріп барып, өз орындарына отыра-отыра қалды.

Тек қана екі даукес ортасындағы оқулықты екі жақтан тістей қатып ұстаған күйі керілдесіп тұра берді. Ахмет ағай оларға таяп келіп, таластың мәнісін сұрады. Аққұба оқушы бар жағдайды баяндал берді. Қабагын түйіп алған мұғалім сүйк үнмен:

- Кітапты менің үстелімнің үстіне қойындар да, орындарыңа жайғасындар, - деді.

Әлгінде ғана екпінімен тау жығардай боп тұрған екеу бастарын салбыратып, ағайдың айтқанын сылбыр қалыпта,

үн-тұңсіз орындады. Осыдан соң барып, мұғалім барлық оқушыларға қарап тұрып былай деді:

- Оқулықты таратқанда әрқайсың-ақ пайдаланылмаған, су жаңасын алуға үмтүласындар. Осыдан барып ешкімге керегі жоқ, пайдасыз дау туады, шатақ басталады. Жоқ жерден бір-біріңің беттерінде жыртысып, ендігөрі көрместей боласындар. Мұның арты бір-біріңе еселерің кеткендей, орынсыз өштесуге үласады. Ал сонда тек қана бір-екі жыл пайдаланылған «ескі» кітаптар беттері, мұқабасы таза, тәртіпті ұсталса да, оларды «пайдалануға жарамсыз» деп есептеу керек пе? Жоқ, оқушылар! Оқулықтың ескісі болсын, жаңасы болсын, парақтары түгел, өзі бүтін болса, пайдалануға әбден болады. Тозбайтын қағаз болмайды. Қайта керісінше, уақыт табы өрнек салған, көп пайдаланылған кітаптар қадірлі. Ескісі не, жаңасы не – бәрібір, ішіндегі мазмұн-мағынасы, үйретер үлгі-өнегесі, берер тәлім-тәрбиесі, тағлымы бірдей.

Жаңа ғана салғыласып жатқан екі оқушы өздерінің ағат істеріне қысылғандай төмен қарады.

- Ал, мә, мына жаңа кітапты қайсың аласындар? Өзара келісіп, кішілік жасап, біріңе бірің беріндер! - деді ұстаз су жаңа «Қазақстан тарихы» оқулығын осы кітап үшін төбелесе жаздаған екеудің ортасына қойып.

Әлгінде ғана әкіреңдеп, жаға жыртысадай болып тұрган екеу бір-біріне көзінің астымен қарап, «Сен ала қой!», «Жоқ, сен ал!» дегендей, оқулықты қолдарымен кезекпе-кезек бір-біріне ысырды...

1986 жыл, 22 қазан.

# ҚОЛҒАБЫС

**М**ектептегі шағын кітапхана мектеп ішіндегі тар бөлмені тастап, өз алдына бөлек зәулім, жаңа ғимаратқа қоныс аударды. Кітапханашы Рақия апай оқушылар өкеліп, үйіп тастаған төрт мыңға жуық кітапты өз орнымен, рет-ретімен орналастыруға кірісті. Алайда жалғыз адамға бұл іс оңай болған жоқ. Оның үстіне кітапханаға ауданнан тағы да бірнеше бума жаңа кітаптар келіп, апайдың жұмысын қынданат түсті.

Осыны білген, мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене атсалысып жүретін 6-кластың старостасы Қерім Рақия апайға жаны ашып, қасындағы достары Сабыр, Жұман, Фаниларға айтып, апайға көмектесу туралы өз ойын білдірді. Өп дегеннен басын ала қашқан Сабыр болды:

- Өй, оның қажеті не?! Өз жұмысынды бітіре алмай жүріп... Қажет болса, өзі-ақ тындырады. Қарап жүрмей, басыма бөле тілеп, ненің соры?! - деп күңкілдей жөнелді ол.

Әр нәрсеге сенгіш, дос көңілін қимайтын Жұман көңілшектік жасап, қипақтап, оған ере жөнелуге ыңғайланған. Сабырга жауап бермек болып Қерім аузын ашқанша, қызба мінезді Фани киіп кетті:

- Немене, бір-екі сафатынды қыып, апайға қол ұшын бергенде, жаның шығып кете ме? Сен бар ғой... нағыз өз қара басынды күйттейтін... итсің! Нағыз кержалқаусың! - деді ол тұтігіп.

Қерім өлдене деп араға түспекші болғанда, досынан мұндай сөз күтпеген Сабыр өңі қуқылданып, әлемтапырақ болып, еріндері дір-дір етіп, Фаниға тұра ұмтылды. Оларды Жұман мен Қерім өзөр айырып алды...

Сонымен, сол күні сабақтан тараған соң Қерім, Фани, Жұман үшеуі мектептің кітапханасына келіп, апайға көмектеспекші болып келісті. Олар осы уәдесінде тұрды.

Үшеуі жамырай сөлем беріп, кітапханаға кіріп келгенде, Рақия апай бұларды қуана қарсы алды. Ұлken шабытпен, көтеріңкі көңіл-күймен келген олар ширақ қимылмен жұмысқа кірісіп кетті. Кішкентай балаларға арналған шағын да қызықты кітаптарды бір бөлек шкафқа, жоғары класс оқушыларына арналған кітаптарды басқа сөрелерге, классик жазушылардың шығармаларын өзге шкафқа талғаммен, қаз-қатар тізіп, қойып шықты. Әрбір кітапты қолға алған сайын бетіне қонған шаңын сұртіп, тазалап, бас-аяғы үш-төрт сағаттың ішінде жинастырып бітті.

Міне, олар да жұмысын аяқтады. Қөңілді, шаршауды білмес жарқын жүздері ұлken шаруа бітіргендей бал-бұл жанып, көздері құлім қағады. Рақия апай болса, үш оқушының үлгілі ісіне дән риза. Алғысын жаудырып жатыр:

- Рахмет, айналайындар! Өркендерің өссін! Бүгін көп іс тындырдындар! Қолғабыстарыңа көп рахмет! Аман болындар, әрдайым осындай жанашыр да іскер, үлгілі ұлан атанындар!..

Маңдай терінді төгіп жұмыс жасап, қатты шаршасаң да, еткен еңбегінді ұлкендер биік бағалап, ұстаз алғысын алу неткен ганибет, шіркін!..

1986 жыл, 2 желтоқсан.

## iZET

- Қап, енді қайттік?!
- Осында қона салсақ қайтеді?!
- Ертеңгі сабақтан қалып қоямыз ғой.
- Е, орын алып келе жатырмыз ғой. Бір жолға ұрыса қоймас.

Соңғы сөз – Мұраттікі. Сабаққа қатысқысы келмейді-ақ. Амал жоқ, мұғалімге ілесіп, балаларға қосылып, ауылға жететін көлік іздесіп келеді.

Бұлар – аудандық жарысқа келген төрт оқушы еді. Еркін күрестен өткен жарыста «Төрәлі» мектебінен келген төртеудің екеуі өз салмақтары бойынша екінші және үшінші орынға ие болды. Осы жарыстың қорытындысын естіміз деп «Төрәлі» мен аудан орталығына қатынайтын маршрутты автобустан да кешігіп, енді жолға шығып, машина іздең келе жатысы мынау. Осында әрқайсының-ақ қона тын үйлері бар – бірінің ағасы, бірінің апасы, енді бірінің жақын-жұығы дегендей. Қона салып, таңертеңгі автобуспен ауылға қайтуға да болады. Көнбей келе жатқан – мұғалім Мақан мен жарыста екінші орынды иемденген



Әріп қана. Сабактан қалып, босқа уақыт өлтіргенше, жол-жөнекей машина тауып, түнделетіп болса да үйге жету – мақсаттары. Қалған үшеуін қоярда-қоймай алып келе жатқан – осы екеуі.

Бұлар ауыл мен аудан орталығы арасындағы таспа жолда тұрганына біршама уақыт өткенде жарығы жарқырап бір жеңіл машина жақындай түсті. Ұстаз бен Әріп қатар қол көтерді. Қара жерді қарнымен сызған ақсүр «Волга» қатарына келгенде қалт тоқтай қалды.

Жағдайды айтып түсіндірген соң, шофер машинаға төрт адам ғана сыйтынын, артық адам мінгізе алмайтынын айтып, қынжылыс білдірді. Бұлар дағдарып қалды. Енді қайтті? Кім қалуы керек?! Манадан бері кежегесі кейін тартып келе жатқан Мұрат та мына машинадан қалғысы келер емес.

- Біреуің қалындар. Әйтпесе, болмайды, - деп нықтай түсті шофер. Мұғалімнің ертең төрт сабағы бар. Егер Мақан ағай қалса, ертең төрт бірдей класс сабақсыз бос жүретінін пайымдаپ үлгерген Әріп кенет шешімге келіп:

- Мен қалайын. Үйім де жақын. Ертең таңертенгі автобуспен барам гой. Бір-екі сабактан қалсам да, қалғанына қатысамын гой. Міне беріңдер, - деді ізетпен.

Мойындары салбырап, ұнжырғалары түсіп тұрган Асқар мен Аман да, Мұрат та қуанып кетті. Ұстаз қанша айтса да, Әріпті иліктіре алмады. Ақыры өзі мінуге мәжбүр болды.

Міне, «Волга» да зыр етіп, орнынан қозғалып кетті. Әріп артынан көзі боталап қарап қала берді. Шындығында, машина ішінде кетіп бара жатқан төртеудің ешқайсысы да дәл Әріптей ауылға қайтуға құштар емес еді.

1988 жыл, 18 науза.

## ҰЯЛЫ

Әнуар төртінші класқа көшкенде оқу құралдарын, тіпті кітаптарына дейін су жаңадан алған болатын. Өсіресе «Математиканы». Класта төрт-ақ балада жап-жаңа «Математика» оқулығы бар еді. Қалғандарынікі – бұрын ұсталған, есқі. Әнуардан өзгелері кітаптарының сыртын әдемілеп қапташып, үқыпты үстай бастады.


Ал Әнуар болса, жаңа кітаптарға жаңы ашымады. Кез келген бетіне жазу жазып, шимайлап, сызылап тастанады. «Математиканың» бір-екі параграфы жыртылып, кірленіп, ластанып та үлгерді. Өр бетінен «Әнуар Бименов» деген айбақ-сайбақ жазулар «менмұндалап» тұратын.

Жыл аяғында класс жетекшісі де, кітапханашы апай да Әнуарға қатты үрсып, жарымжан кітапты өзөр қабылдап алды.

...Арада үш жыл өтті. Тағы да бірінші қыркүйек. Әнуар биыл да кітаптарын жаңадан алды.

Түске таман биыл төртінші класқа көшкен қарындасы Жанар мұғалім берген оқулықтарын құшақтап, үйге кірді. Өңі сынық, жүзінде реніш бар.

- Құлымын-ау, біреу тиді ме саған? Не болды? - деп ма-засыздана үн қатты анасы.



Жыламсырап тұрған Жанаар еңіреп қоя берді де, әбден тозығы жетіп, сау-тамтығы қалмаған «Математиканы» Өнүарға қарай лақтырып жіберді.

Таныс «Математика»! Өнүардың екі беті ду ете қалды.

Анасы мән-жайды тез түсіне қойды. Өйткені, оқулықтың сыртында қиқа-жиқа әріптермен шимайлланған «Өнүар Би-менов» деген есім атойлад тұр еді...

1988 жыл, 6 қаркүйек.

## «БІРЛІК БӨЛМАЙ – ТІРЛІК БӨЛМАС»

**K**өктем.

Құн жексенбі.

Қайсар күрегін қолына алыш, аулаға шықты. Қеше кешкісін көкесі:

- Балам, бірнеше талшыбықтар өкелдім. Ертең қолың бос қой, ерінбей-жалықпай, еге салшы. Тым кешке қалса, тамырлары қурап, солып қалады, - деген.

Қайсар керенау басып, ауланың бұрышында үюлі жатқан шыбықтарға беттеді.

Кенет көзіне көрші аулада сылбыр қимылдан, жер шұқылап жатқан Жарқын түсті. Бұл екеудің бір класта оқитын. Ол да мұны көзі шалды.

- Не істеп жатырсың? - деп сұрады Қайсар сөлемдескен соң.

- Қөрмей тұрмысың?! Қеше папам тапсырған, - деп күрсінді Жарқын өз ауласындағы шыбықтарды қолымен нұсқап.

Екеуінің де жұмысы бірдей болғанына қуаныш кеткен Қайсар:

- Кел, өуелі біздің шыбықтарды отыргызайық. Сосын сіздің үйдікін егеміз, - деді жолдасын көмекке шақырып.

- Жоқ, сен мұнда кел! Екеулеп біздікін бітірген соң, сіздің шыбықтарды егеміз, - деді Жарқын келіспеген сыңай танытып.

Қайсар қолын бір сілтеді. Өз ауласына келіп, жер таңдал алды да, қаза бастады. Екеуі де жұмысқа кірісті. Жер мұндай қатты болар ма! Екі шұңқыр қазған соң, ентігіп, терлеп-тепшіп, шаршай бастады.

- Жарқын, мұнда кел! Бірге істейік. Сосын сіздікін жасаймыз, - деді Қайсар тағы да.

- Жоқ, өзің кел! Өуелі біздікін бітіреміз, - деген жауап естілді көрші ауладан...



Олар кешке дейін осылай сөзбен қажасып, бірін-бірі қайта-қайта келісімге шақырумен күнді батырды. Әбден діңкелері құрып, шаршады.

Бірақ талшыбықтарды тауыса алмады.

Ақыры екеуінің де жұмысы бітпей, үйге көңілсіз оралды.

- «Кеңесіп пішken тон – келте болmas». Кінә екеуіңнен де бар. Әлдеқашан істі бітіріп, бірге ойнауға да, бос уақыт табуға да болатын еді. Ал сендер пайдасы шамалы құр сөзбен ерте күнді кеш қылдыңдар. «Бірлік болмай – тірлік болмас» деген осы, - деді ата-аналары оларға.

1988 жыл, 18 желтоқсан.

## БАТПЫРДЫҚ, (әзіл-сықақ бұрышы)

**K**ымбатты балалар!

Өмірде нелер болмайды?! Әркімнің мінезі өртүрлі. Біздің арамызда бүгін айтқан сөзің бір күн өтпей жатып құлағынан ағып кететін, Құдай солай жаратқан ұмытшақтар мен костюмінің ілгегін қадаймын деп көйлегін қоса тігетін жаңғалақтар, аяғыңың астын көрсетіп: «Ай мына жерде!» десең де алғаусыз сенетін аңқаулар мен «Ұшып жүр екенмін» деп, қос қолын қанат қылып жая беріп, жалпы етіп құлап түсетін қиялилар қаншама! Біз қазір сондай қылыштық мінез иелерінің бір-екеуін ғана мысалға келтірейік.

# ЖАҢҒАЛАҚ ЖАРАС

1

Ата-анасы жеті жасар Жарасқа:

- Біз жұмысқа кеттік. Ешқайда кетпей, есікті бағып отыр. Ұры-қарыдан сақтанбаса, болмайды. Қазір үйге сантехник келуі керек. Сен кетіп қалсаң, ол біздің үйдің бұзылған жылу жүйесін жөндей алмайды. Сондықтан соны күтіп, үйде отырсан, үлкен іс тындырасың. Үқтың ба? - деді мән-жайды түсіндіріп.

- Үқтым, - деді Жарас түсінген түрмен бас изеп...

Үйдегілердің бәрі кетіп қалған соң, ұнсіздік пен жалғызы-дықтан Жаастың іші пысты. Әзір келе қоятын сантехник жоқ. Әбден жалақыңан ол:

- Сантехник ағай! Кілт алашаның астында, - деп жалаула-тып жазды да, ескерту қағазын есікке іліп, көңілді дауыстар шығып жатқан көшениң арғы бетіне қарай асығыс жүгіре жө-нелді...

2

Жарас жан баласына үқсамайтын жаңғалақ болатын. Үлғи жау қуғандай жанталасып, асығып-аптығам деп аяғы ас-паннан келіп, артынан күйіп-пісіп, күлкіге қалып жүретін.

Бірде Жаасты ағасы Абаш өлденені өкелуге жұмсап, бы-лай деді:

- Түпкі үйге барып, төрдегі түмбочканы аш та...

Әңгімесін аяқтатпай, әдеті бойынша:

- Жақсы, - деді Жарас. Деді де, дереу жүгіріп кетті. Ағасы аң-таң болып қала берді. Әлден уақытта әбден шаршаган ол

салы суға кеткен қайықшыдай қабағы түсіп қайтып келді.  
Сосын солпиган күйі, солғын ұнмен:

- Мені не зат өкел деп жұмсал едің, аға?! - деді Абашты  
айран-асыр етіп.

### 3

Жарас биыл бірінші класқа барды. Мектептегі өмір оған  
өте ұнайтын. Қоңілді орта, көп нәрсені үйреткен мұғалима  
апайдың жұмсақ үні, ең ақыры қөрші отыратын көркем  
қыздың сүйкімді жүзіне дейін – бәрі-бәрі ол үшін орны бөлек,  
орасан өзгеріске толы оқиғалар еді. Тек қиналатыны – тәтті  
ұйқысы мен тәп-тәуір түсін қызып, таңтерең тауық шақыр-  
мастан бұрын тұру еді.

Тұрғысы келмейді-ақ. Алайда ата-анасының айтқанын  
тыңдал өскендіктен, оларды інісіне ұқсап ренжіткісі келмей-  
ді. Ақыры амал ойлап тапты оған да...

- Тұра ғой, балам! Сағат сегіз болды. Сабағыңнан қалып  
қоярсың, - деген сабырлы үнді күн-  
дегідей қынжылып емес, қызық-  
тай тыңдаған Жарас жайбара-  
қат жатып:

- Мама, сағат тілін ке-  
рі шегіндіре қойыңыз-  
шы, үйқым қанбай  
қалды, - деді мау-  
жырап, манаура-  
ған ұнмен.



Кішкентай Жарастың класына үнемі сабақ беріп, үзбей келіп жүретін апайлары ауырып қалды да, бір жолы оларға өздері танымайтын, өнді жылы мұғалім ағай сабақ өткізді. Сабақ-



тан шығып, шаршап келсе де, үйге сөйлей кіретін әдетімен үлкен жаңалықты жариялағандай:

- Мама! Мама! Бұгін бізге еркек апай сабак берді! - деді ентіге сөйлеген Жарас.

## 5

Ағасы Абаш інісі Жараспен бірге есік алдында ойнап жүрген. Екеуі өте тату болатын. Бұгін әлденеге ренжісіп, бір-біріне бой бермей, текетіресті де қалды. Абаш үш жас үлкендігін байқатып:

- Аузыңдан бір ұрып, тісінді түгел санап берейін бе осы? - деп еді, інісі Жарас та ірілік көрсетіп:

- Ал мен аузыммен тіреп қалам ғой, - деді ашулы дауыспен.

## 6

Жарастың Алматыға оқуға кеткен апасы Марал жақында каникулға келді. Бір күні ол ауыл құдығынан шикі су ішті де:

- Ой, қандай ащы! Біздің Алматының сусы тұп-тұщы. Мынаған тұз салғансыңдар ма?! - деп тыжырынды. Жарастың мамасы:

- Қөптен тұщы су ішіп үйреніп, ауылыңның сусының дәмін үмытып қалғансың ғой. Әйтпесе, өмір бойы осы суды ішіп өспеп пе едің?! - деп еді, осының бәрін бақылап, анадай жерде қарап тұрған Жарас анасынан:

- Мама, мама! Ертең мен Алматының сусын ішкенде, алғашқыда ол да маған осындай ащы бола ма?! - деп сұрады.

1985 жыл, 8 тамыр; 1992 жыл, 4 қараша.

# ҰЛЫ АДАМНЫҢ ҰСАҚ МІНІ

**М**енің қадірлі достарым!  
Жарас сияқты өздерінің құрбы-құрдастарың  
ғана емес, атақ-даңқы өлемге жайылған аталар да адам  
таңғаларлықтай аңғал, аңқау болады екен.

1

Мысалы, ұлы физик, ағылшын ғалымы, атышулы Исаак Ньютон Бүкіләлемдік тартылыш заңын ашқан тамаша талант иесі бола тұра, Лондон Фылым Академиясының ондаған отырыстарына қатысса да, ешқашан елді аузына қаратып



сөйлемеген екен. Тек өз өмірінде бір-ақ рет мәлімдеме жасап, мәжіліс басқарып отырган қасқабас әріптесінен:

- Бір ұсыныс айтуға бола ма? - деп рұқсат сұрайды. Жұрттың бәрі көңіл аударып, көзін тігеді. Барлығы да өлемдік ғылым тарихына өйдік жаңалық қосылатынын іштей пайымдаған, демдерін ішіне тартып, тым-тырыс тына қалады. Мұндайды мұлде күтпеген жиын төрағасы жымисып:

- Рұқсат, рұқсат! Сөйлеңіз, Ньютон мырза! - дейді сасып қалса да, салтанатты үнмен.

Сонда ұлы физик:

- Зал тым ысып кетті ғой, желдеткішті ашып, желпініп алсақ қайтеді?! - деген екен баяу ғана басын бір сипап өтіп.

## 2

Сол Ньютонның еркелетіп, ерекше жақсы көретін екі мысығы болыпты. Оларды ғалымның қатты құрметтейтіндігі соңша, не қаласа соны істеп, асты-устіне түседі екен.

Айталық, аса қадірлайтіндігінің бір белгісі: Ньютон есігіне қос мысығы емін-еркін кіріп-шығып тұратын кішкентай ғана екі тесік жасап қойыпты.

Ұлы жаңалықтар ашқан ұланғайыр талант иесі, дарынды ғалым, данышпан физиктің қос мысығына да ортақ етіп қол басындаі жалғыз тесік жасаса да болатынына басы жетпегеніне таңдай қағып, таңғалмасқа шараң жоқ.

Әй, бірақ бұған да «шүкір» дейік. Әйтпесе, әйгілі ғалым «Бірі – кіруге, бірі – шығуға» деп, әр мысығына жеке-жеке, екі-екіден төрт тесік жасап, байғұс есікті балталап тастаса, қайтер ек?!

Көрдіңдер ме, балалар, атақты адамдардың да азғантай болса да, адам құлерліктеі кемшіліктері болған, ә?!

1992 жыл, 5 қараша.

# ЖАЦЫЛҒАН ЖАҢАПТАР

## География сабағында

Мұғалім:

- Күн неге таңертең шығып, кешкө батады?

Оқушы:

- Тәуліктік ритмділік бұзылып кетпеуі үшін.



## Геометрия сабағында

Мұғалім:

- Бұрыш дегеніміз не?

Оқушы:

- Бір немесе үш өріппен белгіленетін пирамида.



## Алгебра сабағында

Мұғалім:

- Сызықтық функцияның графигі қандай?

Оқушы:

- ?..

Мұғалім:

- Па... - р...

Оқушы:

- Пара! Апай, сіз менен пара сүрап тұрсыз ба?!

## **A\_натомия сабағында**

**Мұғалім:**

- Ми қандай қызмет атқарады?

**Оқушы:**

- Ойлауға мүмкіндік береді, денеге команда беріп, басқарып тұрады.

**Мұғалім:**

- Демек...

**Оқушы:**

- Демек, ол – командир!

## **A\_строномия сабағында**

**Мұғалім:**

- «Жер Күнді айналады» деп ең алғаш дәлелдеген кім?

**Оқушы:**

- Астроном.

## **Tарих сабағында**

**Мұғалім:**

- Адамзат өмір сүрген қоғамдық формацияларды, дәуірлерді ата.

**Оқушы:**

- Алғашқы қауымдық құрылыш, құл иеленушілік құрылыш, феодализм, капитализм... сосын...

**Мұғалім:**

- Біз отырған дәуір ше?

**Оқушы:**

- Оқу дәуірі.



## Зоология сабағында

Мұғалім:


- Амеба қанша клеткалы?

Оқушы:

- Бір клеткалы.

- Ал аскарида ше?

- Аскарида – екі клеткалы жөндік.



## Ботаника сабағында

Мұғалім:

- Ботаника ғылымы нені зерттейді?

Оқушы (оқулықтың сыртындағы суретті көрсетіп):

- Ботаника ғылымы күнбағысты зерттейді.

## Физика сабағында

Мұғалім:

- «Механикалық қозғалыс» дегеніміз не?

Оқушы:

- Механиктердің қозғалысы.

## Химия сабағында

Мұғалім:

- Менделеев кестесінде неше элемент бар?

Оқушы:

- Жұз төрт әлемнің.

Мұғалім:

- Қазіргі күні олардың саны жұз он алтыға жеткен жоқ па?

Оқушы:

- «Көтере алмасаң – қосып арқала!» деп, жұз төртін жаттай алмай жүргенде, біз мектеп бітіргенше екі жұз болып кетсе, бізден кейінгілерге тіпті қызын болады екен.

## Қазақ тілің сабағында

Мұғалім:

- «Етістік» дегеніміз не?

Оқушы:

- Жүрді, тұрды, жүгірді, құлады, жатты, келді, кетті...

Мұғалім:

- Тоқта, тоқта! Маған ережесін айт деймін.

Оқушы:

- Әй, ағай-ай! Сіз де қызық екенсіз. Соны айтуға үялыштырыңым. Екінші класта өттік емес пе?! Зіңгіттей болып жетінші класта да соны айтып тұрамын ба?!

## Қазақ әдебиетің сабағында

Мұғалім:

- «Шығарманың композициясы» дегеніміз не?

Оқушы:

- «Шығарманың композициясы» дегеніміз – атақты композиторлардың шығармаларының жиынтығы.



## Орбіс тілі сабағында

Мұғалім:

- Какова функция союзов?

Оқушы:

- Союзы служат для соединения предложений и однородных членов предложения.

Мұғалім:

- Например...

Оқушы:

- Например, советский народ соединяют в одном Союзе.

## Орбіс әдебиеті сабағында

Мұғалім:

- «Он попался, его поймали» деген сөзді қазақшаға аударшы?

Оқушы:

- «Ол қолға түсті, оны ұстап алды».

Мұғалім:

- Ал «А, ты попался!» десек ше?

Оқушы:

- Апай, мені не үшін ұстамақсыз?

Кеше тығылып темекі тартқаным  
үшін бе?!



## Ән-саz сабағында

Мұғалім:

- Бетховен қандай шыгарма жазды?

Оқушы:

- Әрине, ән жазды емес пе?!

## Бейнелеу өңері сабағында

Мұғалім:

- Леонардо до Винчидің «Джаконда» деген туындысынан нені көруге болады?

Оқушы:

- Джаконда атты әйелді көруге болады.

## Еңбекке баулу сабағында

Мұғалім:

- Еңбек қауіпсіздігі ережелерін айтшы?



Оқушы:

- Жұмыс істеп жатқанда еңбек қауіпсіздігі ережесін қатаң сақтау қажет.

## Алғашқы әскердің даңындық сабағында

Мұғалім:

- Суга батып бара жатқан адамды құтқару үшін не істер едің?

Оқушы:

- Суга секірер едім.

## Дене тәрбиесі сабағында



Мұғалім:

- Спорттың қандай түрлерін білесің?

Оқушы:

- Волейбол, баскетбол, футбол, күрес, штанга көтеру, үстел тенисі...

Мұғалім:

- Жә, осылардың ішінде қайсысын жақсы көресің?

Оқушы:

- Әрине, ойынды! Шіркін, ойынға не жетсін?!

1985 жыл, маусым айы.

# ӨЛЕНДЕР



# «ЖИРЕҢ ЖАМАН ӘДЕТТЕҢ»

«ҰМЫГШАҚ»

Сабак үсті.  
Санақбай  
Жан-жағына алақтай,  
Құралдарын санады,  
Сөмкө ақтарып қарады.

Кітап, дәптер, қалам жоқ,  
Отырады алаң боп.  
Бірде бар, бірде жоқ олар,  
Кезекпенен жоғалар...

...Атады оны мұғалім  
«Есін білмес өуейі».  
Ал шынында құралын  
Ұмытады ол өдейі.

1986 жыл, 2 ақпан.

МЕШКЕҢ

Тоймай көзі,  
Тойса да өзі,  
Сумкасына салып тамақ  
Әкелген-ді.

Бітіп төзім,  
Бір мезгілде кетті тағат.

Сабақ үсті болса-дағы,  
Сытырлатып, тықырлатып;  
Сумкасына қол салған-ды,  
Кеп қалды апай тықылдатып...

*1986 жыл, 24 наурыз.*



## ЖАЛТАРҒЫШ

Басына бұлт төнді,  
Біреуді айдаң салды.  
Өзі жалт берді,  
Қап, әттең!  
Тұтылып қалды.

1986 жыл, 24 наурыз.

## СОТКАР

Жәбірледі кішіні,  
Үлкенге де үрпіп.  
Білмей мәнін ісінің,  
Қалды үрысса, қылтиып.

Текке қарап жатпады,  
Құстарды атып, қорқытты.  
Бақшаны да таптады,  
Өзін өркез зор тұтты.

Өзін мықты сезініп,  
Жүрді өзгені көзге ілмей...



...Таяқ жеді,  
Кезігіп  
Бір сотқарға өзіндей.

1986 жыл, 25 наурыз.

## ТЛАЗАР

Айтқан тілді алмады,  
Жұмсап еді, бармады.  
Жек көрінді бәріне –  
Балаға, жас-кәріге.

Қызық болды мынадай:  
Бірде осы Сынабай  
Жұмсап еді інісін,  
Тілді алмады,  
(Құрысын!).

1986 жыл, 26 наурыз.

## ЖАҢҒАЛАҚ

Оған ерік бергенде,  
Істі өүелі бастайды.  
Ортасына келгенде,  
Аяқтамай тастайды.

Осындаиды да болады, ө?!

Ұшып-қонған тұрақсыз.  
Айтқан сөзің далаға  
Ағып кетер құлақсыз.

Өзі сөйтіп жүргенде  
Бітіргені шамалы.

- Қаңбақ қой , - деп, - білгенге,  
Атадық ол баланы.

*1986 жыл, 25 наурыз.*

## ОЛАҚ

Көрді-дағы бөренені,  
Қолға балта ұстады да:  
«Мен осыдан берем, - деді -  
Ұя жасап құстарыма».

Сөйтіп, іске белді шешіп,  
Кірісти.  
Әбден бұтарлады.  
Шапты,  
бұзды,  
бөлді кесіп,  
Бөліп-бөліп, тұтамдады.

Аула толған жаңқа, түбір,  
Ара, шеге, балға аралас.  
Құстарға алтын ұя түгіл,  
Қасық жасар қалмады ағаш.

Олақтықты сез бойынан:  
(Орнына бір келе ме енді?).  
Үш есе үлкен өз бойынан  
Құртып тынды бөрененді.

*1986 жыл, 19 қазан.*

## KORKAK

Алмас төгай ішінде  
Келе жатты көңілді.  
Өңі түгіл түсінде  
Көрмес мұндай өңірді:

Құлпырып тұр айнала,  
Жап-жасыл боп жатыр-ақ.  
Қарасаңыз қайда да –  
Гүл жайнаған атырап.

Қолындағы алмасын,  
Тістеп қойып өндетіп.  
Маңғаз қарап Алмасың  
Келе жатты сәндетіп.

Кенет бұта өлдебір  
Сытыр етті қозғалып.  
Түгел тынып қалды өңір,  
Алмас мұны сезді анық.

Алмас қатты шошынып,  
Кейін қарай ытқыды.  
Сыбдыр үнге қосылып  
- Мама-а! - деген шықты үні.

Тогай ішін аралай,  
Алмас қашты зуылдал.  
Алды-артына қарамай,  
Жүрек шіркін суылдал.

Құтылды ғой «үхілеп»,  
Коян екен қорқытқан.  
Достары оны «Сужүрек»,  
«Қорқақ» дейді сондықтан.

1987 жыл, 6 қазындар.



## АЛАҢҒАСАР

Алды да Арман жейдесін,  
Қадағалы түймесін  
Іздеп жүрді шарқ ұрып,  
Үй ішінен инесін.

Жатпады ине жолында,  
Таба алмады соңында...  
Сөйтсе,  
Іздеген инесі  
Жүр екен өз қолында.

*1988 жыл, 13 шілде.*

## МАҚТАҢШАҚ

Титтей ісін өсіріп айтты,  
Жер-дүниені көшіріп айтты.  
Өлін білмей, өлдекімге тиісті,  
Үйіне еңіреп жылап қайтты.

## ЖАЛКАУ

Ас ішті, аяқ босатты,  
Рогаткамен құс атты.  
Түк істемей, ойнады,  
Ойынға шек қоймады.

Қолынан түк келмеді,  
Тентектік десе, «ерледі».

Өскенде өзі қор болды,  
Жалқаулық деген сор болды.

## ЖАДАЖ



Ешқандай білім алмады,  
Оқуға зейін салмады.  
Есі-дерті тек ойын боп,  
Сабағына да бармады.

Басы ештеңе шешпеді,  
Бойы өссе де, ойы өспеді.  
Оқу жылының соңында  
Келесі класқа көшпеді.

## МЕҢМЕҢ

Тек қана «өзім» деді,  
Басқаны көзге ілмеді.  
Көкірегі аспандады,  
Жанына көрі түгіл, жас бармады.


Соңынан өсек ерді,  
Беделі түсे берді.  
Ұрысса, бет бақтырмады,  
Ешкім жақтырмады,

Менсінбей бар қыздарды,  
Ғайда да жалғыз барды.  
Заудай ер салғызбады,  
Сыры жалғыз қалды.



## САРАЖ

Кессе, қан шықпас сараң болды,  
Пигылы пасық, арам болды.  
Дүниені тірнектеп жинай берді,  
Дүние үшін өз жанын қинай берді.



«Байлықта, - деді, - бақыттың бәрі»,  
Тапқанын тамағына қатық қылмады.  
Сөйтіп жүріп, өзі өліп қалды,  
Мал-мұлкін басқалар бөліп алды.

1985 жыл, маңыр.

## КАЗЫМЫР

Біздің Марат сұрауга тым құмар-тын,  
Әр нәрсені білгісі кеп тұратын.  
Бүгін де ол келді атамның қасына,  
Сұрақ қойды әдетінше асыға:

- Ата, ата! Неге керек көз осы?  
Мырс етті атам:  
«Білмейді ме өзі осы?!»  
Дегендейін таңданып бір қарад та,  
Бір тапсырма берді сосын Маратқа:

- Қызық ертек оқып берші бүгін, - деп,  
- Көз пайдасын сосын айтам, күнім! - деп.  
Ертек іздең кетті Марат.  
Шауып кеп:  
- Міне, - деді бір кітапты алышп кеп.

Оқып шықты ол сол кітапты мәнерлеп,  
- Ал енді, ата, жауап берші, кәне! - деп;  
Қайталады манағы бір сұрағын,  
Атасы айтты:  
- Міне, пайда, шырағым!

Көз арқылы көрдің барлық өріпті,  
Көз – арманы барлық соқыр, ғаріптің.  
Көре білу – көп бақыт қой адамға,  
Көз арқылы ол дүниені таныпты.  
Көкірегіңің көзі ашық болсын тек!..  
...Көз пайдасын Марат, міне, жаңа ұқты.

Аз кідірді Марат сосын тағы да,  
Сұрақ қойды өдетінше жаныға:

- Білмейсіз бе, неге керек қол осы?  
(Бөлек болды-ау әңгіменің жөні осы).  
Бұл сұраққа кейіп қалды атасы,  
Жалт қарады дегендейін: «О несі?».

Қабағымен қатпар-қатпар сыр ұққан:  
- Шырағым-ау, су өкелші құдықтан, -  
Деді сосын:  
- Неге керек екенін,  
Түсінесің сұрағыңың бекерін.

Марат лезде зымырап су өкелді,  
Қос қолымен шелекті өрең көтерді.  
Атасы айтты:  
- Міне, қолдың пайдасы!  
Қол дегенің – адал еңбек айнасы.

Тыныш тұрмай Марат енді жөніне,  
Қарап қойып балағы мен жеңіне:  
- Неге керек, - деді тағы, - аяғым?  
Кей кісілер неге ұстайды таяғын?

Таңданды атам:

- Жұғір! - деді бүйірып,  
- Жұғір, қане, командирлік бүй-ы-рық!  
Кетті Марат,  
Зулап ала жөнелді,  
Заулағанда ұшқыр желмен «теңелді».

Жеткізбестей көрініп бір жер түбі,  
Оралды ақыр ырысыл қағып, ентігіп.

Атасы айтты:

- Аяғыңың пайдасын  
Өз көзіңмен көрдің, - деді жайғасып.

- Құстай ұшып, құлашыңды жаздырған,  
Аяғың ғой қанат бітіп, мәз қылған...  
Аз кідірді,  
Марат сосын сұрады,  
Бұл – енді оны көп толғантқан сұрағы:

- Ата, ата! Неге керек тіл мен тіс?  
Дәл осылар бітірмейді-ау маңызды іс?

Атасы айтты:

- Сені осылай сөйлеткен –  
Тіл емес пе?!

Бейбастақтық бұл неткен?!

Тамақты да шайнап жұту үшін сен  
Сезінесің отыз тістің күшін сен.

«Бас пен құлақ, ауыз, мұрын – бәрі де  
Неге керек?!» - деп сұрарсың әлі де.

Айтпа сөзін алаңғасар баланың,  
Жеті мүшесң керек бәрі, қарағым.

Алла берген артық мүше болмайды,  
Оны жете тұсінбеген оңбайды!

Бала Марат қатты ұялды, қысылып,  
Алғаш рет қалды сөзден тосылып.  
Үйге кірді сонан соң ол амалсыз,  
Сансыз сұрақ жатты ойында жосылып...

...Тәтті үйқыда жатыр Марат балбырап,  
Шаршап қапты, бар денесі салдырап.  
Көп жұмысты тындырғанын білмеді,  
Балақай ғой, қайдан білсін ол бірақ?!

Асып кетті атасының құлығы:  
Ертек оқып, су тасыды ол сол күні.  
Тіл мен тістің қасиетін де ұғынып,  
Денсаулығын шынықтырды жүгіріп...



...Сол күннен соң сұрақ қоймай кетті ол,  
Қазымырлық «қасиетінен» түңіліп...

1985 жыл, 11 наурыз.

## ЫЗА

Біздің Жарас шығып еді далага,  
Қолында алма,  
Бермей ешбір балаға;  
Қызықтырып бар баланы өзіне,  
Кекірейіп, асқақ тұрған кезінде

Жетіп келіп Ақтөс иті көршінің,  
Жасады ісін «ұялмастан» ерсінің:  
Салды ауызды қолындағы алмаға,  
Қас-қағым сәт...  
Құдды жылан жалмаған.



(Кім санасын сонсоң оны ептіге?!)  
Итті ішінен қаңқ еткізіп тепті де;  
Қапелімде басқа сөзді таба алмай,  
- Ит екенсің, - деді, - нағыз!..  
Қап, алма-ай!..

1986 жыл, 9 наурыз.

# МЫСАЛДАР



## МАКТАЖАҚ БАЛТА

«Өткір, - деп, - жүзім баршадан»,  
Көпірді балта, есіріп.  
Келмеді ешкім қарсы оған,  
Бір жолға сөзін кешіріп.

Көрінген затқа тиісіп,  
Күшінен қалды нар құлап.  
Басынан бағы, күйі ұшып,  
Ағаштар қалды зар жылап.



Қақ бөліп бәрін, талқандап,  
Қиратты балта күшімен.  
Аяғын басты талтаңдап,  
Шошынды бәрі ісінен.

Ондайға жаза жеңіл ме?!

Ұшырап қалды қүйге осы:  
Тиіспін бірде темірге,  
Сарт етіп сынды шүйдесі.

1987 жыл, 5 қаңтар.

## ҚЫГЗАҢЫШ

Қыран бүркіт құлаш сермеп қияға,  
Шырқап ұшты,  
Дегендей-ақ: «Қарандар!».  
Отыр еді қара қарға ұяды,  
Мұны көріп, өліп кетті табанда.



1986 жыл, 20 шінде.

## ҚАРА ШАЛҒЫ

Дегенге «Қара шалғы, қара шалғы»,  
Бір күні шауып түсті қара шалды.

1986 жыл, 19 шінде.

# ҚЫРЫҚ ӘТІРІК

## ХАЙУА НА ГТАР ӘЛЕМІНДЕ

Белдеудегі қоңызым  
Зоопарктің доңызын  
Жарып кетті, масқара!  
Айта көрме басқага.

Коян атты туысым  
Бәле болды, құрысын!  
Қасқыр деген көкжалдың  
Бітіріпті «жұмысын».

Одан сайын есірді,  
Жеп тауысты кешірді.  
Оныменен тынбады,  
Жолбарыстан қыңбады.

Аюдайын алышты  
Сұлатып-ақ салышты.  
Жауша тиді аңдарға,  
Түйе, жылқы – малдарға.

Қарға битіне секірді,  
Бүркітке де жекірді.  
Ителгі, сұңқар, лашынды  
Бір бүктеді, басынды.


Қанатын бір қаққанда,  
Бір-ақ шықты аспанға.

Қыраннан да жоғары  
Өрлеп үшүп барады.

Шырқап биік кетті де,  
Ақша бұлтқа жетті де;  
Жайғасып бір отырды,  
Екіленіп, құтырды.

Сауысқандай сабазың  
Тұрымтайды сабасын!  
Телеграф болды тоқылдақ,  
Күні-түні тоқылдап.

Мысық болды мұсінші,  
Тышқан болды пішуші.



Қорқып одан мысекен,  
Бастық болды тышекен.

Маймыл болды биолог,  
Балық болды геолог.  
Кіп-кішкентай сары маса  
Қарқылдады қарғаша.

Құмымырса «жалқау» атанды,  
«Батыр» деді бақаңды.  
Ешкіемер боп егінші,  
Тауық болды тігінші.

Ақбөкендей жүйрікті  
Тасбақа қуып жетіпті.  
Бойы сондай ұзарып,  
Жирафтан асып кетіпті.

Борсықтайын семізің  
Жұзік көзінен өтіпті.  
Есек пен ешкі дос болып,  
Мектепке келіп, оқыпты.

Тұлкі мырза елікті  
Құймесіне жегіпті.  
Арыстанды айқаста  
Тас-талқан қып жеңіпті.

Дәулеті сөйтіп тасыпты,  
Ерлігі жаннан асыпты.

Тұлкінің аты естілсе,  
Барысқа дейін қашыпты.

Сахарадай шөліңе  
Су құймай гүл егіпті.  
Шөлге өсірген алма ағаш  
Жылда жеміс беріпті.

Сексеуілдей бұта да  
Шырша-тұске еніпті.  
Тасқа жайып тамырын,  
Миуасын жерге төгіпті.



Бұркіт деген қыраның  
Жер астындағы ұраның  
Ішінде өмір сүріпті,  
Көртышқан оған күліпті.

Айтпақшы, осы көртышқан  
Жер бетінде жүріпті.  
Қыран жүрер қияда  
Тіршілік етіп тұрыпты.

Балық судан шығыпты,  
«Құм жақсы» деп ұғыпты.  
Аққу құс пен қаз-үйрек  
Аспанға қарап ұлыпты.

Түйе деген тұлікті  
Тарақан келіп ұрыпты.  
Шегірткелер шелтеңдеп,  
Піл де қорқып, бұғыпты.

Теңіз, өзен, көлдерге  
Жүретүғын шөлдерде  
Кесіртке келіп түсіпті,  
Мұхит суын ішіпті.

Жерде жүрер жыланың  
Жоғарыға ұшыпты.  
Шөлде жүрер құланың  
О да суға түсіпті.

Мамонт қорқып маймылдан,

Жүрегі жарылып өліпті.  
Терісін тон қып кигендер  
Африкада тоңыпты.

Қолтырауын деген дәуіңіз  
Қуарған гүлдей солыпты...  
...Ерте, ерте, ертеде  
Осындай ғажап болыпты.

1985 жыл, маусым.



## ТАЗША БАЛАНЫ ЖАКЛАФЫ

Бір жастан асқанымда жылқы бақтым,  
Желден де озып кеттім, жұлдызша ақтым.  
Шілдеде шекемізден сүйкөтіп,  
Амалсыз отын болмай, сүйек жақтым.

Қыран боп, көк аспанда тұлқі ауладым,  
Қолыма қоңыз түсіп, бұғауладым.  
Апырмай, сол қоңыздың асылын-ай,  
Ат қылып мініп жүріп, ел жауладым.

Найзаны жебе қылып садағыма,  
Тигіздім таутекенің сағағына.  
Бір күні қырық киік ұстап алдым,  
Мініп ап көтерем бір жабағыға.

Өзімнен асқан күшті жан көрмедім,  
Бір тойда қайрат сынап, ой, ерледім!  
Құжынап жабылды жұрт құмырсқаша,  
Жұз жігіт жабылса да, өл бермедім.

Өзімнің ерлігімді бір сынадым,  
Аспанға ұшып, төмен құлдиладым.  
Қырық мың құлаштайын биіктікten  
Тайсалмай, жерге қарай шын құладым.

Тақ етіп, баспен келіп түстім тасқа,  
Ешқандай зақым келмей шақша басқа;  
Шаншылдым басымменен қара жерге,  
Ойладым: «Ойбай-ая, бұл түс пе, рас па?».

Сөйттім де, дүр сілкініп тұрып кеттім,  
Өлгеніме тірі қалмай шүкір еттім.  
Аяққа алты батпан тас байлас ап,  
Арқырап, ақбөкеннен озып кеттім.

Қар жауып, аяздатып тұрды тыста,  
Қыс түсті, тыр жалаңаш шықтым тысқа.  
Боранды ұлып тұрған бір-ақ жұтып,  
Құдыққа шомылдым мен сол бір қыста.

Бір жылы арқар болмай елімізде,  
Шөп шықпай, мүйіз шықты жерімізге.  
Бір елден бүтін тауды алып келдім,  
Шөп шықты, арқар келді төрімізге...

1985 жыл, маусым.



# МЕТАГРАММАЛАР

Аспанда бар  
Жерде жоқ.  
Суда бар да,  
Шөлде жоқ.

(C)

Көлде бар,  
Елде жоқ.  
Көңде бар,  
Сенде жоқ.

(Ө)

Аяқта бар,  
Баста жоқ.  
Таяқта бар,  
Қаста жоқ.

(Я)

«Әйде» бар,  
«Өйде» жоқ.  
«Шәйде» бар,  
«Ойда» жоқ.


(Ө)

Жарда бар,  
Санда жоқ.  
Қарда бар,  
Жанда жоқ.

(Р)

Жазда бар,  
Таста жоқ.  
Қазда бар,  
Аста жоқ.

(З)



1986 жыл, маусым.

# БІР СӨЗДЕ – ҚОСМАҒЫНА

«Жирен жаман әдеттен»,  
Жақсылыққа әдеттен!

\* \* \*

Жас үлан!  
Келешегіміз – сен,  
Әрқашан келешегіңе сен!

\* \* \*

Ер қашанды ер аталар,  
Мәңгі «ер» деген ат алар.

\* \* \*

Қарқ етті де ала қарға,  
Қонды келіп ала қарға.

\* \* \*

Жадыратар көңілді,  
Жазым қандай көңілді!

\* \* \*

Ауыр-ауыр мөлдір, аппақ тамшылар  
Аспандағы бұлттан жиі тамшылар.

\* \* \*

Аю деген алыпты  
Аңшы соғып алыпты.

\* \* \*

Әрістен келген қойды  
Қораға қамап қойды.

\* \* \*

Аңшы айлакер суырды  
Інінен тартып, суырды.

\* \* \*

Көріп жатып балдай тәтті түсті,  
Кереуеттен жерге құлап түсті.

\* \* \*

Жер бетінде адамдар өділетті  
Әрқашанда әлемді өділ етті.

\* \* \*

Қамшылады атты,  
Қашқан аңды атты.

\* \* \*

- Мынау аңдар толы қорық па?!

- Қауіпті емес, қорықпа!

1986 жыл, 20 шілде - 1988 жыл, 26 ақпан.



# ТАБИҒАТ ТАМАШАЛАРЫ

## КӨКТЕМДІ ШАЛТЫҚ

Көктемім келді даға,  
Жасарды дала жаңара.  
Мереке гүлін наурызбен  
Сыйладым әкеп анама.

Аялай тәкті құн нұрын,  
Тыңдадым самал сыйбырын.



Көкекпен келген көп құсқа  
Жасадым үя күн бұрын.

Бұраңдай аққан бұлақтар,  
Сайларға барып тұрақтар.  
Қарсы алды түңғыш көктемін  
Әрісте қозы-лақтар.

Аспаным ашық, көкпеңбек,  
Алқызыл гүлдер бәктерде – от.  
Мениң де жаным сол бір сәт  
Кеткендей гүлдеп, көктем бол.

1986 жыл, 3 сәуір.

## КОКТЕМ

Жаңбырлы көктем –  
Жалтылдаң өктем,  
Тамшыңмен жанды  
Тазалап кеткен.

Күннің де нұры  
Көңілге жылы –  
Көкіректердің  
Кетеді мұны.

Сияқты елдің  
Сымбаты – Жер, Күн.

Ақша бұлт көкте –  
Жаулығы өжемнің.

Шөккен бір мая  
Қырларым сая –  
Апам тоқыған  
Алашадай, ә?!

Неткен нұр еді  
Көктем реңі –  
Бой қалды тимей  
Көкке бір елі...

*1988 жыл, 13 шінде.*

## ЖАЗ

Күндей жайнап күлетін,  
Сан қызығы сарқылмас.  
Асыр салып жүретін  
Қымбат маған жарқын жаз.

Құйсын нұрын күн күліп,  
Аптап соқсын – бәрібір.  
Тұрғанда күн шыжғырып  
Ұйықтап алам тағы бір.

Төксін жаңбыр нөсерлеп,  
Толып су сай-салаға.  
– Жаңбыр жауса – өсем, – деп,  
Шауып шығам далаға.

Жайып бояу, сан түсін,  
Құлпыртты жаз өңірді.  
Шексіз жазға алғысым,  
Жазым қандай көңілді!

1986 жыл, 20 шілде.

## ЖАЙЛАУТАҒЫ ЖАЗ

Шілде түсіп, қайнап тас,  
Жарқырайды жайнап жаз.  
Сағым судай шалқиды,  
Жүзінді аптап шарпицы.



Төсі күйіп даланың,  
Кетті балқып алабым.  
Жап-жасыл боп жер беті,  
Күрт өзгерер келбеті.

Ататұғын рауандап,  
Жайлай таңы ғажап-ақ.  
Алшаң басар шопаның –  
Жаз семіртіп отарын.

Арқа-басты кеңітіп,  
Құледі күн ерітіп...  
Даласындаï қазақтың  
Жаз – дарқан шақ аз-ақ күн.

*1986 жыл, 12 наурыз.*

## ҚЫС

Жеп тауысып жылдарды,  
Уақыт-сағат соғады.  
Әр мезгілдің ұнамды,  
Жақсы жағы болады.

Алай-дүлей боранды,  
Аяз-айбар, сұс мұнда:  
Сонда да бір ұнамды  
Қылышы бар қыстың да.

Сақырлаған сары аяз,  
Аппак дала, ақ аспан.

Болса да қар баяны аз,  
Қысқа жақсы жарасқан.

Зер салмасаң сараптап,  
Жай қараған жаңылар –  
Айналаның бәрі аппақ,  
Қыстың да өз өрі бар.

1986 жыл, 19 наурыз.

## ҚЫС ҚЫГЫҒЫ

Айдын мұз боп қатады,  
Ақ қар – ағаш шапаны.



Күміс қырау көмкөрген –  
Бейне атамның сақалы.

Аяздағы ызыны үқ –  
Алаулайды жұз анық.  
Кешке үйге келеміз  
Құлақ-мұрын қызыарып.

Аяз зәрі сынбайды,  
Ускіруден тынбайды.  
Қатал қыстың қаһары  
Бізді осылай шындаиды.

*1988 жыл, 13 шілде.*

## КҮЗ

Миуа мол ақ –  
Алма мен жүзім...  
Атымтай жомарт  
Секілді күзің.

Бұл мезгіл бізге  
Тұр барын жайып.  
Табиғат күзде  
Қалады байып.

*1988 жыл, 13 шілде.*

## ШҰАЛҚЫГ КҮЗ

Алау атқан алқызыл тұс гүл-бәктер,  
Жасыл шалғын жалпақ жерді сап-сары ғып;  
Ала келген қауырт, тығыз міндеттер  
Алтын күзді ақ нағменен қарсы алдық.

Қуа келген жарқын, жайлыш жаз өнін,  
«Ей, адамдар!  
Қыс келеді, қамдан!» деп.  
Бейнетқор күз қайнатты еңбек қазанын:  
Қызу жұмыс, қарбалас іс, жайлар көп.



Табиғат та тағы өзгеріп, түрленді,  
Өзгеше өң, басқа бояу бақтарда.  
Мейрамдармен мерейі өсіп күз келді –  
Алуан түрлі мерекені тартты алға.

Қарап тұрсам, жаздан жасыл қалмапты,  
Тек сары түс жапты алқапты тағы да.  
Сондықтан да алтын күз ол ардақты,  
Шуақты күз шуақ қүйдьы жаныма.

Тау бол қалды сары масақ өп-сөтте,  
Ақ бидайлы, алтын дәнді қырманды-ай!  
Айналаңа көз жіберсең сол сөтте,  
Бар қарбалас күзге қарап түрғандай.

1986 жыл, 18-19 қазан.

## ТАУЛАР

Биік болсын қаласа,  
Болсын, мейлі, аласа.  
Альпинисше өрмелеп,  
Тауға шығу тамаша!

Бұлақ таудан атады,  
Тәтті дәмін татамын.  
Шыңдан қара –  
Бәрі де  
Табаныңда жатады.

Бұзып-жарып, күркіреп,  
Қойтастарды сілкілеп;  
Ағып жатқан өзенді  
Тауларғана тұр тіреп.

Құлат, мейлі, тес, мейлі,  
Тау жоғалып, өшпейді.  
Әкем маған өманда:  
- Таудай болып өс! - дейді.

*1986 жыл, 20 шінде.*



## ТҰМАЖ

Буалдыр аяу түнегі  
Бусандырып тұр маңайды.  
Ылғал мен ызғар лебі  
Еленбей, ептеп тарайды.

Сіңіп қойнау-қойнауға,  
Тұтасып тұр, желдемей.  
Жасырынбақ ойнауға  
Жаратылған пердедей.

Сыры бар оның ұнамды  
Көтерер жанның көнілін...  
Болмасын тек тұманды  
Ешқашанда өмірім!

*1986 жыл, 20 шілде.*

## АСПАЖ

Төбемізден төңкеріліп төнесің,  
Жасығанға жалын-жігер бересің.  
Ақ күніңен шұғыла-нұр төгесің,  
Жанымызға жарқын сәуле себесің.

Тұпсіз, түнек шыңырау боп көрініп,  
Теңіз болып тербелесің, төгіліп.  
Айдыныңда ақша бұлттар қалқиды,  
Құн сәулесі жанымды от боп шарпиды.

Меруерт моншақ, асыл тастай жымыңдал,  
Нұрландырған келбетіңнен сыр ұрлап;  
Төсіндегі мың сан жүлдyz не түрлі –  
Сенің сөнің, әшекейің секілді.

Самолеттер, вертолеттер сыйзылап,  
Қалықтап бір, айдыныңда жүзді нақ.  
Сенің заңғар биігіңде көкпеңбек  
Ақ қанатпен жете аламыз біздер тек.

Қанат бердің ұшқыр қиял-сезімге,  
Терендік те,  
Құзарлық та – өзінде.  
Табынтың Тәңірідей, зеңгір Көк!  
Талпынады таулар саған «Жетем» деп.

1986 жыл, 20 желтоқсан.

## ТАБИГАТ ЭТЮДТЕРІ

Асқар таулар көгілдір боп мұнартқан,  
Мөлдір сулар ерке толқып, бұла аққан.  
Табиғаттың осы көркем келбетін  
Барлық ақын емірене ұнатқан.

\* \* \*

Шыңдар... Шыңдар...  
Асқар шыңдар, жақпар құз,

Өрлей алмас қанаттарын қаққан құс.  
Асқар болу керектігін меңзейді  
Аспанға қол созған асқақ көрініс.

\* \* \*

Айдын көл... аппақ ауа... алқара аспан...  
Шуылдап аққу-қаздар жоғары үшқан...  
Зер салсаң, табиғаттың этюдтері  
Ақынға тудырады жаңа дастан.

1986 жыл, 12 қыркүйек.



# КІМ БОЛАМ?



## ТЕМІРЖОЛШЫ

Ұланымын даланың,  
Үрпағымын бабаның.  
Есейгенде ертең мен  
Теміржолшы боламын.

## САУАЛЫ

Сауалым көп менің,  
Жауабың – теп-тегін.  
Өзіндей болсам тек,  
Арманым жоқ менің.

## ҚҰРЫЛЫСШЫ

Қолымда алтын қалағым,  
Зәулім үйлер саламын.  
Ертең мен де ел сүйген  
Құрылышы боламын.



## МУСІЖІГ

Тасқа бедер саламын,  
Егеп, қырнап жонамын.  
Шеберлігі шыңдалған  
Мен мұсінші боламын.



## ШЕКАРАШЫ

Жерім – байтақ, далам – кең,  
Елге ұнаған жақсы ісі  
Шекарашы болам мен –  
Болашақтың сақшысы.


1987 жыл, 28 сәуір.

## ДӘРІГЕР

Еңбек десе, ерлеймін,  
Халқым үшін терлеймін.  
Дәрігер боп өскенде,  
Науқастарды емдеймін.

Ауырса, укол саламын,  
Дәрі беріп, бағамын.  
Сырқат жанның сенімді  
Қамқоршысы боламын.

2002 жыл, 18 ақпан.




## ДӘРІГЕРТЕ

Өзгелерден дарасың,  
Аумай қалған мамасың.  
«Мама» дер ем өзінді,  
Әттең, укол саласың.

Деп: «Кәмпитеттің төресі»,  
Түрлі дәрі бересің.  
Ішем қимай көңілінді,  
Сезем кәмпит емесін...

1986 жыл, мама.



# ҰРЛАҚ СӨЗІ

## БІРГІЖШІ МАМЫР ШЕРҮГ

Жалаулар желмен желбіреп,  
Еңбекші шеру тартты алға.  
Танакөз аспан мөлдіреп,  
Барады бастап ақ таңға.

Жүздері бейбіт, шат қандай,  
Алады ширақ қадамын.  
Көтеріп келе жатқандай  
Гүлдердің тұтас алаңын.

Сан ұлтты жандар, сан халық  
Тоғысқан мұнда тілегі.  
Көк жүзіндегі ақша бұлт –  
Олардың аппақ жүрегі.

Шырқады өн асқақ қуатты үн,  
Қақ жарып мөлдір ауаны.  
Көзіндей қайнар бұлақтың  
Бірінші май – Бірлік парады!

1986 жыл, 3 маусым.



## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ

Гүл-дала, күн-дала, ұлы дала,  
Бұл дала – тың дала, жыры дара.  
Дана Абай, ер Махамбет, Мұхтар тұған  
Бұл дала – шын дала, үні жаңа.

Бұл дала – өн-дала, алтын дала,  
Бұл дала – сән-дала, жарқын дала.  
Қазаққа қоныс болған далам – дара,  
Иесі бұл даланың халқым – дана.

Бұл дала – туласп аққан қанды дала,  
Балқытар, балбыратар өнді дала.  
Талқандап талай жауын, бас игізген  
Тамыры – тарихында, жанды дала.



Сауран мен Отырадай қала-дала,  
Көркейіп, кемелденген жаңа-жаңа.  
Сән-сәulet, салтанаты, байлығымен  
Орны бөлек күллі өлемдік аренада.

1985 жыл, 4 қазан.

## ОТАН

Көрген көз, жырлаған сөз қылған аңыз,  
Өлемде іргелі елміз, ең дарамыз.  
Бойында қазағымның қаны туласап,  
Болашақ гүлденетін державамыз.

Тұтас ел ту астына біріккеннен  
Халықпаз күн болып біз күліп келген.  
Қазақпаз – достық туын жоғары ұстап,  
Берін де қасқайып, тік тұрып көрген.

Отаным – Достық, Адал Жүректердің,  
«Тыныштық болсын!» деген Тілектердің;  
Арнасы Бақыт, Еңбек, Шындық, Құрес,  
Намыс пен Тәуекелдің, Сын-өткелдің!

1986 жыл, 23 ақпан.

## ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан – берекелі табыстар,  
Қазақстан – зерттелмеген ғарыштар.  
Қазақстан – сүйемдер мен қарыстар,  
Қазақстан – бейбіт күнгі жарыстар.

Қазақстан – қазағымның жүрегі,  
Қазақстан – жаңа заман түрені.  
Қазақстан – замананың лебі,  
Қазақстан – қазағымның тірегі.

Қазақстан – халықтардың қадамы,  
Қазақстан – алыптардың заманы.  
Қазақстан – жаңа дәуір талабы,  
Қазақстан – құрылыштының қалағы.

Қазақстан – елдің ерен еңбегі,  
Қазақстан – бейбіт күнгі жер демі.  
Қазақстан – сарқылмайтын қазына,  
Жеткілікті берері де, бергені.

1986 жыл, 23 наурыз.

## МЕҢДЕК ЕЛІМ

Алтын таң да атыпты,  
Шұғыласын күн шашыпты.  
Арайлаған ақ таңдай  
Елім менің бақытты!

Сәбилердің шат күлкі,  
Балдырганның төтті ұйқы –  
Бейбіт күннің тынысы,  
Ұлтанды елдің ұлысы  
Елім менің бақытты!

Алаулап күн батыпты,  
Нұрын төгіп жақұтты.  
Ертеңіне сенетін  
Елім менің бақытты!

1985 жыл, маусым.



## КОНСТИТУЦИЯ

Мемлекет жаны, күні – заң,  
Мемлекет көркі, нұры – заң.  
Бақыттың сүйген шапағы  
Республика заңы – ұлы заң.

Бақыттың нұры өпкен заң,  
Талайлар аңсап өткен заң.  
Мәңгілік бекіп қалған заң,  
Болаттай берік неткен заң!

Жүректе қоныс тепкен заң,  
Бақыттың дәнін еккен заң.  
Дабысы кезіп дүниені,  
Атағы алыс кеткен заң.

Бейбіт күн билік еткен заң,  
Бар құлаққа жеткен заң.  
Талайлар таң боп өткен заң,  
Елімнің заңы неткен заң!

1985 жыл, 4 қазан.

## ТӘУЕЛСІГІЛК ТОЛҒАУЛАРЫ

Самал желі, тау-тасы, таза жері –  
Саф алтындей, о, неткен ғажап еді!  
«Жаңа ғасыр жүлдізы» атанып сен,  
Жаса, жайна мәңгілік, ҚАЗАҚ ЕЛІ!

Тағдырынан таяқ жеп, жаза құшқан,  
Бұл өмірден өткен жоқ аз арыстан.  
Шаршы өлемді шалқыған дәuletіңмен  
Шарықтай бер тамсантып, ҚАЗАҚСТАН!

1998 жыл, қараша.

Гүлденте алман жерімді  
Орақ, балға, шалғымен.  
Дамыту үшін елімді  
Білім керек алдымен.

Бермей алғы қатарды,  
Жақсы оқимын сабақты.  
Көркейтемін Отанды  
Азамат боп сауатты.

Қыранындай көгімнің  
Ардақтаймын халқын да;



Салиқалы елімнің  
Салауатты салтын да.

Мойындаймыз жалпымыз  
Ұлттың ұлы ұғымын.  
Иеленді халқымыз  
Төуелсіздік тұғырын.

Жүректерде жаңғырып,  
Маздап жанар алауы.  
Желбірейді мәңгілік  
Бостандықтың жалауы!

Мектебімде оқымай  
Қалған ешбір бала жоқ.  
Асқар-асқар шоқыдай  
Өсем биік дана бол.

Ұстаз салған жолым бар,  
Уайымсыз өр күнім.  
Ер парызын орындар  
Арқалап ел тағдырын.

Ілесу керек уақытқа –  
Мейлің, кәрі, бала бол.  
Барады бастап бақытқа  
Ағалар салған сара жол.

Жайнаған жасыл жерімнің  
Шұбесіз жұмақ екені.  
Күмәнсіз – тұған елімнің  
Бір биікке жетері.

Сызып берген картасын,  
Ел пікірін қолдайық!  
Талқандамай тау-тасын,  
Табиғатты қоргайық!

Ойлап көрсек салмақтап,  
Қоршаған орта, қоғам бар.  
Анамыздай ардақтап,  
Аялайық, адамдар!

х х х

Сүңгуірдей мұхитта жүзіп көрген  
Танимыз біз оымыз, солымызды.  
Данышпандар жоспарын сызып берген  
Жобаменен анықтап жолымызды.

Айбынды елміз, жер жарған атағымыз,  
Алысты да көңілмен шолу керек.  
Келер ғасыр ішінде Отанымыз  
Кемелденіп, қарыштап даму керек.

Ағаларға алдыңғы сенім мықты,  
Келешекке келеді сенгіміз де.  
Елім мықты,  
болов үшін жерім құтты  
Еңбек ету керек тек енді бізге!

1998 жыл, қараша.

## ӘЛЕМ МІҢБЕРГНЕК

Құлақ салғын күллі адам баласы,  
Болғайсыңдар бір-біріңе жанашыр!  
Сүм соғыстың қажеті жоқ, есте өлі  
Қырық бір мен қырық бестің арасы.

«Өшірем, - деп, - бейбіт үнін балғаның»,  
Жанталаспа, соғыс болып арманың.  
Өлі тартып келеді, әне, адамзат  
Хиросима, Нагасаки зардабын.



Айтыңдаршы, соғыс бізге не керек?  
Жаңбыр болып жауған оқтар себелеп,  
Жан түршігер жаралылар дауысы –  
Спектакль көріне ме керемет?!

Бұл Жер-Ана аз көрмеді сүмдықты,  
Қайғы басқан жерді, көкті, құрлықты,  
Қанды қасап соғыстарда кеудесі  
Оқ-дәріге, тұтін-күлге тұншықты.

Сондықтан да адам шектен аспасын,  
Қанқұмарлар өлемге ызғар шашпасын.  
Қадірлейік өжім-өжім маңдайын,  
Қадірлейік Жер-Ананың ақ шашын!

Рас, біздер бар ғылымды меңгердік,  
Қиял-ойға мүмкіндікті кең бердік.  
Өрлеп-өрлеп, ең ақыры, мінеки,  
Күллі өлемді бір бомбаға теңгердік.

Ей, адамзат!  
Фылым-білім жолында  
Жан аямай қуресіп ең, сорың ба:  
Бүгін, міне, жерді өлемнен жоқ қылу –  
Қарғыс атқыр бір нүктенің қолында!

Қанды қабақ, қатал кезең, қараң күн  
Енді аспанын торламасын даламның!  
Әлім сеуіп өңшең жендет өмірге,  
Жасамасын жауыздығын тағы аңың!

Бар халықтың, барша жаннның атынан  
Ырыс алды – ынтымаққа шақырам.  
Солдат!  
Мылтық атпа көзделеп адамды,  
Шейіт ерлер өруағына ат, ұлан!

1986 жыл, 29 наузаң.

### ЕРЛЕР ЕСІМІГЕЛ ЕСІНДЕ

Қанға сіңген адалдық пен аппақ Ар,  
Қасиетті елге берген ант та бар –  
Қаһармандық қайратымен бас имей,  
Өр кеудесін тіп-тік үстап өтті олар.



Атақ-даңқы көкке өрлең, асты елге,  
Жалын атып, жасын шашты жас қеуде:  
Жан пида боп аспандагы айқаста  
Нұркен аға Өбдіров пен Гастелло.

Таптатпастан жауға биік намысын,  
Қасық қаны қалғанынша алсызып;  
Құрбан болды ер генерал Карбышев –  
Болашақтың – жас үрпақтың бағы үшін.

Қан майданда алау атқан нұр-жүзі,  
Аз болған жоқ Отанымның ұл-қызы.  
Өлия, Мәншүк – тек қазақтың ғана емес,  
Құллі Шығыс елдерінің жүлдізы.

Айқастарда бірін-бірі демеген,  
Ата-баба әруағы жебеген.  
Жау дзотын жауып өлді қеудемен  
Ақөділ мен Сұлтан аға, Төлеген.

Егілүмен еске алады ел бүгін,  
Ақиқатты айтатұғын келді күн:  
Сұлтан аға суырылыш шыққан соң,  
Матросов қайталады ерлігін.

Қара жерді өртеп талай оқ ұшты,  
Қас батырлар қайсаrlықпен соғысты.  
«Жас гвардия» өз Отаны алдында  
Абыроймен ақтап шықты борышты.

Тайқымастан тауқыметтен, ауырдан,  
Тайсалмастан талай дауыл, жауыннан;

Қатал жылдар етігімен қан кешті  
Халқымыздың қайсар ұлы Бауыржан.

Адам-жүрек, адал жүрек толғанып,  
Алаулаған қызыл туды қолға алып;  
Отаны үшін оққа тосып кеудесін,  
Алғы шептен «Алгалады» ер Мәлік.

Ерлер атын жырға қосты ақыны,  
Бір батырың мың дүшпанға татыды.  
Маңқыстаудан шыққан Мәди Бегенов –  
Күллі Кеңес Одағының Батыры.

Халқы қалай ардақтамас батырды?!

Жау ұясы жанталасып, ах ұрды:  
Талғат аға Бигелдинов талай рет  
Фашистерге факель болып атылды.

Касқасымен ұрып жығып жауын да,  
Тас-талқан қып, шаққан талай тауын да;  
Сүйеубаев Исатайға сүйсінді ел,  
Орден тағып оралғанда ауылға.

Қаза болған қанша қайсар хас ұлды  
Ер халқымыз жер қойнына жасырды.  
Қан майданнан аман келген оққа ұшпай,  
Қадірлейді Отан қазақ Қасымды.

Ерлер атын еске жиі аламыз,  
Батырлармен биік біздің бағамыз.  
Берлинге де тұңғыш болып ту тікті  
Рақымжан Қошқарбаев ағамыз...

...Жеңіс! Жеңіс!  
Күллі әлемге тарады,  
Шаттандырып барлық бала, аナンы.  
Сол Жеңістің құрбандары бүгінде  
Бір-бір маздақ жалын болып жанады.

Арқаласын, мейлі, ауыр сан қайғы,  
Тарих көші бағытынан аумайды.  
Ал ерлердің өр тұлғасы мәңгілік  
Сол тарихта мәңгі от болып лаулайды!

1987 жыл, 20 наурыз.

## МӘСКЕҢДЕТТ «БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ» ЕСКЕРТКІШІГ БАСЫНДА ТУРАН ОЙ НЕМЕСЕ СЕНІМ КҮШІГ ТУРАЛЫҚ СӨЗ

Сақтап қалу үшін мына ғаламды  
Қаншама адам жан берісіп, жан алды!  
Таңғаламыз сол ерлерге бүгін біз:  
«Темірден бе... өлде неден жааралды?!».



Халқы алдында берген серті ақталып,  
Қанша боздақ қаны су бол жатты ағып!  
Ешқайсы да ұмытылып кеткен жоқ,  
Жадымызда жүр есімі жатталып.

«Басқыншыға бағынышты болғанша,  
Өлген артық – болсын төтті жан қанша!» -  
Деп қасарып, қаһармандар қаймықпай,  
Арпалысқан қасық қаны қалғанша.

«Белгісіз» деп атасақ та қаншалық,  
Батырлығын айтар халық тамсанып.  
Есімдері жұмбақ болып қалса да,  
Ерліктері – келешекке шам-жарық.

Тірлігінде мынау қысқа кемді-күн,  
Сақтап елдің мызғымайтын елдігін;  
Жаужүректер құрбан етіп өмірін,  
Ескерткіш қып тастап кеткен ерлігін.

Олар сонда дір етпеді қалайша?  
Қайтпады еken жүректері қалайша?  
Тұрган кезде Жер қайғысын көтеріп,  
Талмады еken білектері қалайша?

Аранында аяусыз сүм ажалдың  
Олар қалай азаптарға төзе алды?  
«Шыда! Төз!» - деп өмір берді нендей күш?..  
...Жауап қатпай, кәрі тарих сазарды...

Сенім барда – қимыл ширақ, бекем бой,  
Сенім барда – қорқынышың бекер гой.

Қын шақта қайрат берген ерлерге –  
Сенім күші, берік Сенім екен гой!

1987 жыл, 15-16 қазындар.

## ҰРЛАҚ СӨЗІ

Жұлып алып бақ-дәреже, атағын,  
Аластайық алапестің шапанын.  
Талқандалық соғысқұмар каскасын,  
Қасірет дәні – бомбасын да тастасын!

Көк жүзінде көгершіндер самғасын,  
Ядролық бомба оған бармасын.



Күллі дүние тек Достықты қолдасын,  
Жер жүзінде апат, соғыс болмасын!

Өмір гүлі ерте қурап, солмасын,  
Барша өлем аяласын, қорғасын!  
Түріп тастап қара түнек ордасын,  
Бейбіт күннің шұғыласы орнасын!

Ада болып артықшылық, астамдық,  
Жаса мәңгі Бақыт, Тендендік, Бостандық!  
Аялайық тыныштықтың ошағын! –  
Деп дүниеге мен де үнімді қосамын.

1986 жыл, 18 шінде.

## ТАРИХЛЕҢ СЫРЛАСО

Уақыт!  
Тарих!  
Не көрмедің-дер сендер?!

Не ғаламат, ғажапты да көрсөндер,  
Бір аунақшып, іштеріңе жасырып,  
Қайта арнамен зулайсындар асырып.

Уақыт! Уақыт!  
Тоқтадың ба сен мүлде?!

Мейлі, адам келсін бірге, жүзге де;  
Тоқтамайсың,  
Зуылдайсың, зымырап,  
Секілденіп бас білмейтін қыныр ат.

Тарих! Тарих!  
Сенің жүгің сан батпан,  
Қайыспайсың небір ауыр салмақтан.  
Іштей тынып, іштей өрт боп жанасың,  
Құмар қылып келдің адам баласын.

Сені талай ақтарған-ды ұлы Адам,  
Тарих үшін талай қыршын құлаған.  
Құпияңды ашамын деп күресіп,  
Ақырында Колумб қайыр сұраған.

Оңайлықпен шешілмейсің, білемін,  
Өткендерді қаузап көрі жүрегің;  
Ақтарылса шежіреңнің кеніші –  
Тек еңбектің, көп еңбектің жемісі.

Иә, Тарих!  
Жұмбақсың сен, жұмбақсың,  
Талай сырды қойның алыш, ұрлапсың.  
Іштен тынып, іштей от боп жанасың...

.....

Расында да,  
Кімге айтпақшы Тарих-Ана жарасын?!

1986 жыл, 19 шінде.

## ЖАҢ

Бір үзім нан!  
Оңайлықпен келмеген,  
Диқан ата еңбек етіп, терлеген.  
Өйткені, Жер асыл сыйын нандайын  
Дарқан төсін иітпесе, бермеген.

Тәтті дәмін татқың келсе,  
Жерге ек дән,  
Күтіп-бапта ерінбестен, терлеп сан.  
Аңы терің дәнгे су бол сіңде де,  
Татымайды жеген сөтте кермек дәм.



Бір үзім нан!  
Санғұмырды жалғаған,  
Тірлік өнін жер-жананға жарлаған.  
Бас иеді бар ынтамен бүгінде  
Қара жер мен адал нанға бар ғалам.

1986 жыл, 21 наурыз.

## КИГІЗ ҚЫ

Отырықшылық аударса да назарын,  
Тартса-дағы көші-қонның азабын;  
Жоғалтпаған ешуақытта жерініп,  
Көшпендейлік қасиетін қазағым.

Табандары талай жерді таптаған,  
Денелерін күн күйдіріп, қақтаған.  
Сонда да олар мәңгі қоныс теппестен,  
Көше берген болғанынша «ақтабан».



Жаз – жайлауга, қыс – қыстауга, көктем, күз...  
Көше берген, көше берген екенбіз.  
Көше берген, көше берген екенбіз –  
Дегендей-ақ:  
«Жер шетіне жетерміз».

Осылайша тынбай көше берген ғой,  
Қындық пен азабын да жеңген ғой.  
Сонда халық ең алдымен өзге емес,  
Киіз үй мен көлігіне сенген ғой.

Жасағандай өдейілеп ел бөлек,  
(Біздің халық ой-қиялдан кенде ме ед?!)  
Кереге көз алты қанат –  
Зер салсаң,  
Экватор сызығындай дөңгелек.

Жаңғыртатын сан ғажайып, сан ізді,  
Көшпендейлер көп тудырган ақызды.  
Қараңызшы, қандай ғажап сомдаған:  
Шаңырақ – күн, уық – шапақ тәрізді.

Арайланып, жарқын күліп атса тан,  
Қазағымның мінезіне ұқсаған.  
Киіз үйдің ақ киізін халқымның  
Сондай аппақ жүрегіне ұқсатам.

Тігілген көк балауса, жас шалғынға  
Қарапайым киіз үй тұр алдында.  
Тұр алдында көшпендинің бір көзі,  
Сыры терең символика бар мұнда:

Шығып қара тұңғиықтай тұнектен,  
Көк жүзінен күлімсіреп күн өпкен.  
Экватор сыйығында тоғысқан  
Кіршіксіз, пәк, адал, аппақ жүректер!

1987 жыл, маусым.

### АТАМҰРА

Алау болған арлыға,  
Жалау болған жарлыға.  
Бабамыздың көзіндей  
Атамұра – домбыра!

1987 жыл, 19 қазан.

### КАЗАКЫ ЕР

Ер – елінің ажары еді,  
Жылқы – батыр базары еді.  
Ер қанаты – аттың сөні  
Халқымыздың қазақ ери.

1987 жыл, 19 қазан.

### КІТАЛ

Кітапты әркез адамдар биік бағалар,  
Адаспас ақыл табылады одан шын сенсең.

Жер бетіндегі ұлылар мен даналар  
Кітапты мәңгі ақылшысы еткен, білсең сен.

Кемеңгер, ойшыл ұлылар өркез артына  
Қалдырган кітап өзінің «өлмес көзі» деп.  
Қара танымайтын қараңғы қазақ халқы да  
Жығыла кеткен жөн сөзге «Кітап сөзі» деп.

Кейінгі үрпақ келеді қарап алдыға,  
Осылай өмір үзілмей көшкен жалғаса.  
Танымас едік Абай мен Мұхтар-ларды да  
Артында қалған кітабы, сөзі болмаса.

Сыпрып мешеу надандық – сордың азабын,  
Кітаптың сөзі ақылға жолды салды кең.  
Қара танымаған кезде де қайран қазағым  
Кітапты бәрінен жоғары қойды алдымен...

1987 жыл, 24 маусым.

## «КОЗЫ ГЕРЛЕНЕШ – БАЯН СҰЛЫ» ЖЫГЫРЫ

Оқысаң, ой толғантып отыратын,  
Жаныңды ләззатқа батыратын.  
Айтатын ойы терең осы жырды  
Тыңдаса, жас үфатын, қарт үфатын.

Еседі махаббаттың ақ самалы,  
Жаңғырып, жан-дүниең жақсарады.  
Оқиға, образы мен орамды тіл,  
Түйсіне білген адам тамсанады.

Ақ-адал сезімдердің жас иесі –  
Ақ Баян, Қозы Қөрпеш – асыл есім.  
Олардың ыстық жүрек, ынтық көңіл  
Фашықтық құдіретіне бас иесің.

Қос фашық жарық күнге талпынғаны,  
Жанына намыс пенен ар тұнғаны;  
Ерекше есте қалып зар-мұндары,  
Тербейді терең сезім толқындары.

Зорлық пен өділеттің айқасқанын,  
Шын фашық серпілткенін қайғы аспанын  
Терең ой, текті жырмен бейнелеген  
Тең келер бұл жырыңа қай дастаның?!



Ескілік көз алдыңа елестейді,  
Екі өлем – екі дүние теңеспейді.  
Қодар мен Қарабайлар өлемінен  
Жақсы леп, жанға жайлыш жел еспейді.

Тыңдасаң, тың сөздерді түйсінесің,  
Көңілге құйғандайын күй сүресін.  
Қозы мен Айбас ердің қайратына  
Еріксіз елігесің, сүйсінесің.

Астарлы, ақық-жыр боп жазыласың,  
Тентек сөз, теріс мінез аз үғасың.  
Бір ғана осы жыр-ақ танытады  
Қазақтың халық ауыз қазынасын.

Жауыздың заңы жүріп, өрлең тасы,  
Адалдың азапты, ауыр трагедиясы –



Кер заман, керең заман бейнеленген  
Қазақтың «Ромео-Джульєттасы».

Жол салып, жаңа өмірге есік ашқан,  
Қос ғашық махаббаты – асыл асқан.  
Ішінде лиро-эпос жырларының  
Шоқтығы биік тұрған – осы дастан.

Аңы да ауыр тұрмыс дәмін татқан  
Халқымыз емес ешбір арын сатқан.  
Бұл жырда көшпенді елдің бар бейнесі –  
Сарқылмас салт-дәстүрі орын тапқан.

Ақынға тән жүрегі, сезімі бар  
Адамдар қазағымның өзін ұгар.  
Бұл жырда бұла дәурен кешкен бастан  
Халқымның өз мұңы бар, өз үні бар.

Жанданар жақсылықпен жан ырысы,  
Озбырлық, өктемдіктер – дәуір іci.  
Жастанға жақсылығын жасап өткен  
Айбас ер – қамқорлықтың «Тәңіріci».

Бүгінде өшті оларың, құртылды үні,  
Серпілмей жанындағы тұн тұндігі;  
Қастық пен қарау пифыл ойлап өткен  
Қодар мен Қарабайлар – құлқын құлы.

Арасын қос жүректің адам жалғар,  
Мұнда да сондай асыл адамдар бар.  
Айнымас ақ махаббат тілекшісі –  
Ай, Таңсық – абзал жүрек, адап жандар.

Қос ғашық Қозы-Баян – жыр гүлі олар,  
Жаңастықтың жалындаған нұр-күні олар.  
Олардың мәңгі сөнбес махаббаты  
Келешек үрпақтарға үлгі болар.

*1986 жыл, 22-23 желтоқсан.*

### ҰСТАЗ

Аттатты ол білімге алғаш қадамды,  
Айырғызып жаман-жақсы, адалды.  
Нағыз ұстаз жүргегіне әр шәкірт  
Арман отын, білім отын жаға алды.

Үйретті ұстаз сан ғылымның саласын,  
Ұлгайтты ұстаз бала шәкірт санасын.  
Ойлаңызшы, қандай саты, адамдар,  
Бірінші мен оныншының арасын!

Нашар «ұстаз» «ұлағатын» кім үгар?!

Әр ұстаздың бір арналы үні бар.  
«Нені ексең, соны орасың» дегендей,  
Шәкірт ұстаз тәрбиесімен шынығар.

Білім дәнін кеудемізге ол екти,  
Талай-талай ұшырды жас тұлекті.  
Алғаш рет «А» мен «Б»-ны танытқан  
Бұл өмірде ұстаз орны ерек-ті.

Ұстаз-шыдам кетпейді шарт сынып та,



Қалмас бірақ «Жөні осы» деп тынып та...

...Ей, адамдар, өле-өлгенше ешқашан  
Ұстазыңды,  
Ұлы ұстазды ұмытпа!

1985 жыл, 4 наурыз.

## ОКУШЫ СӨЗІ

Қыркүйектің күні алғашқы –  
Біздің ыстық бас датамыз.  
Мектеп-ана құшақ ашты,  
Білім алу – мақсатымыз.

Білім – шуақ, жылымамыз,  
Білімменен үстемдендік.  
Жаңа оқу жылына біз  
Жаңа жігер-күшпен келдік.

Жалқау, салақ – достар емес,  
Оқу-білім – бар жұмысым.  
Бұл – біздің де қосқан үлес  
Мынау бейбіт күн нұры үшін.

Жақсы шәкірт ұстазының  
Жарты жасын ұзартады.  
Білім берген ұстаз үні  
Үлкен міндет, жүк артады.

Оқу, еңбек тең өріліп,

Ұстаз сөзін ұғынамыз.  
Киындықты жеңе біліп,  
Шыңдаламыз, шынығамыз.

Жидық күшті бір шоғырға,  
Алда жатқан жолдар анық.  
Шығамыз біз жыл соңында  
Болашаққа жолдама алып.

1986 жыл, 10 қаркүйек.

## ЖАС ТҮЛЕКТЕРДІҢ ҚОШТАСЫ ЖЫРЫ

Көңілдерге сыйлап ару-көктемін,  
Бізге әрқашан білім нәрін сепкенің;  
Ұлы өмірге қанат қағып, ұшырдың,  
Алтын орда,  
Аяулы үя – мектебім!

Баладай пәк, анадай ақ сезіммен  
Бар жақсыны үйрәндім мен өзіңнен.  
Бір кездегі әrbіr үйдің тентегін  
Тәрбиелеп, өсірдің сен төзіммен.

Сіздер барда – мен қуанып, үдеймін,  
Сіздер жоқта – мен мұнайып, жүдеймін.  
Кластастар,  
Құлын-тайдай бірге өскен,  
Баршаңызға бақытты өмір тілеймін!

Білімменен билеп біздер ғасырды,  
Алдымыздан арман жолы ашылды.  
Ұлы мұхит айдынында жүздірген  
Ұстаздарға иемін мен басымды.

Өмірдің тек өткелінде сыналды іс,  
«Білім» десе, бойымызда тұрап күш.  
Мұңалжардай білім шыңын бағынтықан,  
Мұғалімдер,  
Өздеріңе мың алғыс!

2004 жыл, 23 наурыз.

## НАУРЫЗ

Армысың, айналайын асыл Наурыз!  
Көк желек көктем түстес жасыл, Наурыз!  
«Қазақы қасиетінен айналдым!» деп,  
Жеткенше жерге ием басым, Наурыз!

1996 жыл, 10 наурыз.

## НАУРЫЗ ЖЫРЫ

Көктем гүлі бүршігін жарғызып-ай,  
Жадыратар көңілді жан қызуы-ай!  
Самарқандың көк тасын жібітетін  
Самалыңнан айналдым, Наурызым-ай!

*Қайырмасы:*

Наурыз тойым, қош келдің халқымызға!  
Бас иейік, балалар, салтымызға!

Күн менен түн бұл күні теңелетін,  
Қара жер де бусанып, көгеретін.  
Өкпелерін қалдырып өткен күнге,  
Ренішін кейінге шегеретін.

*Қайырмасы:*

Наурызымнан айналдым, Наурызымнан!  
Жеті түрлі тағам бар дәм-тұзыңнан!

Барлық ұлттың Наурыз той басын қосқан,  
Ақ тілекпен алдымнан ашылды аспан.



Ақ сақалды аталар бата беріп,  
Ақ жаулықты аналар шашу шашқан.

*Қайырмасы:*  
Наурыз тойы – ақиқат, шындық тойы,  
Достық тойы, мызғымас бірлік тойы!

Жан-жануар, адамзат жадыраған,  
Жаратқанға сыйынып, жамыраған.  
Жарылқаушы Наурызым,  
Төрлет енді,  
Күй күмбірлеп, көмейден ағылады ән.

*Қайырмасы:*  
Шежіресін өткеннің шертеміз де,  
Наурыз тойым, қош келдің өлкемізге!

2005 жыл, 14 наурыз.

## ДОМБЫРА

Көңіл төрін күйімен күмбірлеткен,  
Жүргімді сазыңмен күн нұрлы еткен, Домбыра!

Бебеу қағып шанағың, безілдеген,  
Ақтарылған ақ нұр бол сезім деген, Домбыра!

Шешен тілмен шертіп ең шежіремді,  
Ұлықтайтын өзінді кезім келді, Домбыра!



Әнге бөлеп, әлдилеп жүрегімді,  
Үқтырасың үніңмен бұл өмірді, Домбыра!

Шанағыңнан құйылыш, ағылады үн,  
Саусағына күйшінің бағынамын, Домбыра!

Әнің-сазың – көңілдің тілегіндей,  
Ал шанағың – ыстық өз жүрегімдей, Домбыра!

1987 жыл, 26 наурыз.

## ЕҢБЕК ТҮБІ – ЗЕЙНЕТ

Елімізде өрен көп  
Еңбегімен ерлекен.  
Өлшенеді ер еңбек  
Маңдай жуған терменен.

Еңбексіз күн, сан айлар –  
Мәнсіз өткен уақытың.  
Тапты еңбектен талайлар  
Берекелі бақытын.

Арайлы еткен ел көгін,  
Нәр алған жер төсінен.  
Бұгінгі еткен еңбегің –  
Ертеңгі ырыс-несібең.

Құр демдемес көңілін  
Еңбекті ерте түсінген.  
Өлшенеді өмірің –  
Еңбегіңмен, ісіңмен!

1987 жыл.

## ЕРТЕГІ

Ой-өрісі қең, тегі,  
Халық сан жайт шертеді.  
Қазынасы халықтың –  
Қиылдың-ертегі.

Ада теріс пифылдан,  
Тек шындықты ту қылған  
«Аяз бидей» ақылды  
Әділ биді ел тудырган.

Мерт болып өр үланы,  
Халық талай жылады.  
Жауыздардың жазасын  
Берген «Ақсақ құланы».

Жүректіні ел жақтаған,  
Батырлығын мақтаған.  
«Ер Төстік» боп ерлері  
Ел арманын жоқтаған.



Сан балуан, алып сан  
Шыққан қара халықтан.  
«Таусоғары» арқылы ел  
Қайрат-күшін танытқан.

Жер-жанаңды шарлаған,  
Жүгірістен танбаған.  
«Желаяғын» жедіртіп,  
Болашаққа ел самғаған.

Бар ма бөгет ақылға?!

Бар ма бөгет батылға?!

«Тазша» болып, ханды да ол  
Отырғызған тақырга.

Өр ғой қиял кеңісі,  
Өмір – ойдың жеңісі.  
Ертегілік қаһарман –  
Ел ойының жемісі.

1987 жыл, 23 тамыз.

## АЛДА ЖЫШ

Екеуара бір балапан – қос тауық,  
Бар мейірін балапанға төгеді.  
Жер шұқылап, құл-қоқыстан жоқ тауып,  
Сәбіне қорек тауып береді.

...Көп балапан өргізген-ді екеуі,  
Солар еді бар қуаныш, байлығы.

Кетті бірақ өмірінің кетеуі:  
Селін төгіп қара бұлты қайғының.

Балапандар қаскөй мысық қолынан  
Өле берді шеттерінен қырылып.  
Өле берді бір-бірінің соңынан  
Ал қаскүнем алды өбден құнығып.

Үрпағы үшін арпалысты қос ана:  
Айбат шегіп, қарсы тұрды зұлымға.  
Зая кетті қанша қайрат қылса да,  
Әсер етпей шаққан құрлы шыбын да.

Аман қалды жалғыз гана балапан,  
Қос тауықтың үмітінің шырағы.  
Тербетеді оны аялы алақан,  
Екі ананың бауыры – оның тұрағы.



Жеңді ақыры арпалысып жауызды,  
Ана алдында бас имейтін бар ма күш?!

Жас балапан – нәзік жүрек, жаны ізгі  
Қос анаға қалған соңғы алданыш...

1986 жыл, 8 тамыз.

## ӨЛЕҢ

Сәкен болып жазғаным жоқ отты өлең,  
Жалынды жыр тудыргам жоқ көптеген.  
Сонда да мен дегенім жоқ түңіліп:  
«Енді қайтып жыр аулына беттемен!».

«Бейімбетше жырлай алдым» демеймін,  
«Ілиясша сырлай алдым» демеймін.  
Орынсыз ғой салыстыру өзімді  
Оларменен,  
Мен дарынға кедеймін.

Жамбыл болып шаршы топты жармадым,  
Төлеген боп сурыла алмадым.  
Алайда мен ұлы көштен қалмадым –  
Құлап-тұрып, аттасам да қарға адым.

Қасым болып толғагам жоқ өмірді,  
(Ағалардан қалған асыл жол – үлгі).  
Қолым сілтеп, қоштасқам жоқ өлеңмен,  
Астым мен де өз белесім, өрімді.

Арынды ақын Мұқағали болмадым,  
Әйтсе де, өз үнімменен толғадым.

Кете алмадым қол үзіп мен өлеңнен –  
Өйткені,  
Өлең – қаруым мен қорғаным!

1986 жыл, 6 қараша.

## ШАБЫТ

Жоргалап, қалам өлі алмай дамыл,  
Бетінде ақ қағаздың парлайды-ай бір.  
Ақынның от-жүрегін жарып шыққан  
Жыр жолын бір жолына жалғайды-ай бір.



Асыға қозғалады қалам зырлап,  
Сырылдап, қағаз бетін жатыр торлап.  
Ақының шабыттанса дәл осылай,  
Төгеді жыр асылын, қалам қолға ап.

Қағаздың бетінде алмай тыным қалам,  
Тынбастан, үзілместен зырылдаған.  
Ақынның ақық-ойын жазып жатыр,  
Қағазға түсіп жатыр тың ырғақ, өн.

Ақ қағаз, қара сия, аппақ қалам  
Жүректен жыр төгеді атқақтаған.  
Ақынның жан серігі – осы үшеуі,  
Алға тек өр қадамын аттатты өман.

Шабыты шалқып, ақын төгіледі,  
Өлеңнің өр жолы өсем өріледі.  
«Патша» боп отыр жазу үстелінде,  
Гүл жайнап, алау атып төңірегі.

Осы бір ғажап сәтті, қымбат сәтті  
Ақындар (шабыты кем) күнде аңсапты.  
Барша ақын бағалады аса қымбат  
Осы бір өлемде асқақ тұрган шақты.

Сондағы ақ шабытын ақтарылған  
Кейбірі ақ қанатты ат та қылған.  
Кейбірі теңеп тасқын, сел-топанға,  
Кейбірі жалын атқан от та қылған.

Ал менің ақ шабыттын атқақтаған –  
Емес ол тұлпар, құйын, сел қаптаған;

Шабыттым – шалқар дария қара сия,  
Шабыттым – үзбей жазар аппақ қалам!

1986 жыл, 14 желтоңсан.

## ТАЛАЛ

Мақсатыңа алдағы қарап бөлек,  
Еңбектеніп, меженді алмақ керек.  
Сенім керек ол үшін, еңбек керек,  
Ең алдымен талмайтын талап керек.



Түнегінді күн болып жара құлген,  
Қандай асқар тауды да ала білген;  
Үлғи сені жетелер алға – Арманға  
Тасты бұзып, тау қопар талабыңмен.

Шарт қойылды, айталық, саған түрлі –  
Талабыңнан таймасқа бер антыңды.  
Өр талаппен өрге жүз сосын қайтпай,  
Талабыңмен таныт сен таланттыңды.

Тағы да бір тайғақ жол тосылды алға,  
Соғылса да сол жолда басың жарға;  
Талаптанып, ұмтыл сен ылғи алға –  
Таудай талап алмаған асу бар ма?!

Шақырганда жаңа бел, жаңа белес,  
Ақыл-ойын тұман ғып алар елес;  
Ұмтылатын қарамай өлгеніне,  
Өлермендік дегенің – талап емес.

Кім шықпайды тайпиган өрге аласа?!

Асқақ болсын қаншалық арман аса –  
Аларсың сен ұмтылсаң талаптанып,  
Талаптыға – әрқашан тау да аласа!

Талап деген – сенімің – қазықтарың,  
Тасқа шауып талапты, жасытпаған.  
Талаптанып құмырсқа, илеуіне  
Тау қып үйер қыс жейтін азық-нәрін.

Іс бітеді – бар жерде асқар талап,

Талаптан да, тау тұрғыз тастан қалап.  
Өмір бойы өр-шыңға жетелейтін  
Өршіл талап – өзіне талмас қанат.

1986 жыл, 15 желтоқсан.

## ЕҢБЕК

Еңбек – күрес,  
Еңбек – елдік, еркіндік,  
Еңбек – табыс,  
Еңбек етіп, ерлеткін.  
Шат дәуірде сайраннатқан еркін ғып,  
Еңбек күші, зейнеті ғой еңбектің.

Еңбек – өмір,  
Еңбек – бақыт, атақ-данқ,  
Еңбек етіп, маңдайыңды терлеткін.  
«Киргизінді» қазақ деп те аратқан –  
Күрес күші, жемісі ғой еңбектің.


Еңбекпенен астық талай асуды,  
Құні-тұні тынбай, күрес жүргіздік.  
Сол еңбекке жеміс деген шашуды  
Женіс етіп ел көгіне ілгіздік.

Еңбек – біздің асқақ айтар өніміз,  
Еңбекпенен ел тынысы қеңейді.  
Ту етеміз мына ұранды бәріміз:  
«Еңбек етпес – жалқау ішіп-жемейді!».

Кідіртпейміз еңбек қарқын-ағысын,  
Тек еңбектің жемістерін тереміз.  
Қара нардай халқымыздың бағы үшін  
Қажымастан еңбек етіп келеміз.

Еңбек еткін өзің үшін, ел үшін,  
Еңбегіңмен игерусіз алапты аш.  
Білесіңдер,  
Білесіңдер тегісің:  
Еңбек деген – ерлікпенен сабактас!

1986 жыл, 7 сәуір.



## ҮМІТ

Үміт – шырақ, маздап жанған алдыңда,  
Өршіл талап, қайрат-жігер бар мұнда.  
Үмітіңді үзбекейсің алдымен –  
Қандайда бір қызын жайда қалдың ба.



Үміт деген – үзбей маздар шамшырақ,  
Талпыннатын тек ілгері қамшылап.  
Үзілмейтін үміт барда – таусылма,  
Үмтыл алға,  
Қалма жолда қалжырап.

Арман деген – алаулаған лала гүл,  
Арпалысып, Арманыңды ала біл.  
Құдерінді үзбе ешқашан ол үшін,  
Қашан болсын үміт отын жаға біл.

Сынақтар көп,  
Болар «мың-мың, жұз» деуге,  
Өмір – күрес,  
Қалмаспзыз-ау біз кенде.  
Сол сындарда сенімінді жоғалтпа,  
Сенім күші – үмітінді үзбеуде!

1987 жыл, 4 наурыз.

## ДОС

Достың да өзі түр-түрі бар, білсең сен:  
Жаның қияр жанашыр дос болады,  
Жылайтұғын күндең сені – күлсед сен,  
Жалған достар сен жылышынсаң – тоңады.

Қиындықта беретұғын қол үшын,  
Ақылшы дос – сенің асқар тірегің.



Ондай доспен тілек-сырың тоғысып,  
Дұрсіл қағып, бірге соғар жүрегің.

Сын сағатта иықтасып өзіңмен,  
Біріктір білек пенен білекті;  
Оқитұғын жан сырыңды көзіңнен  
Досың болсын сезімтал да, жүректі.

Қорған болып өрқашанда бауырдай,  
Адал досың жүрер ылғи жақтасып.  
Дос көңілі сынса, кетер қайрылмай,  
Аяла оны,  
Қалмағай тек тот басып.

Түзейтуғын қисық кеткен ісінді,  
Сен қысылсаң, ол күн қатып, түн қатып;  
Бөлісетін қайғы-қуа-нышыңды,  
Абзал жүрек досың болу – бір бақыт.

Сенің ерке қылышыңды көтерер  
Дос шыдамы – асқан асыл төзім ғой.  
Алғы күнге адастырмай жетелер  
Дос дегенің – сенімің ғой, өзің ғой!

1986 жыл, 22 қараша.

## АУРУ

Тоймаса да, толмаса да жемсау лық,  
Бермесе де аса бақыт, ен байлық;  
Аурудан аулақ қылып өрдайым,  
Берсін де тек Құдай мықты денсаулық.

Жан беттемес қаһарына, кәріне,  
Жан тең келмес қайрат-күші, өліне  
Өткен талай небір алып, дәулерің –  
Ауруды жеңе алмаған бәрі де.



Табанына таптап талай естіні,  
Адамзаттың құтын алған сесті үні;  
Өткен талай хан, қаһандар, патшалар –  
Ауруды жеңе алмаған ешбірі.

Кез болса да алдында асқақ жар мен құз,  
Сүйегінен өтсе-дағы қар мен сыз;  
Мойымаған нар тұлғалы сан ерлер –  
Аурудың алдында әлсіз, дәрменсіз.

Айбыны мен аты көкке өрлеген,  
Сан заңғарлар қуат-қүші келмеген  
Талай тажал ауруды тек қана  
Қарапайым дәрігерлер емдеген.

Адам жанын салып ауыр азапқа,  
Салып сансыз қитүрқылы тозаққа;  
Оба болып, шешек болып бұл ауру,  
Қырғын салған сонау жылдар қазаққа.

Жазатайым сырқаттансаң ілкіде,  
Бейшара боп қаласың ғой бір күнде.  
Алыпты да алып ұрган ауру  
Арыстанды пенде қылған түлкіге.


Дерт деңдесе, емдеп сені жазар кім?!

Үлкені сол қайғыңың да, азаңың.

Аурудан сақтаныңдар, адамдар,  
Ауру деген – ағайыны ажалдың!

1986 жыл, 14 желтоқсан.

# АЛЫПТАР



КҮЗАТАСЫ  
(Құрманғазы Сағырбайұлы)

Дүбірлетіп, дүрілдетіп, кең даланы сілкінтіп,  
Асау күйін арғымақтай арындарып, бұлқынтып;

Дауылдатып, жауындарып өтті өзінің күйіндей,  
Қайсар ұлы қалай шыдар ел зарына күйінбей?!


Кеудесіне кегін жинап өр халқының, жасқанбай,  
Жауын ілген ер ұл еді, тұлғасы асқақ – аспандай.

Аруанадай алпыс екі тамыры түгел иіген,  
Исі қазақ танитұғын күмбірлеген күйінен.

Әттең, баба қайран қазақ маңдайына сыймады,  
Кете барды тастап артқа жас мұрагер Динаны.

Тар заманда талмай сайрап қелген баба қүйлері,  
Шат дәуірде шырқа биік – қара қоғам күйреді!

1986 жыл, 10 маусым.





## КЕМЕХТЕР

(Абай Құнанбайұлы)

Егер де мен танып талант кемелін,  
Басымды иіп, бағаласам өнерін;  
Былай қойып алтын-күміс, асылды,  
Сыйлар едім Абай ақын өлеңін.

Өнері – өр, мұраты – зор, зор әні,  
Алып жүрек өлі үздіксіз соғады.  
Мұрасы оның қандай шалқар қазына –  
«Абайтану» аяқталған жоқ өлі!

Шежірелі парақтары тарихтың  
Тақ тұлғасын танытады алыптың.

Биік борыш, асқақ арман жетелеп,  
Шығарды оны тұғырына даңқтың.

Мейлі, қанша озбыр болсын заманы,  
Халық ұлы хан бағасын алады.  
Алты Алашты айбарымен айбынтың  
Құнанбайдан Абай даңқы жоғары.

«Қалың елім, қазағым..» боп Ар өні,  
Дария-даңқ кетті кернеп даланы.  
Өрелі өнер, озық ойды көре алмай,  
Заманы оны Оразбай боп сабады.

Заманының заңғар ұлы – ұлы Абай  
Тұрды ешбір қыындықтан құламай.  
Абай – күллі қазағымның мақтаны,  
Алдына жан салмайтұғын құралай!

1987 жыл, 1 тамағ.





## FЫЛАМА (Шоқан Уәлиханов)

Шалқар айдын бір сөт тыным таппастан,  
Шатыр-шұтыр жасын ойнап жатты аспан.  
Жарып шықты найзагайдай жарқ етіп,  
Алмас кездік қап түбінде жатпастан.

Қажып ақыр қайыр тілеп аспаннан,  
Қайран халық үміт күткен жастардан.  
Сағым жүзген сары далада ең алғаш  
Ұлы өзгеріс үшқыны одан басталған.

Тарих... тарих... керуен түзеп, жалғасқан,  
Зерттеді ұлан бір сөт тыным алмастан.

Осылайша дүр сілкінді халқымның  
Қылы-қылы шежіресі шаң басқан.

Кемел болжап бұлдыр болған бүгінді,  
Ұланы елдің ұлы зарын ұғынды.  
Қыршын жаста қызық көрмей кетті ақыр,  
Өміріне өзек етіп ғылымды.

Тайталасып сан қафіда, сан ұғым,  
Жағып етті жүргегінің жалынын.  
Өмір бойы өрмелеумен өр-шыңға,  
Тікті туын биігіне Арының.

Шоқан тұңғыш ғылым көгін айқарды,  
Үрпақтары оны «ұлы» деп айта алды.  
Сан ғасырлар сарғайтқызған ғылымнан  
Халқым ақыр қарымтасын қайтарды.

Жауыздық пен жауластықтың өшті үні,  
Достық әнін кең сахара естіді:  
Орыс-қазақ достығына ұласты  
Шоқан менен Потаниннің достығы.

Ғылым шыңы!  
Басыңды иіп, жығылдың,  
Сені игеріп, менгергендер бүгін мың.  
Олар мәңгі Шоқанға да қарыздар,  
Шоқан – тұңғыш ғарышкери Ғылымның!

1987 жыл, 20 тамыз.



ҰСТАЗ  
(Ыбырай Алтынсарин)

Жүзінен жүрер тұлеп мұн,  
Жан еді жарқын, жаны – бау.  
Тұндігін жыртып түнектің  
Қағылды тұңғыш қоңырау.

«Жабырқау жанды құлдір» деп,  
Әкелген елдің ырысын.  
Қалқанқұлақтарда күмбірлеп  
Қалды өшпей сол бір күміс үн.

Өмірдің іздең шындығын,  
Асықты ол алғы уақытқа.  
Жүрегі төккен нұр-білім  
Айналды асыл бақытқа.

Тұншыққан езгі, қанауда  
Тигізді елге септігін.

Айналды мың сан алауға  
Ол жаққан білім-от бүгін.

Көнбегің келсе құлдыққа,  
Қаймықпай, қарсы жүре біл.  
Айналды айқын шындыққа  
Ол арман еткен гүл-өмір.

Білімнің көгі – көкпеңбек,  
Төрінде ұстаз тұрды өзі.  
Келеді өсіп, көкке өрлеп  
Ол соққан білім күмбезі.

Откізген талай өткелден  
Құндері менен тұндері.  
Байтақ еліме бақ берген  
Даламның тұңғыш тыңгері.

Елімнің ерек даралар  
Жарқырап туған жұлдызы.  
Оған шәкірт боп саналар  
Халқымның барлық ұл-қызы.

Көр-кеуделерге гүл еккен,  
Тынықпай бір сөт қыс-жазы.  
Жығылмас туды ту еткен  
Ұстаздарымның ұстазы.

1987 жыл, 17 тамыз.



## НАРКЕС КЕҢ

(Махамбет Өтемісұлы)

Қақ айырып қара түнек түнді де,  
Үстем тапты іліп өттің сұңгіге.  
Сермелгенде алдаспаның жарқылдал,  
Семсер-тілің қатар түйреп жүрді де.

Асқар таудай алып тұлға, еңселім,  
Құдіретіңе қайран қалам мен сенің.  
Жыландардың, лаңдардың ордасын  
Сан шайқалтты жыр-қаруың, семсерің.

Серпіmek боп халық қүйін тарыққан,  
Құн сұрадың азалы ана – тарихтан.  
Сенің мұддес – арманы еді халықтың,  
Сондықтан да бөле алмаймыз халықтан.


Жаза басып, «досың» құрған торынан  
Мерт болдың сен, жүрегіңе толып өн.  
Сабақ болды келешекке,  
Жүрміз біз  
Біқыластарды танып қанды қолынан.

Мерт болдың сен аузың күйіп, аңдаусыз,  
(Жер құшпас ер құлық-сұмдық, алдаусыз).  
Омырауын оққа тосқан оғыланым,  
Отан сені ұмытпайды,  
Ол даусыз!

Қалтыратып қара тұнді атың көп,  
Саған қанша қанжар кезеп, атылды оқ.  
Қара өлеңі тарихында қазақтың  
Қалдың мәңгі дулығалы ақын бол!

1986 жыл, 24 наурыз; 1987 жыл, 12 маусым.





## АЗАТТЫҚ ЖАРШЫСЫ

(Максим Горький)

Бұл өмірдің аңы дәмін көп татқан,  
Азабы мен тауқыметін көп тартқан.  
Сол азаптың тас бұғауын талқандап,  
Жұлдып шыққан надандық – ми батпақтан.

Заманының заржақ құсы саналған,  
Білім үшін жан берісіп, жан алған.  
Бала шақта қожайыннан жасырып,  
Кітап оқып, сол кітаптан нәр алған.

Қара қоғам қанша қатал болса да,  
Қасиетті жер қасіретке толса да;  
Кертартпалық, кереңдікпен күресті ол,  
Сол себепті құрметтейміз қол соға.

Сомдап сұңқар Данкодайын батырды,  
Сол арқылы келешекке шақырды.  
Данко жайлы аңызбенен өзі де  
Данко екенін танытты ол ақыры.

1986 жыл, 18 сәуір.



## БОСТАЖЫҚ АҚЫНЫ (Михаил Лермонтов)

Жұлып тастап күйбең тірлік, бас қамын,  
Жар салды ұлан: «Байрон емес, басқамын!».  
Селт еткізді осынау үн баршаны,  
Дір еткізді көрі Ресей аспанын.

Қалшылдатты қара қамал тастарын,  
Езілген ел бір көтерді бастарын.  
Құлақ түрді, құлап түрдү Ресей,  
Үқтү бәрі ұлы сөздің астарын.

Дауылдата, буырқанта тасты ағын,  
Дәлелдеді ол Байроннан да асқанын.  
Әлем білді жиырма жеті жасында,  
Бағындырып поэзия асқарын.

Қосты жүрек үнін елдің мұңына,  
Аза тұтып, халық зарын шын ұға.  
Өнерімен – өлецімен өрледі  
Азаттықтың асқаралы шыңына.

Тоң астында тот баспайды шын асыл,  
Тоқтамас ер – тағдыр қанша сынасын.  
Ар туындай адал сақтап өтті ақын  
Ұлы ұстазы Пушкин ақын мұрасын.

Үстемдіктің өтті тағы қорлығы,  
Құллі дүние кешірмес бұл жолғыны:  
Қастандықтан қаза болды хас батыр,  
Декабристер күресінің соңғы үні...

1986 жыл, 18 сәуір.





## ТАЛАДА БЫЛШЫСЫ (Амангелді Иманов)

Тұлғасын ерлігімен сомдал өткен,  
Әрдайым әділдікті қолдап өткен.  
Семсердей сермелгенде сойып түсер,  
Жасындай жарқ-жүрқ етіп ол-дағы өткен.

«Баршага бақытты өмір орнатам» деп,  
Кеудесін кернеген кек, торлаған кек.  
Елінің мұңын-зарын үғып өсіп,  
Еңіреп қайта туған ол – Махамбет.

Кеудеге асқаралы арман толып,  
Сан өнер басына оның қалған қонып.  
Қанжардай қайсар мінез, қайраты үшін  
Сайланған сарбаз емес, сардар болып.

Соңында қылыш-қанат қырандары,  
Екпінін оның ешкім жыға алмады.  
Жетіпті ақ патшаның құлағына  
Торғайда салған сардар ұрандары.

Ол жайлы жеткен талай аңыз келіп,  
Көрсек бір сол алуан аңызға еріп:  
Айбыны Алатаудай Қара Қыпшақ  
Елестер Қобыланды тәрізденіп.

Тозаң қып Торғай жерін – ата үйығы,  
Жаңғыртып жапан түзді атой-ұні;  
Құйғытып, құйынданып келеді, әне,  
Қазақтың қайран ері, Чапаевы...

1986 жыл, 1 желтоқсан.





## ЖАЛҒАСТЫ ЕР

(Тоқаш Бокин)

Қорлау, қинау, ұрып-сөғү басталды,  
Жасықтардың жанарынан жас тамды.  
Жасқанбадың жауларыңдан сен бірақ,  
Қайта сенен қанқор жендет жасқанды.

Жүргегіңе шұғылалы нұр тұнды,  
Қанат жайған қараңғылық құртылды.  
Тұн-түрменің тұнегі мен қапасы  
Мойытпады сенің биік рухыңды.

Небір аңы азапқа да көндің сен,  
Болашаққа еш алғаусыз сендің сен.  
Жалғастырып ерлік эста-фетасын,  
Келер үрпақ қолына өкеп бердің сен.

Ақиқат іс женеді ғой түбінде,  
Ақиқатқа қарсы тұрмас түгің де.

Сені өртеген оттың жалқын жалыны  
Қызыл ту боп желбіреді көгінде.

Сенің кегің жаудан қанмен жуылды,  
Ер ұландар ел көгіне ту ілді.  
Келер үрпақ келеді ұстап шайқалтпай  
Сен тіп-тік қып ұстап өткен туынды.

1987 жыл, 12 қазунар.



ТАЖ ЖҰЛДЫЗЫ  
(Фани Мұратбаев)

Езгіден құтқарам деп елін түнек,  
Өткеннен болашаққа сеніңкіреп;  
Тартысып, тайталасып тап жауымен,  
Өтіпті құрыш міnez темір түлек.

Тағдырдың талайына берілмеген,  
Көз тастап келешекке сенімменен.  
Ер Фани түріп тастап Түркістанның  
Түнегін,  
Тұр саңқылдаپ өр үнменен.

Түркістан түнегіне түйіліпті,  
Қор елдің күйкі, күпті күйін ұқты.  
Жан екен жаны болат, жасқанбайтын,  
Жан екен иілмейтін, иі мықты.

Жастарды жаңа өмірге қанық еткен,  
Өр таңы арайланған өділетпен.  
Қашанда халқының тек қамын ойлап,  
Қып-қысқа тірлігінде жанып өткен.

Жүректе оның нұрлы жарқын жүзі,  
Ардақтар атын елдің барша ұл-қызы.  
Азия аспанында жарқырайды  
Фани боп атқан аппақ таң жүлдзызы.

1986 жыл, 1 желтоқсан.



## ЖҰЛДЫЗ-ЖҮРЕК (Аркадий Гайдар)

Алаулаған қолға қызыл ту алыш,  
Ақ бандыға салдың талай бұғалық.  
Омырауыңды оққа тосып, от кештің,  
Жүргінді намысыңда суарып.

Ел көгіне ұшырдың да Ар құсын,  
Алдың азат қалың елдің алғысын.  
Қыршын жаста қылыш сермен, оқ атып,  
Талқандастың Соловьевтің бандысын.

Қиян-кескі қиын кезең басталып,  
Жорықтарда қар менен мұз жастанып;

Ат үстінде «Азаттықты алам» деп,  
Он алтыда жүрдің полк басқарып.

Алғырлығың атағынды жайған көп,  
Есер жауды құтқармайтын айлаң дөп.  
Ел аузында аңызға атың айналып,  
Қалдың мәңгі халқың үшін «Гайдар» бол.

Отаны үшін отқа оранып, жанбас кім!?  
Сын сағатта дүшпанды өртеп, жолды аштың.  
Қыын күнде құлатпаған Туынды  
Қырық бірде тағы қайта қорғастың.

«Ел бақытын қорғаймын» деп серт бердің,  
Тағдырыңнан талай дауыл-өрт көрдің.  
Халқыңа арнап бүкіл ғұмыр жасынды,  
Қан майданда халқың үшін мерт болдың.

Құндерің жоқ елің үшін көз ілген,  
Жан едің бір жаратылған төзімнен.  
Ерлік пenen қанағамандық үлгісін  
Келер үрпақ үйренеді өзіңнен.

Түсіп талай қиян-кескі қыынға,  
Өттің ұқсан өр екпінді құйынға.  
Жанып жұлдыз-жүрегің түр жарқырап  
Жан біткеннің жанарында, миында.

1987 жыл, 19 тамыз.



## РЫСКҰЛОВ РУХЫНА (Тұрар Рысқұлов)

Ес білгелі естігенің, көргенің –  
Қайғы, қаза, қан қақсаған сорлы елің.  
Замананың зары болған теңсіздік  
Қара бұлттай түмшалады ел көгін.

Кетпей кегің көкірегіңнен, есіңнен,  
Жетімдік пен аңы азап боп несібен;  
Ерте қарып арқаңды өмір аязы,  
Жастайыңнан жалын жалап өсіп ең.


«Өмір – сапар, дәл болжапты шетін кім?!  
Жолым – тура, бағыттым – жөн, бетім – күн.  
О, жауыздық!  
Өле-өлгенше жағаңда  
Кетер қолым» деп біржола бекіндің.

Сол жолда сен сан сүрініп, шоқ бастың,  
Қашшама рет құрган торды дөп бастың.  
От ұстаған Прометейдей халқыңа  
Алау атқан жүрегіңен от шаштың.

Жасықтық , ол – жалындыға жат үлгің,  
Қашан беті қайтып еді батылдың?!  
Нар мінезбен намыс қысып кеудені,  
Жауға «Қызыл жебе» болып атылдың.

Шындық – мәңгі,  
Мақсат етсе кім соны,  
Өділетке арналады жыр сөлі.  
Сенің өлмес өміріңің белгісі –  
Тас бейнеңдің түбіндегі гүл шоғы...





## АҚЫЖ ТҮЛҒАСЫГЫН (Сөкен Сейфуллин)

Кеудесінде күмбірлеп күй тасыған,  
Жылы жүзді, өр тұлға, жинақы жан.  
Көркем бейне келбетті, көрген жанды  
Жөнөйтіндей жетелеп бүйдасынан.

Ақын едің ақының, арының кең,  
Азаттықты айшықтап дарыныңмен;  
Төңкерістің жеңісін түбегейлі  
Орнатыстың жырыңмен, қаруыңмен.

Ұрпак бағын қорғасып, ұлан бағын,  
Бақыт туы астында ұрандадың.  
Төңкерістің төрінде өр даусыңмен  
Тұңғыш болып халқыңа жыр арнадың.


Батыр ұлдар барда – түн қақыраған,  
Толықтырып тұрдың сен сапын өман.  
Дауыл ұрган теңіздей поэзияң  
Тапты орынын тарихтық сахнадан.

Есейген ең сөз жаттап, өлең жастап,  
Алау дарын сендеңі ерен-ді асқаң.  
Көтерілдік ғасырдың қырқасына  
Жаңа ғасыр жыр көшін сенен бастап.

\* \* \*

Ескерткіш боп өр тұлғаң тұр бүгінде,  
«Тар жол, тайғақ кешуде» өткел едің.  
Сені аялай алмаған тірлігінде  
Қайран қазақ халқыма өкпеледім...

1987 жыл, 31 шілде.





## ЖЫР ҚАРЛЫҒАШЫ ЖА (Ілияс Жансүгіров)

Арғымақ-жыр арындаپ, жел ермеген,  
Талмай шауып, мол қарпып, кең өрлеген.  
Дара дарын, тақ талант, даңқты орныңмен  
Шаңыраққа уықсың Өнер деген.

Шомылдырып жаныңды зарлы жасы,  
Аманат боп еліңің бар мұрасы.  
Халық өзі ұшырган ұясынан  
Қазақ өлең-жырының қарлығашы.

Тұман тағдыр, тұл елдің зар-наласы,  
Кек толтырган қеудене ел жарасы.

«Құл көгеннен» көз ашқан азат қазақ,  
Азаттықтың сен-дағы бел баласы.

Шәрбатынан шабыттың қанып ішіп,  
Фашық жүрек өмірге алып-ұшып;  
Дүниені дүбірлі дүр сілкінтіп,  
Кеуден қүйіп, «Қүй» шерттің жаның ысып.

Өрбір жолы жүрекке толтыра нұр,  
Өрбір сөзі қеудеге қондыра гүл;  
Шерткеніңде шектерін көңіліңің,  
Төгілетін сырлы саз, домбыра-жыр.

\* \* \*

Әлі де ақындардың жырларында  
Аспандап асыл бейнең тұра бермек.  
Жырларың жалпақ «Дала» жондарында  
Қүйғытып бара жатыр «Құлагер» бол...

1987 жыл, 10 тамыз.





## БЕЙІМБЕТ БЕЙНЕСІНЕ

(Бейімбет Майлин)

Тағдыр саган о баста дарын берді,  
Жүргегіце маздаған жалын берді.  
Дара туған даланың дархан ұлы  
Екенінді таныды, елің көрді.

Жылдар жылжып, тоқтамай, жалғасыпты,  
Уақыт шіркін зуылдаپ, алға асықты.  
Бір кездегі ез еңсе «Мырқымбайлар»  
«Қызыл жалау» көтеріп, алға шықты.

Уақыт адам арманын жалғап ұшты,  
Жер бетінде шындықтан бар ма күшті?!

Ақиқаттың шырағын танып айқын,  
«Азаматтар» адаспас жолға тұсті.

Теңсіздік жоқ – тек жеңіп, арыла алсаң,  
Бір шындық бар мойындар бәрі-баршаң:  
Әз-дәуірде өмірге қайта келген  
Әйелдердің бүгінде бәрі – «Раушан».

Мұның бәрі – Би-ага, өз ойларың,  
Орындалды, мінеки, өз-арманың.  
Өттең, өттең!  
Өзекте өкініш сол –  
Мынау кемел кезендей жаза алмадың.

Дара баға, дара сөз, дара мақтан  
Хас талантты жасықтан даралатқан.  
Өнер-айдын қөгінде мың шоқжұлдыз,  
Сен – ішінде бір гүлі алау атқан...

1987 жыл, 31 шілде.





## ЖЫР АЛЫГЫ (Жамбыл Жабаев)

Арқау еткен замананың зар-мұңын,  
Шат дәүірдің шалқар үнін, өн-гүлін.  
Алдаспан-жыр, емен-өлең, сұңқар-үн –  
Ақ сақалдыabyз ақын Жамбылым!

Теңдік болып жетпіс жылғы арманың,  
Болашаққа үміт жібін жалғадың.  
Ескілік пен жаңа қатар, дөп келіп,  
Қос заманның қобыз-сырын толғадың.

Өнер – тілден, сөз – өлеңнен басталмақ,  
Хас таланттың жатпайды еken жас таңдалап.  
Жетпісінде қайта келіп өмірге,  
Самұрық-жыр самғады еркін аспандап.

Одақ елін тамсандырған өнері,  
Қарт кеудені жарып шыққан өлеңі.  
Дауылды мол жиырмасыншы ғасырдың  
Қазақ үшін қайталанбас Гомері.

Қайта туып, қанат қайта бекіген,  
Қарт қыраным, қырық бірге жетіп ең.  
Қан майданда қайсар жырың қалықтап,  
Тағы үн қаттың «Правданың» бетінен.

Өмір бойы өткен ұқсап жасынға,  
Қайталанбас хас талантсың, расында.  
Сен кеуденен ұшырған құс Жамбыл боп,  
Шарықтайды ғасырлардан ғасырға...

1987 жыл, 16 шінде.





## ТАЛАЖТ ТАҒДЫМЫ

(Татар ақыны Фабдолла Тоқай)

Жырлары – лапылдаған жалын екен,  
Айтар ой, асыл сөзі – лағыл екен.  
Фаламды газиз-жырмен сүйіп өткен  
Фабдолла Тоқай – нағыз нар ұл екен.

Жырлары – жарқ-жүрқ өткен жасын екен,  
Жайнаған жақсы өмірге ғашық екен.  
Елі үшін еңіреген қайран боздақ –  
Халқының қамын жеген хас ұл екен.

Жырларың – жарқ-жүрқ өткен жасын екен,  
Әр сөзің ғибрат алар асыл екен.  
Маржан-сөз, інжу-теңеу, гауһар-ойды  
Шашу қып шаршы топта шашып өтем.

Жырларың – шымырлаған сезім екен,  
Жылуын жырларыңың сезіп өтем.  
Кетіпсің арманда боп, арынды ақын,  
Кемелге келіп тұрған кезің екен...

1986 жыл, 1 желтоқсан.



### МАЛУАҢ (Қажымұқан Мұңайтпасұлы)

Бала кезден балуандыққа бой ұра,  
Қиындықтар көрігінде шынықты.  
Даламыздың бар келбеті бойына  
Анасының ақ сүтімен сіңіпті.

Барлық пенен байлық кенде қылмаса,  
Табиғаты тұрқы бөлек тұр берген.

Жететіндей қуаты егер шындаса,  
Жұмыр Жерді көтеруге бір қолмен.

Құрыш қуат, сом білегі жайды атын,  
Бағалатып, бас иғізіп елді ерен.  
Қарсыластың қамырша илеп қайратын,  
Қара күште халық Арын бермеген.

Жылдар жылжып, асқарды алып, асты өрді,  
Рингте талай мықты шаң қапты.  
Жалғастырып баба өнерін қастерлі,  
Күллі өлемді күшіменен таңғалтты.

Елге қызмет етуге өркез жан құштар,  
Бұла күші бойда қайнап, тасынды.  
Женістердің күесі – атақ-алғыстар  
Туған елдің даңқ-мерейін асырды.

Ер еңбегін мол түсініп, кең аңгар,  
Тәжім етіп елі сүйген есімге.  
Ол кеудеге таққан орден-медальдар,  
Жарқырайды туған дала төсінде.

Бойда қуат – ұнтақтардай тауды да,  
Жамылып ап көк аспанын-пұлішін;  
Кең даласын басып балуан бауырына,  
Жатыр сезіп тіршіліктің тынысын...

1987 жыл, 11 тамыз.



АЗАМАТ  
(Қаныш Сәтбаев)

Жастайынан білім іздел, ұмтылған,  
Тау-тас кезіп, қия-шатқал, шың құған.  
Айналайын қазақ деген халқымнан  
Шоқаннан соң шоқтығы шың ұл туған.

Кен-қазына іздел байтақ жерінен,  
Телегей-сел теңіз түрған терінен.  
Даңқ тұғыры жүлдyz болып мәңгілік,  
Орын алған көк күмбезі төрінен.

Көп қуаттап, елге ұнаған күллі ісі,  
Тұла бойы тұнған жылды нұр кісі.

Алты Алаштан академик атандып,  
Тұлеп үшқан ғалымдардың тұңғышы.

Жалындастып, жағып өтіп от-арын,  
Қаныш қайта тудырды ғой Шоқанын.  
Фалам кезіп, талмай жүре беріпті ол,  
Жүргегіне сыйдырып ап Отанын.

Алау атып, шұғыласындағы батар күн,  
Жүр Сәтбаев алғы шепте қатардың.  
Мәртебесі, мерей-даңқы халқымның –  
Оған берген наградасы Отанның.

Мол пішінің қара үңіліп, қара андал,  
Тұр ол мығым дүниеден ой аулап:  
Фылым күні жүргегінде жарқырап,  
Білім гүлі кеудесінде алаулап...

1987 жыл, 14 тамыз.





## ДАРХАЖ ДАРЫГЖ (Мұхтар Әуезов)

Құдай сені жаратқан-ды  
Өрісі кең, арда қылыш.  
Қазақ тілі қанаттанды  
Сен бар тілге аударылып.

Өтер жаз, күз, өтер қысың,  
Сақтап апта, айлар заңын.  
Қайта бізге бітермісің,  
Қайталанбас қайран дарын?!

Сөз асылын тергендеймін,  
Тәжім етіп қаламыңа.  
Ештеңін тәңгермеймін  
«Абайдың» бір парагына.

Қия, шатқал, қарлы белес,  
Жылдар дауыл-жаңбыры мол –  
Тек Абайдың тағдыры емес,  
Бір халықтың тағдыры ол.

Алуан алыс, күрес төтен  
Бір бойыңа сыйғаны ма?!  
Қалам қалай ілесті екен  
Сенің өзен-ойларыңа?!

Орын алған ұлы аттардан  
(Қатарлары қалды азайып).  
Тау шынары сияқтанған  
Тұлғасың сен таңғажайып.

«Қандай дана, көреген!» деп,  
Мініп тұлпар-жылдарына;  
Келешек жас келеді өрлең  
Шұғылалы шындарыңа.

1987 жыл, 1 тамыз.



## ҚАЛАМ ҚАШРАТКЕРІ

(Сәбит Мұқанов)

Алғы шептер тиесілі ақынға,  
Ауыр міндег ақындардың атында.  
Мұқалмайтын Мұқанов та жүрді ылғи  
Қадау-қадау қайраткерлер сапында.

Сабақ болмас қыындықтар жоқ тегі,  
Ауыр күндер із қалдырмай кетпеді:  
Намысты ұлдың нар тұлғасын сомдады  
Қатал «Өмір мектебінің» өткелі.

Ізгіліксіз бұл өмірдің сөні не?!

Жылылықсыз болмас өмір мәні де.  
Оның аппақ жүргегінің есігі  
Айқара ашық түрар еді бәріне.

Жалаулатқан, алау атқан гүлдей жыр,  
Мәңгі өшпейтін, өлмес ерен үндей бір.  
Жанға жылды шуақ шашқан жанаары  
Төгетіндей күллі өлемге құндей нұр.

Қаламы оның сөздің сөлін тереді:  
Жайқалады жырдың жасыл желегі.  
Жүректерге жол табады өрқашан  
Ақпа-төкпе, ақжарма, адап өлеңі.

Көңілге алғау, жанға кіді алмаған  
Сәбене шын құшақ жаймас бар ма адам?!

Дала-мінез, дархан жүрек дарыннан  
Ұлтыма тән кең пейілді аңғарам.

Жырларынан дарып уыз, жаңа нәр,  
Оқыған жан ауыз тұшып, бал алар.  
Қалт айтпайтын халқы оны қадірлеп,  
«Көркемсөздің алыбы» деп бағалар.

1987 жыл, 10 тамыз.



## ҚАДАРМАН

(Бауыржан Момышұлы)

«Шаңтимес» боп топ жарып он жасында,  
Қарсы жүрген қаймықпай бүрқасынға.  
Жалынға орап жүрегін, жанып өсті ол  
Қорытылып күрестің домнасында.

Қайратына қайнаған жүректегі  
Ерлік – сара қолбасшы, тірек, тегі.  
Құрыш етіп құйыпты мызғымайтын  
Қиыр Шығыс, Сібірдің сын-өткелі.

Қолбасшының жанары нұры шалып,  
Көзге түсті батырдың бір ісі анық.  
Қанағамандық қайратын өйгіледі  
Блюхердің қолынан қылыш алыш.

Иығымен көтеріп ауырды ері,  
Қайратына тәнті боп, табынды елі.  
Бес жыл бойы қан кешкен етігімен  
Ұлы Отанның даңқты жауынгері.

Даналығы, дарыны – теңіз терең,  
Ел мерейі – ерліктер ер істеген.  
Солдат болып аттанып қан майданға,  
Полковник боп оралған жеңіспенен.

Таңдай қағар, таңғалып жер-жиһаның,  
Мақтан етер еліміз ер туғанын.  
Даңқты жолын жеңістің жүріп өтіп,  
Тапсырыпты ерліктің емтиханын.


Отаны үшін бойдағы қиды асылын,  
Тарттық біздер даңқтың сыйға гүлін.  
Өнегелі, өшпейтін өмірінің  
Жауынгер боп өткізді ол жиырма жылын.

Еңбегі үшін ешқандай ат алмады,  
«Елінді сүй!» деп әркез мақалдады.  
«Батыр» деген атақты халқы берген,  
Жұртының ол жүлдyzсыз қаһарманы!

1987 жыл, 15 тамыз.



# АУДАРМАЛАР



ЛЕВ НИКОЛАЕВИЧ ТОЛСТОЙ  
(1828-1910)

## СЕКІРДІ

Бір алып кеме жер жүзін айналып шығып, алыс сапардан бәрі палубада жүр. Олармен бірге ойнап жүрген кішкентай маймыл адамдарды айналсоқтап, өртүрлі қымылдар жасап, жұртты құлкіге кенелтті. Ол адамдарды мазақтап, денесін қиқалаңдатып, әрлі-берлі секірді және барлығының назары өзінде екенін байқаған сайын есіре түсті.

Кенет ол кеме капитанының ұлы, он екі жасар балаға секіріп жетіп барып, басынан бас киімін жұлып алды да, сол екінімен барып діңгек-мачтаға бір-ақ көтерілді. Барлығы ду күлді. Ал бала құлерін де, жыларын да білмеді. Маймыл мачтаның жуан ағашына мініп алды да, тісімен, аяқтарымен тырналадап, бас киімді жыртпақшы болды. Ол баланы мазақ қылғандай бет-аузын қисаңдатты. Бала айбат шеге айқайладап еді, маймыл болса қалпақты одан сайын паршалап жырта бастады.

Мұны көріп тұрган матростар қарқылдаپ күлді. Бала болса қызырып кетті де, курткасын шешіп тастап, маймылға тұра ұмтылды. Ол бір минутта-ақ маймыл тұрган жуан ағашқа мініп алды, ал маймыл өте өбжіл қымылмен жоғары көтерілді. Бала:

- Бәрібір менен қашып құтыла алмайсың! - деп айқайладап жіберді де, жоғарыға қарай өрмеледі. Маймыл оны алдаш шақырып, тағы да биіктеді, бірақ бала соңынан қалмады. Осылайша бала мен маймыл діңгектің ұшар басына шықты. Маймыл бойын созып, қалпақты соңғы басқышқа ілді де,

өзі мачтаның ұшына шығып алып, тісін ақситып күліп, өз ісіне өзі мәз болды. Мачтаның ұшар басына – қалпақ ілулі тұрған жерге дейін екі аршындай жер еді, қалпақты алу үшін қолыңды діңгек пен арқаннан босату керек – басқалай жол жоқ.

Бірақ бала маймылды қуып жеткісі келді. Сөйтті де, ол мачтаны қоя беріп, тек ағаштың ұстінде тербеліп тұра қалды. Манадан бері капитанның ұлы мен маймылдың ісіне ішек-сілесі қатып күліп тұрған палубадағы адамдар баланың тек жуан ағаш ұстінде қолын ербендетіп тұрганын көргенде қорыққандарынан демін ішіне алып, тына қалды.

Ол өне-міне тайып құлағалы тұр, көзді ашып-жұмғанша



палубаға құлап, быт-шыты шықпақ. Егер аяғы тайып құла-  
маған күнде де, ағаш басындағы қалпақты алғып, діңгек  
бойымен кері қайтудың өзі мұң болар еді. Бәрі де тым-тырыс,  
аңтарыла қарап қалыпты, енді не боларын құтіп, үн-тұнсіз  
тұр.

Кенет топ ішінен өлдекім: «Ah!» - деді. Бала сонда ғана қыл  
үстінде тұрганын байқап, төменге қарап еді – қорыққанынан  
теңселіп кетті.

Бұл кезде баланың әкесі, кеме капитаны қаютадан шығып  
келе жатыр еді. Ол шағала атпақ болып мылтығын ала  
шыққан. Капитан діңгек үстінде тұрган ұлын көрді де,  
мылтығын қөзделеп: «Суға! Тек суға секір! Атамын!» - деп  
айқайлады. Бала не болғанын түсініп ұлгермей, діңгек үстінде  
әлі тербеліп тұр. «Секір, әйтпесе атам! Бір, екі..». «Үш!» -  
деген кезде бала басын еңкейтіп, суға секірді.

Атқан оқтай зымырап үшқан бала суға күмп ете түсті –  
жал-жал толқындар жас денені көміп кетті. Сол заматта-ақ  
жыирма матрос кемеден теңізге секірді. 40 секундтан соң  
баланың денесі су бетіне шықты. Матростар оны көтеріп алғып,  
кемеге өкелді. Бірнеше минуттан соң оның аузы-мұрнынан су  
ақты, дем алғаны білінді.

Капитан өлдекім тұншықтырып жатқандай қылғына ды-  
быс шығарды да, өзінің көз жасын ешкімге көрсетпес үшін  
қаютасына кіріп кетті.

1985 жыл, 29 қараша.


# АКІЛА

## I

Біз мінген кеме Африка жағалауына келіп тоқтап, зәкір тастады. Тамылжыған күн тамаша еді, теңіз бетінде самал жел соғып тұрды. Бірақ кешке қарай күн райы кілт өзгерді – қапырық ыстық басталды.

Күн батар алдында капитан палубага шығып: «Шомыла-мыз!» - деп дауыстады. Матростар суға секіріп кетті, теңіз бетіне желкенді ғүсіріп, желкен үстінде жүзе бастады.

Кемеде олармен бірге екі бала бар еді. Алғашында олар басқалармен біргे суға шомылды жүр еді, артынан желкеннің



іші тарлық етті де, бірін-бірі қуалап, ашық теңізге шығып ойнамақ болды.

Балақайлар бір орында тұрып, аяқ-қолдарын кесіртке құсатып тырбаңдатып жүзіп жүрді.

Біреуі алғашында жолдасын қуалап ойнап еді, бірақ артынша онысын да қойды.

## II

Баланың өкесі, қарт артиллерист палубада ұлының қимылына сүйсіне қарап тұрған.

Баласының кідіріп, тоқтап қалғанын көрген өкесі: «Тоқтама! Қуа тұс!» - деді айқайлап.

Кенет палубадан өлдекім: «Акула!» - деп айқайлап жіберді. Бәріміз де акуланың жон арқасын анық көрдік. Балық тұра балаларға қарай бет алды.

«Кейін! Кейін қайтындар! Акула!» - деп ышқынды артиллерист.

Ол жансыз адамдай қимылсыз бақырайып тұрып қалды.

Матростар дереу теңізге қайық түсірді де, балаларға қарай жүзді, бірақ оларға дейін өлі алыс еді, ал акула болса жетуге жиырма қадамдай ғана қалды.

Балалар алғашында айқайды естімеді, акуланы көрмедин. Кенет біреуі жалт қарады да, ашы дауыспен шыңғырып жіберді. Оның даусын бәріміз де анық естідік. Балалар жандәрменгүн басқа бағытқа қарай жүзе жөнелді. Ашы айқай артиллеристің өне-бойын селк еткізіп, үйқысынан шошып оянғандай шапшаң қимылдауына себепші болды. Ол жүгіріп барып, зенбіректі оқтады.


Біз қорыққанымыздан тұрған орнымызда қаттық та қалдық. Не боларын іштен тына үнсіз күттік.

Атылған оқ даусы естілді. Қою тутін сейілгенде біз артиллеристің зенбірек жанында бетін екі қолымен басып, құлап жатқанын көрдік.

Ал балалар мен акулаға не болғанын көз алдымызды тұман басқан біз алғашында байқай алмадық. Түтін тарқағанда ... өлдебір жақтан ақырынғана шыққан дыбыс бірте-бірте күшейіп, айнала қуанышты үнге толып кетті. Толқын үстінде алтындей сары акуланың өлі деңесі қалқып жүрді.

Балалар аздан соң кемеге әке-лінді.

1985 жыл,  
29 қараша.



АЛЕКСЕЙ МАКСИМОВИЧ ТОРЬКИЙ  
(1868-1936)

**БАЛАЛАР**

(«Балалық шақ» повесінен)

**Б**ұңшыңсыз, сырт қарағанда көңілсіз көрінетін Овсянниковтер үйі атайға құрметпен қарайтын.

Бір қабатты үйдің сырты биік дуалмен қоршалған, айнадай тап-таза, бос жатқан аула ортасында құдық түр. Құдық үстінде екі бағанға орнатылған шағын шатыр бар еді. Үйдің үнемі құңгірттеніп тұратын үш терезесі бар. Әр күн сайын түстен кешке дейін аула ішінде үш бала ойнап жүретін. Ұшеуі де бірдей сүр куртка киген, шалбарлары да, қалпақтары да бірдей, дөңгелек жүзді, қоңыр көзді еді. Мен оларды тек бойларына қарап айыратынмын.

Мен дуалдың саңылау-тесіктерінен сығалай қарайтынмын, олар мені байқамайды, ал мен «Олар мені көрсө еken» деп тілейтінмін. Маған олардың бейтаныс та көңілді ойындары мен киген киімдері, бір-бірлеріне деген қамқорлығы – үлкенінің кішісіне деген қайырымдылығы ерекше ұнайтын.

Олар ешқашан керіспейтін, бір-бірін алдамайтын және бәрі де епті де күшті, ештеңеге мойымайтын, қажырлы болатын...

Бір күні олар жасырынбақ ойнамақ болып келісті. Тығылған адамды іздейтін кезек ортаншысына келді. Ол ештеңе көрінбейтіндей етіп қос алақанымен көзін жапты да, қойманың бұрышына тұра қалды. Үлкені өте шапшаң, епті қимылдаپ, ұзын шананың астына тығылды, ал кішісі абыржып, сыртынан қараған кісінің күлкісін шақыратындаі қимылмен құдықты айналып жүгіре берді.

- Бір, - деп үн қатты ортаншысы, - екі...

Кішісі құдықтың ішіне секіріп түсті де, арқаннан ұстап, аяқтарын бос, ұзын қауғаға салды, ал қауға құдық жақтауына ақырын соғылды да, жоқ болып кетті.

Мен қалшиып қаттым да қалдым. Ың-шыңсыз, өрі көз ілеспес шапшаңдықпен діңгек ағаш айналып тұр. Бірақ мен не істеу керектігін тез түсіндім де, аулаға секіріп түсіп, айқай салдым:

- Құдыққа түсіп кетті!..

Ортаншысы лезде қасыма келді де, арқанға жабысты. Оның басы төбеге тиіп кетті, қолын арқан қажай бастады, бұл кезде мен де әлсіреген едім. Осы кезде маған қауғаны шығаруға көмектескелі келген үлкені:



- Отінемін, ақырын!.. - деді бәсек үнмен.

Біз кішкентайды тез шығарып алдық. Оның өнді қашып кеткен, қолдарынан қан саулап тұр, шекесі де жарапанған. Үсті-басы су-су, қорқыныштан көгеріп кеткен, ол өзін зорлап жымыған болды да, қалш-қалш етіп дірілдей сөйледі:

- Қа-ал-ай тұ-ұсі-іп кет-ті-ім?!

- Сен жынданғансың, бар болғаны сол, - деді ортаншысы бетінің қанын сұртіп жатып. Ал үлкені қабағын түйді:

- Кеттік. Мұның бәрін енді ешкімнен жасыра алмайсың...

- Сендерді ұра ма? - деп сұрадым мен.

Ол басын изеді де, маған қолын ұсынды:

- Жарайсың! Сен өте шапшаң қимылдадың!

Мен бұл мақтауға масаттанып қалдым, қолымды ұсынып та үлгергем жоқ, ол ортаншысына бұрылыш:

- Кеттік, оған сұық тиіп қалар. «Ол құлап қалды» деп айтайық, ал құдық жайлыш сөз қозғап керегі жоқ, - деді.

- Иә, керегі жоқ, - деп келісті кішісі. - Мен шалшыққа құлап қалдым той, иә?!

Олар кетіп қалды.

Мұның бәрі қас-қағым уақытта, өте тез өте шықты. Өйткені, мен аулаға секіріп түскенде теңселіп тұрган ағаш басы да, жерге түсіп кеткен сары жапырақ та – бәрі де өлі сол қалпында жатыр еді.

1985 жыл, 21 желтоқсан.

НИКОЛАЙ НИКОЛАЕВИЧ НОСОВ

## ЖАНЫ БАР ҚАЛПАҚ

Қалпақ комодтың үстінде жатыр. Васька-мысық комодтың жанында, еденде, ал Вовка мен Вадик орындықта сурет көріп отыр. Кенет олардың арт жағынан әлдене тасырлағандай болды да, еденге құлап түсті. Екеуі жалт қарағанда, комодтың жанында жатқан қалпақты көрді. Вовка жетіп барып, қалпақты көтермекке еңкейе берді де, кенет азы дауыспен:

- Ай-ай-ай! - деп ыршып түсті.
- Саған не болды? - деп сұрады Вадик.
- Оның жа-жа-жаны бар екен!
- Нениң?
- Қа-қа-қал-пақ.
- Сен не деп тұрсың? Қалпақтың жаны бола ма?
- Қа-қара өзің!

Вадик қалпақтың қасына барып, үңіле беріп еді, кенет қалпақ қозғалып, тіке оған қарай тартты. Вадиктің:

- Ай! - деуге ғана шамасы келіп, диванға қойып кетті. Вовка да қоса секірді.

Қалпақ бөлменің ортасына дейін жылжып келіп, аялдады. Балалар қорыққандарынан қыбыр етпестен қалпақтың әр кимылын бағуда. Осы кезде қалпақ бұрылып алып, диванға қарай бет алды.

- Ай! Ой! - деп ышқына айқайлады балалар.

Олар диваннан секіріп түсіп, бөлмеден атып шықты. Ас үйге жүгіріп кіріп, артынша есікті кілттеп алды.

- Мен ке-ке-ткі-i-m ке-ел-iп түр! - деді Вовка кекештеніп.

- Қайда?
  - Сенімен бірге. Үйден кетеміз.
  - Неге?
  - Қалпақтан қо-қорқам! Мен қалпақтың бөлме ішінде жылжып жүргенін бірінші рет көріп тұрмын.
  - Ал мүмкін оны өлдекім ілгіштен жұлып алған шыгар?
  - Онда бар, өзің қара!
  - Екеуміз бірге барайық. Мен доптаяқты аламын. Егер ол бізге қарсы жүретін болса, мен доптаяқпен қойып қаламын.
  - Тұра тұр, мен де доптаяқ алайын.
  - Сенде басқа доптаяқ жоқ еді ғой.
  - А, онда шаңғының таяғын-ақ алайын.
- Олар доптаяқ пен шаңғының таяғын алдып, есікті ашты да, бөлмелеге көз салды.
- Ол қайда кеткен? - деп сұрады Вадик.
  - Өне, үстелдің қасында.
  - Мен қазір оны доптаяқпен ұрсам, - деді Вадик, - ол қаңғалақтап, бізге жақындай түседі.



Бірақ қалпақ жатқан орнынан қозғалмады.

- Ә-ә, қорықты! - деп қуанды балалар. - Бізге жақындауға қорқады.
- Қазір мен оның зересін ұшырам, - деді Вадик.

Ол доптаяқпен еденді тарс-тарс еткізіп қойып қалды да, айқай салды:

- Әй, қалпақ!

Бірақ қалпақ қозғалмады.

- Кел, картошка алып келіп, оны картошкамен атқылайық,  
- деп ұсыныс жасады Вовка.

Олар ас үйден себеттегі картопты алып келіп, қалпақты  
атқылай бастады. Лақтыра, лақтыра ақыры Вадик дөл тигізді.  
Қалпақ төңкөріліп түсті.

- Мяу, - деді өлдебір дауыс.

Сосын қалпақ ішінен қылтиып сүр құйрық пен алдыңғы  
аяқтары көрінді де, ақыры мысықтың өзі атып шықты.

- Васька! - деп мәз болды балалар.

- Мүмкін, бұл еденде отырғанда, үстіне комодтағы қалпақ  
құлап кеткен шығар, - деді мән-жайды енді түсінген Вовка.

Вадик Васьканы шап беріп ұстап алды да, сүрай бастады:

- Васька, қымбаттым, айтшы маған, қалпақ сені қалай  
басып қалды, ө?

Бірақ Васька жауап берген жоқ. Тек қана танауын пырс  
еткізді де, көзін сығырайтып төбедегі жарыққа қарады.

1986 жыл, 19 науза.

## АВТОМОБИЛЬ

Бала кезіміз. Мишка автомобильмен жүйткүді қатты  
бармандайтын, бірақ оның еш сөті түспей қойды. Біз  
шоферларға қанша жалынсақ та, олардың ешқайсысы маңы-  
на жолатпайтын.

Бір күні аулада қыдырып жүргенбіз. Бір мезгілде біздің  
қақпаның жанына бір автомобиль келіп тоқтай қалды. Шофер

машинадан шықты да, өлдеқайда кетіп қалды. Біз жүгіріп бардық. Мен айттым:

- Бұл – «Волга».
- Жоқ, бұл – «Москвич».
- Сен сонша көп білесің бе? - дедім мен.
- Әрине, «Москвич», - деді Мишка. - Қарасаңшы, оның капоры қандай екенін.

- Қандай капор? Капор қыздарда болады, ал машинада капот болады. Сен одан да кузовын қара.

Миша бір қарады да, былай деді:

- Бұл – дәл «Москвичтің» пузосы.
- «Пузо» - бұл сенің сөзің, - дедім мен. - Ал машинада ешқандай пузо болмайды.

- Сен өзің «пузо» деп айттың гой! Эх, сен де бір!.. Түкті де түсінбейсің, ал босқа килігесің!

Мишка автомобильдің арт жағын айналып қарады да:

- Ал «Волгада» буфер бола ма? «Москвичте» буфер бар, - деді тағы да.

Мен айттым:

- Сен тағы да қайдағы жоқ буферді ойладап таптың? Буфер шойын жолдағы вагондарда болады, ал автомобильде бампер болады. Бампер «Москвичте» де, «Волгада» да бар.

Мишка бамперді түртіп көрді де, былай деді:

- Мына бамперге мініп алып, қыдырсақ қайтеді?!
- Жоқ, - дедім мен.
- Сен қорықпай-ақ қой. Кішкене жүргесін, секіріп түсіп қаламыз.

Осы кезде шофер келіп, машинаға отырды. Мишка артына жетіп барып, бамперге отырып алды да, маған сыйырлады:

- Тез кел мұнда! Тезірек!
- Керек емес, - дедім мен.

- Келсөңші, тезірек! Эх, қорқағым-ай! - деді Мишка.

Мен де дереу келіп, қатарына жайғастым. Машина орнынан қозғалып, сөлден соң жылжыды да, зымырай жөнелді. Мишка қорыққанынан:

- Мен секірем! Секірем! - деп айқайлады.

- Жоқ, өйтпе, - дедім мен, - жарақаттанып қаласың!

Ал ол одан сайын бақырды:

- Мен түсіп қалам! Секірем!

Ол тіпті бір аяғын салбыратып, жерге түсірді. Мен артыма жалт қарап, зулап келе жатқан бір машинаны көріп, айқай салдым:

- Қозғалма! Көріп тұрсың ба, машина басып кетеді!

Тротуармен кетіп бара жатқан адамдар тұра қалып, бізге назар аударып жатыр. Көше қылышында шырылдаған милиционердің ысқырығы естілді. Мишка қорыққанынан екі аяғын да түсіріп жіберіп, бамперге қос қолдап жабысып алды, аяқтары жерде салаңдал келе жатыр. Мен де қатты қорқып, оны жағасынан ұстап, жоғарыға қарай тарттым. Автомобиль тоқтады, мен де оны сүйреп шығардым. Мишка қайтадан өрмеледі. Халық қаумалап, қоршай қалды.

- Тұр, ақымақ, есінді жи! - деп айқайладым мен.

Жиылған жүртттың бәрі күлді.

- Ал жыла! - дедім мен Мишкаға.

Ал ол қорыққаннан есі шығып, ештеценің мәнісін түсіне алмады. Мен бар күшіммен оны бамперден жұлып алдым. Милиционер жетіп келіп, машинаның номерін жазып ала бастады. Шофер кабинадан шығып еді, бәрі оған дүрсе қоя берді:

- Ей, сен артыңда не болып жатқанын көрмейсің бе?!

Бәрі бізді ұмыттып кеткендей, елдің назары жүргізушіге ауды. Мен Мишкаға:

- Кеттік! - деп сыйырладым.

Біз көзді ала берे жылыстап басқа жаққа қарай шықтық та, бұрылысқа дейін жүгіре жөнелдік. Жүгіріп үйге жеткенше ентігіп қалдық. Мишканың тізесі қажалып, қанап тұр, шалбары жыртылған. Ол енді мамасынан сазайын тартатын болды.

Мишканың уайымы басқа:

- Шалбар ештеңе емес, оны тігуге болады, ал тізем өзі-ақ жазылып кетеді. Маған шофердің жағдайы аянышты. Біз үшін ол жаза тартады ғой. Милиционер көріп, номерін жазып алды ғой.

- Онда бізге барып, шофердің кінәсіз екендігін айту ғана қалды, - дедім мен.

- Ал біз милиционерге хат жазайық, - деді Мишка.

Біз дереу жазуға отырдық. Бір жазып, жазғанымызды жыр-



тып, қайта жазып, жиырма беттей қағазды құрттық. Ақыры бірдеңе қылып хатымызды жазып шықтық:

«Құрметті милиционер жолдас! Сіз номерді қате жазып алдыңыз. А, жоқ, сіз номерді дұрыс жаздыңыз, тек бұл жерде шофер кінәлі емес. Шофердің түк кінәсі жоқ, кінәлі – біз: Миша екеуміз. Біздің машинаға отырып алғанымызды ол білген жоқ. Шофер – жақсы адам, ол өрдайым дұрыс жүреді».

Конверттің сыртына былай деп жаздық:

«Горький және Үлкен Грузин қөшесінің бұрышында тұратын милиционерге!».

Хатқа қолдарымызды қойдық та, почта жәшігіне салдық. Енді бармай көрсін! Әрине, барады хатымыз!

1986 жыл, 5 ақпан.

## ТӨБЕШІК БАСЫНДА

Балалар күні бойы еңбектенді – аула ішіне қардан үйіп төбешік жасады. Қасат қарды қүрекпен ойып алып, үлкен үйінді, төбешік болғанша сарайдың қапталына қарай тасыды.

Қар-төбешік тек түс өлетінде ғана дайын болды. Балалар оған су құйып тастады да, үйлеріне кетті.

- Қазір тамақтанып алайық, - деді олар, - ал төбешік өзірше қата тұрсын. Түскі тамақтан соң шанамызды алып шығып, сырғанаймыз.

Котька Чижов нағыз қу екен! Алтыншы пәтерде тұратын ол төбешік жасауға көмектескен жоқ. Үйінде отырып алып,

терезеден басқалардың қалай жұмыс істеп жатқанына бақшиып қарады да отырды.

Балалар оны тәбешік түрғызуға қайта-қайта шақырды, ал ол болса басын шайқап, қолын сілтейді, құдды оған сыртқа шығуға болмайтын секілді. Балалар тұскі асқа кеткен кезде ол тез киініп алып, аулаға шықты. Конькиінің салмағынан аяқ астындағы ақша қар сықыр-сықыр етеді. Асықпай аяңдап, төбе басына келді.

- О! - деді ол. - Тамаша тәбешік болыпты ғой! Қазір сырға-наймын.

Тәбешіктің басына қарай көтеріле берген ол тұмсығымен түсті.

- Ого! - деді ол. - Мынауың жып-жылтыр, тайфанақ қой.

Қайта көтеріле беріп еді, етпетінен түсті. Осылай он шақты рет құлады. Бірақ тәбешіктің басына шыға алмады. «Не істеу керек?» деп ойлады ол. Ойлап-ойлап, ақыры тапты:

«Қазір мен бұған құм әкеліп себемін, сосын шығамын».

Ол ауланың бұрышында түрған қарауылдың үйшігіне беттеді. Онда жәшікке толтырылған құм бар еді. Ол қар-тәбешікке жәшіктегі құмды таси бастады. Құмды аяғының астына төсей-төсей, өрмелеп тәбешіктің басына шықты.

- Ал енді сырғанауга болады! - деді ол.

Аяғын көтере бергенде, тағы да тұмсықпен түсті. Мәссаған! Құм бетіне коньки тағы таймайды! Котька етпетінен түсіп жатып:

- Енді құмға қалай таямын? - деді.

Сосын еңбектеп төменгеге түсті.

Осы кезде балалар да келді. Қараса, қардың үстіне құм себілген.

- Мұны кім істеген? - деп шуласты олар. - Кім тәбешікке құм төсеп жүрген? Котька, сен көрмедің бе оны?

- Жоқ, - деді Котька, - көргем жоқ. Себебі, мұны мен өзім төседім. Өйткені, ол өте тайғақ және тәбесіне адам шыға алмайтын болды.

- Әй, ақылманым-ай! Қалай ойлап таптың, ә?! Біз қаншама уақыт бойы еңбектеніп жасадық, ал сен оған құм құясың. Енді бұған қалай сырғанаймыз?

Котька болса:

- Мүмкін, тағы да қар жауып, құмның бетін жауып тастар. Сол кезде сырғанармыз, бәлкім, - деп қояды.

- Қарды келесі аптаға дейін құтеміз бе?! Ал бізге бүгін керек!

- Ал онда мен білмедім, - деді Котька күмілжіп.

- Біл-мей-сің?! Қарды қалай бұлдіруді білесің, ал жөндеуді білмейсің, ә?! Дереу күрегінді әкел!

Котька коңықиін апарып тастап, үйінен күрегін алып келді.

- Мында қар әкеліп төсе!

Котька қар лақтырып тұрды, ал балалар су әкеліп құйды.

- Міне, енді қазір мұз болып қатады, - деп қояды олар, - сосын сырғанаймыз.

Бұлайша еңбектену Котькаға қатты ұнап кетті. Ол тіпті төбешіктің шетін күрегімен ойып, баспалдақ та жасап қойды.

- Егер, - деп қояды ол, - тағы да біреу-міреу мұның үстіне құм төгетін болса, бізге оны қайтадан қалпына келтіру онша қынға соқпас еді.

1986 жыл, 6 ақпаз.

## ҚИЯЛІЛАР

**М**ишутика мен Стасик бақ ішінде, ұзын арқалы орындықта әңгімелесіп отырды. Олар басқа балалар сияқты жәйғана әңгімелесіп отырган жоқ, өздерінше қайдағы бір болмайтын гажайыптарды айттысып, қылыш-қылыш өтіріктер құрастырып, бір-бірінен асырып айтуға келіскең болатын.

- Сенің жасың нешеде? - деп сұрады Мишутка.
- Тоқсан бестемін. Ал сен қаншадасың?
- Мен жүз қырықтамын. Сен білесің бе, - деді Мишутка, - бұрын Боря атай сияқты өте үлкен болатынын, бірақ кейін кішірейіп қалдым.
- Ал мен, - деді Стасик, - алдымен кішкентай болдым, сосын қайтадан естім, бірақ қайтадан кішірейдім, ал енді жақында қайтадан үлкейем.
- Ал мен өте үлкен кезімде, - деді Мишутка, - барлық өзендерде жүзе алатынын.
- У-у! Мен теңізде жүзе алатынын!



- «Теңіз» дейсің бе?! Мен мұхитта да жүзгенмін!
  - Ал мен бұрын ұша алатын едім.
  - Ал, қане, ұшып көрсетші.
  - Қазір ұша алмаймын: ұмытып қалды.
  - Бірде мен теңізде жүзіп жүргенімде, - деді Мишутка, - маған акула тап берді. Мен оған жұдырығымды сермел қалып едім, ол менің басымды жұтып қойды.
  - Соқ өтірікті!
  - Жоқ, рас!
  - Ал онда қалай тірі қалдың?
  - Мен неге өлуім керек?! Жағаға дейін жүзіп жеттім де, үйге қайттым.
  - Бассыз ба?
  - Әрине, бассыз. Менің неге міндетті түрде басым болуы керек?
  - Басың жоқ болса, қалай жүрдің?
  - Қәдімгідей. Бассыз жүруге болмай ма?
  - Ал қазір сенің қалай басың бар?
  - Басқасы өсіп шықты.
- «Неткен өккі!» деп ойлаған Стасиктің қызғаныштан іші өртенип кетті. Ол енді Мишуткадан да асырып айтуға тырысты.
- Сол да сөз бе еken?! - деді ол. - Бірде Африкада жүргенімде мені крокодил жеп қойды.
  - Мұның енді өтірік! - деп құлді Мишутка.
  - Шын айтам! Еш жалғаны жоқ!
  - Ал сен қазір қалай тірі отырсың?
  - Ол мені қайтадан түкіріп тастады.
- Енді Мишутка ойланып қалды. Ол Стасиктен де асырып айтып, алда соғуды ойлады. Ойланып-ойланып, ақыры былай деді:
- Бір күні мен көшеде келе жаттым. Айналам толы трамвай, жеңіл машиналар, жүк машиналары...

- Білем, білем! - деп айқай салды Стасик. - Қазір сен өзінді трамвайдың қалай басып кеткені туралы айтасың. Олай десең, онда алдағаның.

- Олай емес. Менің әңгімем тіпті де ол туралы емес.

- Ал, жарайды! Өтірігінді соға бер ары қарай!

- Мен осылайша, ешкімге тиіспей, өз жөніммен келе жатқам.

Кенет алдынан бір автобус шыға келді. Мен оны байқамай, шелпек қылып басып кеттім.

- Ха-ха-ха! Міне, нағыз суайт!

- Бұл ешқандай да өтірік емес!

- Сен оны қалайша басып кетесің?

- Ол өте кішкентай еді, ойыншық автобус болатын. Оны бір бала жіппен сүйреп келе жатқан.

- Ә-ә, мұның таң қалатын түгі жоқ, - деді Стасик. - Мен бірде Айға үштым!

- Эхе-ей! Қайда шырқап кеттің? - деп құлді Мишутка.

- Шын айтам! Шын сөзім!

- Немен үштың?

- Ракетамен. Айға басқа қалай үшушы еді?!

- Айдан не көрдің, ал?

- Ол... енді... - деп мұдіріп қалды Стасик. - Мен не көруім керек? Ештеңде де көргем жоқ.

- Ха-ха-ха! - деп қарқылдап құлді Мишутка. - Өзі «Айға үшып бардым» дейді! Ал...

- Шынымен, үшқаным рас.

- Ал неге ештеңде көрмедің?

- Қараңғы болды. Мен түнде үшып едім. Түсімде. Ракетаға отырдым да, әйда, ғарыш кеңістігінде самгадым дейсің!.. Ү-ү-ү!.. Сосын кері қарай үшып келдім. Үшып-үшып келіп, жерге салдыр ете түстім... Сөйтіп, оянып кеттім.

- А-а! - деп есінеп, керілді Мишутка. - Мен оның тұс екенін білмедім ғой. Бірден-ақ айтпайсың ба?!

Осы кезде көрші бала Игорь келіп, қатарларына отырды да, олардың әңгімесін өбден тыңдал болған соң былай деді:

- Ой, суайттарым-ай! Өтірік айтуға үялмайсыңдар ма?
- Неге үяламыз?! Біз ешкімді де алдамаймыз, - деді Стасик.
- Жәй, тек қызық үшін өртүрлі нәрселерді ойлап табамыз да, сосын оны ертегі қылышпайтын айтамыз.

- Ертегі! - деді Игорь кекете мырс етіп. - Қызықты тапқан екенсіндер!

- Ал сен қалай ойлайсың, ойдан шығару оңай шаруа ма?
- Өте қарапайым, одан оңай нәрсе жоқ.
- Ал онда өзің бірденені ойдан шығаршы.
- Қазір... - деді Игорь. - Жарайды.

Мишутка мен Стасик қуанышпайтын кетті де, құлақтарын түріп, тыңдай қалды.

- Қазір, - деп қайталады Игорь. - Э-э-э... гм... кхм... э-э-э...
- Қане, сен неменеге «Э-э..» дей бересің?
- Қазір! Ойланышпайтын кетті де.
- Ал, ойлан, ойлан!
- Э-э-э, - деді тағы Игорь, сосын аспанға қарады. - Қазір, қазір... э-э-э...

- Қане, қашан ойлап шығарасың? Жаңа гана «Оп-оңай» деп жатыр едің ғой!

- Қазір... Мінеки! Бірде мен итті ызаландырып едім, ол мениң аяғымды тістеп, қауышпайтын кетті де. Сөйтіп, аяғымда жараның орны тыртық болышпайтын кетті де.

- Сен мұны ойдан шығардың ба? - деп сұрады Стасик.
- Мен оқиға қалай болды, сол күйінде айтып отырмын.
- Ал біз «ойдан шебер құрастыру керек» дедік қой.

- Мен сендердей шебер емеспін. Мәселен, сендер бәрін де алдайсыңдар, бірақ одан ешқандай табыс түспейді, ал мен жұртты алдасам, пайда табамын.

- Қандай пайда?

- Былай. Кеше кешке папам мен мамам бір жаққа кетіп қалып, Ира екеуміз үйде қалдық. Ира үйіктап қалды, ал мен буфетті ашып, жарты банка варенье жедім. Сосын қалай үсталып қалмаудың жолын ойладым. Варенъені алдып, Ираның бет-аузына айғыз-айғыз етіп жақтый. Мамам келіп: «Варенъені кім жеді?» - деп сұрады. Мен: «Ира», - дедім. Мамам қарап еді, шынында да оның бет-аузы кір-қожалақ, варенье. Бүгін таңтертең ол мамамнан жазасын алды, ал маған тағы да варенье берді. Міне, пайда деген осы!

- Демек, сен үшін біреу жазаланады, ал сен мәз боласың, ө!

- деді Мишутка.

- Саған не болды?

- Ештеңе. Не деуші еді өлгі... Суайт!

- Өздерің суайт!

- Кет, бар! Сенің сәкіде бізбен қатар отырғаныңды қаламаймыз.

Игорь орнынан тұрып, кетіп қалды. Мишутка мен Стасик те үйге қайтты. Қайтар жолда олар балмұздақ сатылып жатқан жерге тоқтай қалып, қалталарындағы ақшасын санады. Сөреде бір түйір балмұздақ қана қалыпты. Сатушы өйел оларға шыбыққа шаншылған соңғы балмұздақты берді.

- Үйге барайық, - деді Мишутка. - Пышақпен тең қылыш берлеміз.

- Кеттік.

Кіре берістегі баспалдақта олар Ираны кездестірді. Оның көздері жасқа шыланған.

- Сен неге жылайсың? - деп сұрады Мишутка.

- Мені мамам қыдыруға жібермеді.

- Не үшін?

- Варене үшін. Шындығында, мен оны жеген жоқпын. Игорь өзі жеп алышп, мені кінәлі етіп шығарды. Ол өзі тойып алды да, менің бетіме, аузыма варене жағып қойыпты.

- Әрине, Игорь жеді. Ол өзі бізге осыны айтып, мақтанған. Сен жыламай-ақ қой. Жұр, мен саган өзімнің жарты балмұздагымды беремін, - деді Мишутка.

- Мен де саган өз үлесімді беремін, тек бір тістеймін де, дәмін көріп, саган беремін, - деп уәде берді Стасик те.

- Ал сендер өздерің жемейсіңдер ме?

- Жоқ, жемейміз. Біз бүгін он шақты балмұздақ жедік, - деді Стасик.

- Қане, балмұздақты үшке бөлейік, - деп ұсыныс жасады Ира.

- Дұрыс! - деді Стасик. - Егер сен бүтін балмұздақты жесен, тамағың ауырып қалады.

Олар үйге барып, балмұздақты үшке бөлді.

- Тәтті балмұздақ, - деді Мишутка. - Мен балмұздақты өте жақсы көремін. Бірде мен балмұздақтың тұтас бір шелегін жегемін.

- Ой сен де айта береді екенсің, - деп мәз болды Ира. - «Тұтас шелекті жеп тауыстым» деп кімді алдағың келеді?!

- Жоқ, ол өте кішкентай еді, қағаздан жасалған, көлемі стақандайған болатын...

1986 жыл, 7 ақпан.

## ТАПҚЫРЛЫҚ

Біз Вовка екеуміз шақпақ қантты уатып отыр едік. Мама-  
мыз бір жаққа кетіп қалған. Бір мезгілде Котька келіп:

- Келіңдер, бір қызық ойын ойнайық, - деді.
- Жасырынбақ ойнайық, - дедім мен.
- Өй, мұнда жасырынатын жер жоқ қой, - деді Котька.
- Неге жоқ? Мен тығылсам, сендер ешқашан таба алмай-  
сындар. Оған тек қана тапқырлық керек.

- Ал, қане, жасырын. Екі ретке дейін санаймын.

Котька жиырма беске дейін санау үшін дәлізге шығып кетті.

Вовка бөлмеден шығып кетті. Ал мен шоланға кірдім.

Шоланда жәке жатқан. Мен соның астына тығылдым.

Міне, Котька 25-ке дейін санады да, іздей бастады. Ол  
Вовканы кереует астынан тез тауып алды да, мені іздеуге  
кірісті. Барлық бөлмелерді, ас үйді қарап шықты. Шоланға  
кіріп, менің жаныма келіп, былай деді:

- Анау кастрольдер... мынау сынған үстел... ескі жәке...

Мұнда жоқ!

Сосын бөлмеге қайтып оралып, сұрай бастады:

- Ол қайда жоқ болып кетті? Вовка, сен көрмедің бе оны?
- Мүмкін, шкафта отырған шығар? - деді Вовка. - Шкафты  
ашып көр...

- Жоқ!

- Мүмкін, буфетке жасырынған шығар...

- Жоқ еken! Ол қайда кетуі мүмкін, ө?

- А, білдім! - деп айқайлап жіберді Вовка. - Ол сандықта!

- Әрине! Енді қайда болушы еді? Манадан бері неге есімізге  
келмеген?

Олар сандықтың қасына барып, қақпағын ашпақ болып  
көріп еді, бірақ ол ашылмады.

- Жабық, - деді Котька.

- Мүмкін, ол ішінен бекітіп алған шығар.

Олар қақпақты қолдарымен сартылдатып ұрып, айқайлай бастады:

- Шық, қане!

- Кел, сандықты төңкерейік, - деді Вовка. - Қане, аудар! Бі-ір!  
Дүңк! Сандық төңкеріліп түсті, сандықтың салмағынан еден сықыр-сықыр етті.

- Жоқ, мұнда жоқ екені анық, - деді Котька. - Бар болса, адам аяғын жоғары көтеріп жата ала ма?!

- Мүмкін ол ас үйде, пештің астында шығар, - деді Вовка.

Олар ас үйге жүгіріп келіп, көсеумен пештің ішін түрткіледі.

- Шық, тез! Енді қолға түстің!

Мен құлкіден жарылардай болып, өзімді-өзім өзер тежеп жатырмын.

- Тоқта! - деді Вовка. - Мен біреуді ұстап алдым.

- Сүйреп шығар бері!

- Қазір... Әп-па! Қане, кім екенін көреміз! Тъфу! Ескі пима екен фой!.. Оны қайдан табамыз енді?

- Білмеймін! Мен өрі қарай ойнамаймын! Шыға фой! - деп айқайлады Котька. - Ойын бітті. Солай отырғың келсе, отыра бер!

Олар бөлмеге қайтып келді.

- Мүмкін, ол комодта шығар? - деді Вовка.

Әлдене сықыр ете қалды.

- Сен комодтан не іздеп жүрсің? Оның осындаі кішкентай жәшікке тығылуы мүмкін бе? - деп ашуланды Котька.

- Несі бар? Тексеріп көру керек, - деді Вовка.

Ол жәшікті қозғап, ұзақ сықырлатып тұрды да, кенет айқай салды:

- Котька, мында кел!

- Не болды? Таптың ба? - деп үн қатты Котька.

- Жоқ, мен шыға алмай қалдым.

- Қайдасың?
- Қомодтамын. Мен комодтың ішінде отырмын.
- Қомодқа неге кірдің?
- Мен мұның ішіне адам жасырынуға бола ма, болмай ма, тексеріп көрейін деп едім. Жәшік қисайып, құлап қалып, енді кептеліп, шыға алмай жатырмын.

Осы кезде мен шыдай алмай, қатты қарқылдаپ құліп жібердім. Котька естіп қалды да, мені іздей бастады.

- Өуелі мені шығарып алшы, - деп жыламсырай үн қатты Вовка.
- Сен айқайламай тұра тұр! Мен құлқінің қайдан естілгенін аңдай алмай қалдым.
- Шығаршы мені! Маған жәшіктің іші қорқынышты!

Котька жәшіктің жанына келіп, Вовканың шығуына көмектесті. Сосын олар шоланға бірге кірді. Котька маған сүрініп, құлап түсті.

- Өй, мына бір жекені қай оңбаган аяқтың астына тастап жүрген? - деп ашууланып, бүркүлдай сөйлеген ол аяғымнан шап беріп, жұлқып тартып қалды. Менің ауырганнан жаным шығып кете жаздады! Жекенің астынан атып шықтым:

- Сен неге жұлқылайсың?
- Мені көрді де, екеуі мәз болды.
- Аха! Ақыры ұсталды! - деп дәлізге жүгіріп шықты олар. - Тра-та-та! Тра-та-та!

- «Трататаламай»-ақ қойындар! Мен енді сендермен ойнамаймын. Адамды жұлқып, сабағаннан ойын бола ма?!

Бөлмеге кірсем... Ой, Құдайым-ай!.. Бәрі тас-талқан болып, быт-шыты шыққан: шкафттардың есігі ашық-шашық, комодтан жәшікті шығарып тастаған, сандық төңкерілген, еден толы ақ ұнтақ...

Осыдан кейін біз бір сағат бойы үй жинадық.

1986 жыл, 7 ақпан.

# ЗАМАЗКА

Бірде, қыстығұні терезе салушы ұста терезенің ағаш жақтауын замазкамен бітеп, сылау жұмыстарын жасап жатты. Костямен Шурик қасында қарап тұрды. Ұста жұмысын бітіріп, кетіп қалған соң олар жаңа ғана жапсырылған замазканы жұлып алғып, әртүрлі аңдардың кейпіне ену үшін бет-ауыздарына жапалатып жаға бастады. Бірақ оларынан ештеңе шықпады. Костя бет-аузына замазканы жағып алды да:

- Қарашы, мен аңға үқсаймын ба? - деп сұрады.

Шурик жақсылап тұрып бір қарады да:

- Шұжықтан аумайсың, - деді.

Костя ренжіп қалды да, замазканы жинап алғып, қалтасына сала салды. Сосын екеуі киноға барды. Жолай Шурик мазасызданып:

- Замазка қайда? - деп өлсін-өлсін сұрай берді. Костя:

- Қалтамда. Немене, жейсің бе оны?! - деп жауап берді.



Олар киноға билет және екі тәтті күлше – пряник қоса сатып алды. Бір кезде ішке кіруге қоңырау соғылды. Жұрт жапатармай ішке ұмтылды. Костя орнын іздең кеткенде, Шурик көшпіліктің ішінен адасып, арт жақта қалып қойды. Міне, Костя өздеріне тиісті екі орынды тауыш алды. Біреуіне өзі отырды да, біреуіне замазканы қоя салды. Бір уақытта бейтаныс біреу келді де, замазканың үстінен отыра кетті.

- Бұл орын бос емес, бұл жерде Шурик отырады, - деді Костя.

- Қайдағы Шурик? Мұнда мен отырамын, - деді бейтаныс адам.

Осы кезде Шурик жүгіріп келіп, Костяның екінші жағына отырды.

- Замазка қайда? - деп сұрады ол.

- Тыныш, - деп сыйырлады Костя, сонсоң қолымен нұсқап, өлгі адамды көрсетті.

- Бұл кім? - деп сұрады Шурик.

- Білмеймін.

- Сен одан неге қорқасың?

- Ол замазканың үстінде отыр.



- Сен оған замазканы неге бердің?
- Бергем жоқ, ол өзі келіп, үстіне отырды.
- Қайтып ал ендеше!

Осы кезде жарық өшіріліп, кино басталды.

- Ағай, - деді Костя, - замазкамды беріңізші.
- Қайдағы замазка?
- Біздің терезеден жұлып алған...
- «Терезеден жұлып алған»?
- Иә, ағай, тап солай. Қайтарыңыз, ағай!
- Ал мен сендерден ештеңе алғам жоқ.
- Біз сіздің алмағаныңызды білеміз. Бірақ сіз оның үстінде

отырсыз.

- Үстінде отырмын?
- Дәл солай.

Бейтаныс орнынан атып тұрды.

- Сен оны манадан бері неге айтпадың, оңбаган?!
- Мен сізге бұл орынның бос емес екенін айттып едім ғой.
- Сен оны қай уақытта айттың? Ол кезде мен отырып қойдым ғой!

- Мен сіздің отырып қоятыныңызды қайдан білейін?!

Бейтаныс отырган орындығын ақтарып-төңкеріп, үңіліп қарай бастады.

- Замазкаларың қайсы, қаскунемдер?
- Тұра тұрыңыз... Міне, ол, - деді Костя.
- Қайсы?
- Міне, орындықта жабысып қалыпты. Біз қазір тазалаймыз.
- Отрыңыз! - деп айқайлады арт жақтағылар.
- Жоқ, отырмаймын! - деді өлгі адам. - Мұнда замазка жатыр.
- Балалар ақыры замазканы орындықтан ажыратып алды.
- Ал, енді жақсы болды, - деді олар. - Отыра беріңіз.

Бейтаныс кісі орнына отырды.

Тыныштық орнады.

Костя экран бетіне назар аудара берген, осы сөтте Шурик құлағына сыйыр ете қалды:

- Сен өзіңдің прянигінді жеп қойдың ба?
- Жоқ өлі. Ал сен ше?
- Мен де. Қане, жейік.
- Жарайды.

Олардың ауыздарын сылпылдатып пряник жеген дыбыстары естілді. Кенет Костя түкіріп жіберді де, қырылдай сөйлеп:

- Сенің прянигің тәтті ме? - деп сұрады.
- Тәтті болғанда қандай!
- Ал менің дәмсіз. Жұп-жұмсақ. Мүмкін қалтамда жатып еріген шыгар.
- Ал замазка қайда?
- Замазка, міне, қалтамда... Тұра тұр! Бұл – замазка емес, пряник. Тфу! Түсінесің бе, қараңғыда замазка мен пряникті айыра алмай қалдым. Тфу! Бәсе, жегенде де дәмсіз еді-ау!

Костя ызаланып, замазканы еденге атып ұрды.

- Сен оны неге лақтырдың? - деп сұрады Шура.
- Ол маған неге керек?
- Саған керек болмаса, маған керек! – деді Шурик. Сонын орындығының астынан замазканы іздей бастады.
- Қайда ол? - деп ашуланды ол. - Ал енді ізде!
- Мен қазір тауып берем, - деді де, Костя орындықтың астына кіріп кетті.
- Ай! - деп ышқынған үн естілді кенет төменгі жақтан. - Босатыңыз, ағай!
- Бұл кім?
- Мен.
- Менің кім?

- Мен, Костя. Жіберіңіз мені!
- Мен сені ұстап тұргам жоқ.
- Сіз менің қолымды ұстап отырсыз!
- Сен орындықтың астында неғып жүрсің?
- Замазканы іздеп жүрмін.

Костя орындықтың астынан шыға бергенде Шурикпен бетпе-бет келіп қалып, мұрнын оның тұмсығына соғып алды.

- Бұл кім? - деді қорқып кеткен ол.
- Бұл – мен, Шурик.
- Ал, мен – Костя.
- Таптың ба?
- Ештеңе тапқам жоқ.
- Мен де түк таба алмадым.
- Одан да қызығы – кино көрейік. Әйтпесе, жұрттың бөрін үркітіп біттік. Бәрі «қаңғырган ит екен» деп ойлап қалып, бетіңе аяғын тосады.

Олар орындықтың астынан шығып, орындарына жайғасқан кезде көз алдарында – экран бетінде «Соңы» деген жазу тұрды.

Жұрт шығар есікке қарай лап қойды. Бұлар да көшеге шықты.

- Біз мына кинодан не көрдік? - деді Костя. - Мен өз басым түк те үққам жоқ.
- Ал мен ше, бірдеңе ұғып па екем?! - деп жауап қайырды Шурик. - Түкке тұрмайтын бірдеңе. Қайдағы бір қаптаған картиналар.

1986 жыл, 31 шінде.

## МҰЗКӘМПИТ

**М**амасы үйден шығып бара жатып Мишаға:  
- Мен кеттім, Мишенька. Ал сен өзінді жақсы ұста.  
Мен келгенше тентектік істеме, еш нәрсеге тиіспе. Егер осылай  
етсең, мен саған ұлken, қып-қызыл мұзкәмпіт сыйлаймын, -  
деді.

Мамасы кетіп қалды. Алғашқыда Миша өзін жақсы ұстады:  
тентек болған жоқ, еш нәрсеге тиіспеді. Біраздан соң оның іші  
пыса бастады. Орындықты буфеттің жанына өкеліп қойды,  
оның үстіне шығып, буфеттің есігін ашты. Буфет ішіне қарап  
тұрып:

«Мен ештеңеге тиіспеймін, бар болғаны көремін» деп  
ойлады.

Ал буфет ішінде қант салғыш түр еді. Ол қант салғышты  
алып, үстелдің үстіне қойды.

«Мен ештеңеге тиіспеймін, бар болғаны көремін» деп ойлады  
тағы да. Қақпағын ашты, қараса – үстіңгі бетінде қып-қызыл  
бірдеңе жатыр.

- Э-э, - деді Миша. - Міне, саған мұзкәмпіт! Мүмкін мамам  
маған осыны берем деген шығар.

Ол қолын салып жіберіп, мұзкәмпітті алып шықты, қант  
салғыштың іші босап қалды.

- Охо, - деді ол, - үп-ұлken! Тәтті-ақ шығар.

Миша оны бір рет жалап алды да, мынадай ойга қалды:  
«Кішкене сорамын да, қайтадан орнына салып қоямын».

Сосын кәмпітті аузына салып, сора бастады. Сорып-сорып,  
бір мезгілде қараса, мұзкәмпіт өлі көп екен. Бұған да керегі  
сол. Ақыры мұзкәмпіт өте кішкентай, шырпыдай ғана бол  
қалды. Сонда барып Мишенька оны қант салғышқа қайта

салды. Саусақтарын жалады, өрі тұрды, бері тұрды, сосын мұзкемпитетке қарап, ойға қалды:

«Бәрін де жеп қояйын. Бәрібір мұны мамам өзіме береді. Мен өзімді жақсы ұстаймын, тентек болмаймын, басқа ештеңеге тиіспеймін».

Миша мұзкемпитетті қайтадан алды да, аузына сұңгітіп жіберді, сосын қант салғышты орнына қоймақ болып көтеріп қалып еді, ол қолына жабысып қалды, сосын жерге барып тарс ете түсті. Екі бөлікке бөлініп, быт-шыты шықты. Ішіндегі қант шашылып қалды.

Миша қорқып кетті.

«Енді мамам не дейді маған?».

Ол екі бөлікті алдып, бір-біріне қилюластыруды. Олар түк болмағандай бір-біріне желімше жабыса кетті, сырт қарағанда тіпті байқалмайды да. Ол шашылған қантты ішіне салып, қақпағын жауып, буфеттің ішіне қайтадан қойып қойды...

Ақыры мамасы да келді:

- Ал, өзінді қалай ұстадың?
- Жақсы.
- Ой, ақылдым сол! Мұзкемпитетінді ала гой.

Мамасы буфеттің есігін ашып, қант салғышты ала берген... Ah!.. Қант салғыш қақ бөлінді, ішіндегі қанты еденге шашылып түсті.

- Бұған не болды? Қант салғышты кім сындыруды?
- Мен емес. Оның өзі...
- Ah, өзі сынды ма? Енді түсінікті. Ал ішіндегі мұзкемпитет қайда үшып кетті?
- Мұзкемпитет... мұзкемпитет... Оны мен жеп қойдым. Мен өзімді өте жақсы ұстадым, сол себепті жедім оны, мама. Солай!..

1986 жыл, 31 шілде.

# ОЙЫНҚҰМАРЛАР

**Б**із – Валя екеуміз ойынқұмармыз. Әрдайым түрлі қызықты ойындар ойнаймыз.

Бірде біз «Үш торай» ертегісін оқыдық. Сосын соның әсерімен ертегідегідей ойнауға қірістік. Өуелі біз бөлме ішінде жүгіріп, секіріп, айқайлай бастадық:

- Біз сұр қасқырдан қорықпаймыз! Сұр қасқыр бізге қорынышты емес!

Мамамыз дүкенге кетіп қалған соң Валя айтты:

- Қане, Петя, ертегідегі торайлардікі сияқты үйшік жасап алайық.

Біз кереуеттің үстіндегі одеялды жұлып алып, үстелдің үстіне өкеп жаптық. Міне, үй де дайын болды. Біз оның ішінے кіріп едік, қап-қараңғы екен.

Валя айтты:

- Міне, бұл – өзіміздің үй! Біз мұнда мәңгілікке өмір сүреміз және үйімізді ешқашан бос тастамаймыз. Егер сұр қасқыр кіріп кететін болса, біз оны қуып шығамыз.

- Үйшіктің терезесі жоқ, қараңғы болғандығы қандай екінішті! - дедім мен.

- Ештеңе етпес, - деді Валя. - Торайлардың үйшігінің терезесі жоқ болады.

- Сен мені көріп тұрсың ба? - деп сұрадым мен.

- Жоқ. Ал сен ше?

- Мен де, - деймін мен. - Мен де сені көріп тұрғам жоқ.

Бір кездемені өлдекім аяғымнан үстай алды! Мен шыңғырып жібердім. Үстел астынан атып шықтым, Валя да ілесе шықты.

- Не болды? - деп сұрады ол.

- Мені біреу аяғымнан үстап алды. Мүмкін, сұр қасқыр шығар?!

Валя қорқып кетті, бөлмеден жүгіріп шықты. Мен де соңынан ілесе шықтым.

Екеуміз дәлізге атып шығып, есікті сарт еткізіп жаптық.

- Қане, - дедім мен, - ол шығып кетпеу үшін есікті басып, ұстап тұруымыз керек.

Біз есікті сыртынан итеріп, өрі тұрдық, бері тұрдық.

Бір мезгілде Валя:

- Мүмкін, онда ешкім жоқ шығар? - деп сұрады.



- Ал менің аяғыма жабысқан кім?
- Ол – мен, - деді Валя. - Мен сениң қай жерде екенінді білейін деп едім.
- Оны мана неге айтпадың?
- Мен қорқып кеттім, - деді ол. - Сен мені қатты қорқыттың гой.

Біз есікті аштық. Бөлмеде ешкім жоқ. Ал үстелге жақындауға қорықтық: кенет тығызып тұрған қасқыр атып шықса, қайтеміз?!

- Бар да, одеялды сыпсырып ал! - дедім мен.
- Жоқ, өзің бар! – деді Валя.
- Оның астында ештеңе жоқ, - дедім мен.
- Ал, мүмкін, бар болса ше?!

Мен үстелге таяп келіп, одеялды серпіп қалдым да, сыртқа жүгіріп шықтым. Одеял сыпсырылып түсті, ал үстелдің астында ешкім жоқ.

Біз мәз болдық. Қайтадан үйшік жасауды ойладап едік, Валя:



- Кенет тағы да біреу аяғымызға жармасып жүрсе, қайтеміз?! - деді.

Сөйтіп, біз «Үш торай» ойынын ойнауды доғардық.

1986 жыл, 31 шілде.

## БАСҚЫШТАР

**Б**үгін Петя балабақшадан онға дейін санауды үйреніп қайты. Оны қақпа алдында қарындасты Валя күтіп алды.

- Мен санай білемін! - деп мақтанды Петя. - Балабақшадан үйрендім. Қазір менің баспалдақтағы барлық басқышты қалай санап шығатынымды қарап тұр.

Олар басқышпен көтеріле бастады, ал Петя бар даусымен басқыштарды санай бастады:

- Бір, екі, үш, төрт, бес...

- Неге кідіріп қалдың? - деп сұрады Валя.

- Асықпа, тұра тұр. Мен басқышты өрі қарай қалай санауды ұмытып қалдым. Қазір есіме түсірем.

- Ал есіне түсір, - деді Валя.

Олар баспалдақтың бойында өрі тұрды, бері тұрды. Петя:

- Жоқ, мен бұлай есіме түсіре алмаймын. Қане, басынан бастайық, - деді.

Олар баспалдақпен төменге тұсті. Қайтадан жоғары көтеріле бастады.

- Бір, - деді Петя, - екі, үш, төрт, бес...

Тағы тоқтады.

- Тағы да ұмытып қалдың ба? - деп сұрады Валя.

- Ұмытып қалдым! Бұл қалай! Бәрін жаттап алып едім, кенет ұмытып қалдым. Қане, қайтадан санап көрейік.

Баспалдақпен қайта түсті, Петя санай бастады:

- Бір, екі, үш, төрт, бес...

- Мүмкін жиырма бес шығар? - деп сұрады Валя.

- Жоқ, олай емес! Ойлануыма кедергі келтірме! Қордің бе, жаңылыстырып жібердің! Басынан бастайық!

- Мен қайта түскім келмейді! - деді Валя. - Бұл не сонда? Жоғары-төмен, жоғары-төмен!.. Менің тіпті аяғым ауырып қалды.

- Түскің келмесе, түспей-ақ қой, - деді Петя. - Ал мен есіме түсірмей тұрып әрі қарай жүрмеймін.


Валя үйіне барып, мамасына:

- Мама, анда  
Петя баспал-  
дақтағы бас-  
қыштарды са-  
нап жатыр: бір,  
екі, үш, төрт,  
бес, ал әрі қа-  
рай білмей тұр,  
- деді.

- Әрі қарай ал-  
ты, - деді мама-  
сы.

Валя жүгіріп  
келсе, Петя өлі  
санап тұр екен:

- Бір, екі, үш,  
төрт, бес...



- Алты! - деді Валя. - Алты! Алты!
- Алты! - Петя қуанып кетті де, өрі қарай санай жөнелді. - Жеті, сегіз, тоғыз, он.

Бір жақсысы – баспалдақ осы жерден бітіп қалды. Өйтпесе, ол үйге бармайтын еді. Өйткені, ол онға дейін ғана санауды үйренді гой.

1986 жыл, 31 шінде.

## ЖАМАУ

**Б**обканың тамаша шалбары болды: жап-жасыл, дәлірек Байтсақ, өскерилердікіндегі көкала жасыл тұсті. Бобка оны қатты жақсы көрді және өрқашан сонысымен мақтанып жүретін:

- Қараңдаршы, балалар, менің шалбарым қандай керемет!  
Солдаттардікіндегі!

Әрине, бәрі оған қызыға қарайтын. Олардың ешқайсысында мұндан жасыл шалбар жоқ еді.

Бір күні Бобка дуалдан секіре бергенде, шеге іліп қалды да, әдемі шалбары жыртылып қалды. Қуйінгеннен жылап жіберуге шақ қалған ол тезірек үйіне жетті де, мамасынан тігіп беруін өтінді.

Мамасы қатты ашуланды:

- Сен дуалдан секіресің, шалбарыңды жыртасың, ал мен тігіп беруім керек пе?
- Мен тіге алмаймын! Тіге қойшы, мама!
- Өзің тік.

- Қолымнан келмейді.
- Жыртқан екенсің, тігуің керек.
- Ал, мен осылай жүре берем, - деп күңкілдеген Бобка аулаға шықты.

Балалар оның шалбарындағы жыртықты көріп, мазақтап күле бастады:

- Солдат болу қайда саған, - деді олар, - шалбары жыртық солдат бола ма екен?!

Ал Бобка болса:

- Мен мамама «тігіп берші» дегем, ал ол тікпей қойды, - деп ақталды.


- Солдаттың шалбарын мамасы тіге ме екен? - деді балалар.
- Солдаттың қолынан бәрі келуге тиісті: киімді жамау да, түймені қадау да.

Бобка ұялып қалды.

Ол үйіне келді де, мамасынан ине-жіп пен мата қындысын сұрап алды. Матадан қиярдың көлеміндей жамау қысп алды. Сосын оны шалбарындағы жыртығының үстіне тіге бастады.

Бұл оңай жұмыс болмады. Оның үстіне Бобка асығамын деп, инені саусағына шашып алды.

- Қолыма неге кіресің? Ah, жексүрын! - деді Бобка инеге. Сосын қолын тағы да түйреп алмау үшін инені еппен ұшынан ұстап алыш, тіге бастады.



Ақыры жамау да тігіліп бітті. Жамаудың шеттері кептірілген саңырауқұлақ сияқты жалбырап шығып тұрды, қолмен тартқан кезде дөңгеленіп бүрісіп қалды да, шалбар да қысқарып қалды.

- Мына түрімен бұл неге жарайды? - деп күнкілдеді Бобка, шалбарды жақсыладап қарап шыққан соң. - Өлі де нашар. Қайтадан тігу керек.

Ол пышақты алып, жамауды сөге бастады. Сосын оны қыртысын жазып, тегістеді де, қайтадан шалбардың бетіне қойды. Жамаудың шетін айналдыра қара қарындашпен сзып шықты да, оны қайта тігуге кірісті. Ол енді асықпай, мұқият тікті және сзықтан шығып кетпеу үшін ұзақ уақыт бойы тапжылмай отырды.

Ол танауы пысылдалап, айлап-үхілеп ұзақ отырды. Соның нәтижесінде жұмысын аяқтап, істеген ісін тексеріп, сын көзімен қарағанда, жамаудың жақсы болып шыққанын көрді. Ол тігісі білінбестей өте жатық, өдемі, сондай-ақ тіспен тартса да жыртылмайтындей берік, тамаша боп тігіліпті.

Ақыры Бобка шалбарын киіп, аулаға шықты. Балалар оны қоршай қалды.

- Міне, жарайсың! - деді олар. - Қараңдаршы, жамаудың шеті қарындашпен сзыылған. Өзінің тіккені бірден белгілі.

Ал Бобка болса, барлығына көрінетіндей етіп, барлық бағытқа шыр айналып шықты да, өзіне-өзі көңілі толған кейіппен:

- Эх, менің тағы да түймемнің үзіліп қалмаганы қандай өкінішті, оны да тігіп алатын. Әй, оқасы жоқ. Әлдеқалай үзіліп қалса, міндетті түрде өзім тігіп аламын, - деді масаттана.

1986 жыл, 31 шінде.

# METRO

Біз – мамам, Вовка үшеуміз Москвада тұратын Оля апай-дышқ үйіне қыдырып бардық. Алғашқы күні-ақ мамам мен апай Вовка екеумізді үйге қалдырып, дүкен аралауга кетті. Бізге іші суретке толы ескі альбом берген, екеуміз отыра қалып, соны тамашалай бастадық. Өстіп альбомды қайта-қайта қарай-қарай, одан жалығып кеттік.

- Біз күн сайын осылай үйде қала берсек, Москваны көре алмаймыз, - деді Вовка.

Терезеден сыртқа көз салдық. Қарсы алдымызды метро станциясы тұр.

- Кеттік, метромен зулайық, - дедім мен.

Біз станция басына келіп, билет алдық та, жер астына түстік. Басында қорқынышты көрінген, аздан соң бойымыз үйреніп, бірте-бірте қызық бола бастады. Екі аялдамадан кейін түсіп қалдық.

«Станцияны аралап шығамыз да, кейін қайтамыз» деп ойладым мен.

Станция ішін көзben шолдық. Өне, жылжымалы саты – эскалатор қозғалып тұр. Оның үстімен адамдар жоғары-төмен кетіп барады. Біз де сырғанай бастадық: жоғары-төмен, жоғары-төмен... Аяғыңды қозғап, жүріп әлекке қалудың тіпті қажеті жоқ: жылжымалы сатының өзі-ақ тасиды.

Эскалатормен сырғанап, поезға отырып, құмарымыз қанғанша ойнаған соң, кері қайттық.

Екі аялдамадан соң түсіп қалдық. Айналама қараймын – бұл біздің станция емес!

- Мүмкін, біз бұл жермен жүрмеген шығармыз, - дейді Вовка.

Біз енді басқа поезға отырып, кері қарай кеттік. Бұрынғы

жерімізге қайтып келдік – тағы да біздің станция емес! Біз қорқа бастадық.

- Біреу-міреуден сұрайық, - деді Вовка.
- Қалай сұрайсың? Сен қай станциядан мінгеніңді білесің бе?
- Жоқ. Ал сен ше?
- Мен де білмеймін.
- Кеттік, барлық станцияны аралап шығайық, танитын біреу-міреу кездесер, - деді Вовка.

Біз станцияны аралай бастадық. Станция ішін кезіп-кезіп, басымыз айналды.

Вовка қынқылдай бастады:


- Кеттік, жүр!
- Қайда барамыз?
- Қайда болушы еді!? Мен жоғарыға шыққым келеді!
- Жоғарыда не бар?
- Жер астында жүргім келмейді!

Сөйтті де, бақыра бастады.

- Жылама, - дедім мен. - Милиция үстап алады.

- Үстап ала берсін! Э-э-э!..

- Ал, кеттік, кеттік. Тек бақырма. Өне, милиционер бізге на- зар аудара бастады!



Оның қолынан шап беріп ұстап алдым да, жылжымалы сатыға қарай сүйрелей жөнелдім. Жоғары көтерілдік. «Бұл бізде қайда апарады? - деп ойладым мен. - Алдымызда не күтіп тұр?».

Бір кезде басқа баспалдақтың үстінде Оля апай мен мамам кетіп бара жатқанын көзіміз шалып қалды. Мен айқай салдым:

- Мама!

Олар да бізді көріп, айқайлап жатыр:

- Сендер мұнда неғып жүрсіңдер?

Ал біз болсақ:

- Біз енді рұқсатсыз ешқайда бармаймыз! - деп қоямыз.

Құр айқайлағаннан ештеңе шықпады: біздің саты жоғары шығып кетті, ал олардың ін тәменге түсіп кетті.

Біз жоғарыға шыққан бойда басқа сатымен олардың соңынан тәмен қарай зуладық.

Бір кезде қарасақ, олар басқасымен жоғары көтеріліп келеді! Бізді көріп, тағы айқай салды:

- Қайда баrasыңдар? Неге кідіре тұрмадыңдар?

- Ал біз сендердің соңдарыңдан қуып жүрміз!

Тәмен түстік. Мен Вовкаға:

- Қүте тұрайық. Олар қазір бізге келеді, - дедім. Құтіп тұрмыйз, күтіп тұрмыйз, олар көрінер емес.

- Мүмкін олар бізді күтіп тұрган шыгар, - деді Вовка. - Кеттік.

Келе жатсақ, олар басқа эскалатормен бізге келе жатыр.

- Біз сендерді күтіп тұрдық, - деп айқайлайды.

Айналамызыдағылар қарқылдаш күліп жатыр.

Біз үстіне шыққан соң, тәменге қайта түстік. Ақыры ұстап алдық.

Мамамыз рұқсатсыз далага шыққанымыз үшін ұрса бастады, ал біз болсақ, станцияны қалай таба алмай қалғанымызды айтып жатырмыз.

Апай:

- Сендердің станцияны қалай таба алмағандарыңа түсінбеймін. Мен күн сайын метромен жүремін, бірақ бірде-бір рет адасқан емеспін. Ал, жақсы, үйге кеттік, - деді.

Біз поезга отырып, жүріп кеттік.

- Эх, жаяу-жалпылаған қарақтарым-ай! - деп құлді апай.  
- қолғаптарыңды іздейсіңдер, ал олар белдерінде жүр. Станцияны таба алмай...

Осылайша ол жол бойы бізді мазақтаумен болды. Станциямызға келген соң, Оля апай айналасына көз салып:

- Тфу! Әбден шатастырдыңдар мені! Бізге керегі Арбат болатын, ал біз Курск вокзалынан бір шығыппыз. Бұл жер емес, - деді.

Біз басқа поезга мініп, кері қайттық. Енді апай да бізге құлген жоқ. «Жаяу-жалпыларым-ай!» деп мазақтаған да жоқ.

1986 жыл, 1 тамыз.

## ҚИЯРЛАР

**Б**ірде Павлик қасына Котьканы ертіп, өзенге балық баулауға барды. Бірақ бұл күн сәтсіз болды: қармағына бірде-бір балық ілінбеді. Есесіне олар қайтар жолда колхоз бақшасына кіріп, қалталарын толтырып қияр салып алды.

Колхоз қарауылы бұларды байқап қалып, ысқырды. Олар қаша жөнелді. Үйге келе жатып Павлик «Бөтен бақшага ұрлыққа түсkenім үшін жаза тартармын» деп ойлады да, өзінің қиярларын Котькаға берді.

Котька үйге көнілді кірді:

- Мама, мен саған қияр өкелдім!

Мамасы оның екі қалтасы мен қойны-қонышы толы қиярларға және қос қолындағы үлкен-үлкен екі қиярга таңдана қарады.

- Сен бұларды қайдан алдың? - деді ол.
- Бақшадан.
- Қай бақшадан?
- Ана жақтағы, өзен жағасындағы, колхоздықі.
- Кім саған рүқсат етті?
- Ешкім де. Мен өзім жұлдып алдым.
- Демек, «Үрлап алдым» де?!
- Жоқ, үрлап алғам жоқ, мен өзім жәй... Павлик те алды, мен неге алмауым керек? Сөйттім де, алдым.

Котька қиярларды қалтасынан шығара бастады.

- Тоқта, тоқта! Шығарма! - деді мамасы.
- Не үшін?
- Дәл қазір кері апар!
- Мен мұны қайда апарам? Оларды атызда өсіп тұрған жерінен жұлдып алдым. Бәрібір олар енді өспейді ғой.
- Ештеңе етпейді, апарасың да, қайдан жұлдып алдың, сонда қоясың.
- Өй, онда мен мұны лақтырып жіберемін.
- Жоқ, лақтырмайсың! Сен оны отыргызып, егіп, өсірген жоқсың, сондықтан лақтыруға хақың жоқ.

Котька жылап жіберді.

- Онда құзетші бар. Ол бізге ысқырды, ал біз қашып кеттік.
- Қордің бе, не істегенсің?! Ал егер ол ұстап алса ше?
- Ол бізді құған жоқ. Ол – қарт адам.
- Сен қалайша ұялмайсың? - деп ұрысты мамасы. - Атай бұл қиярлар үшін басымен жауап береді. Қиярлардың жоғалғаны белгілі болғасын, қарауылды кінөлайды. Жақсы бола ма сонда?!

Мамасы қиярларды Котканың қалтасына салып берді. Котька бақырып тұрып жылай бастады:

- Бармаймын! Атайда қару бар. Ол мені атып өлтіреді.
  - Өлтіре берсін! Менің ұры балам болғаннан – болмағаны артық.
  - Жарайды, мама, бірақ сен менімен бірге жүрші. Аула іші қараңғы. Қорқамын.
  - Ал ұрлап алғанда қорықпайсың, ә?!
- Мамасы қалтасына сыймай қалған екі қиярды Котьканың қолына ұстасып, жетелеп апарып, есіктен шығарып жіберді.
- Не қиярды апар, не үйден кетіп тын! Сен менің ұлым емессің!

Котька артына жалтақ-жалтақ қарап, ақырын басып көшеге шықты.

Бұл кезде қараңғылық түсіп кеткен еді.

«Қазылған орга лақтыра салам да, «Апардым» деп айтам, - деп ойлады Котька жан-жағына қарап тұрып.

- Жоқ, апарып беруім керек: тағы біреу көріп қойып, мені атайға ұстап беріп жүрер».

Ол көшө бойында көз жасын тыя алмай, жылап келе жатты. Оған соншалықты қорқынышты еді.

«Павликке рахат! - деп ойлады Котька. - Ол маған өзінің қиярларын



берді, ал өзі тып-тыныш үйінде отыр. Оған ештеңе де қорқынышты емес».

Көткө ауылдан шығып, егістіктің ішімен жүрді. Айналада тырс еткен тіршілік белгісі жоқ. Ол қорқыныштан дедек қағып жүгіріп отырып, бақшага қалай жеткенін сезбей де қалды. Қарауылдың күркесінің жанында тұрып бар даусымен бақырып жылай бастады. Күзетші естіп, оған жақындалап келді.

- Сен неге жылап тұрсың? - деп сұрады ол.

- Атай, мен қиярларды қайтып өкелдім.

- Қайдағы қияр?

- Павлик екеуміз жұлып алғып едік. Мамам: «Қайта апарып таста», - деді. Сосын сізге қайтып өкеліп тұрмын.

- Мәссаған, керек болса! - деп таңданды күзетші. - Демек, қиярларды жұлып алғып, мен ысқырған кезде қашқан сендер екен гой! Бұларың жақсы емес!

- Павлик алған соң, мен де алғып едім. Ол өзінің қиярларын маған берді.

- Алсен Павликке ермей, өз қатендей өзің түсінуің керек еді. Жарайды, енді бұлай істеме. Қиярларды тастада, үйіңе қайт!



Кöttka қиярларды шығарып, атыз бойына қоя бастады.

- Барлығы осы ма? - деп сұрады шал.

- Жоқ... біреуі жетіспейді, - деді де, Кöttka тағы жылай бастады.

- Неге жетпейді, қайда ол?

- Атай, бір қиярды мен жеп қойдым. Енді не болады?

- Не болушы еді? Ештеңе болмайды. Жедің бе – жедің. Ас болсын!

- Ал сізге, атай, бір қияр жоғалғаны үшін ештеңе болмай ма?

- Eh, сен де! Ол не дегенің?! - деп қарқылдалап күлді атай. - Жоқ, бір қияр үшін ештеңе де болмайды. Егер сен қалғандарын да өкелмеген болсаң, онда әңгіме басқа.

Кöttka үйіне қарай жүгіре жөнелді. Қенет қалт кідірді де, артына жалт бұрылып, айқай салды:

- Атай, атай!

- Тағы не боп қалды?

- Сонда менің жеген бір қиярым не болып есептеледі – ұрланған ба, өлде...

- Хм! - деді атай. - Міне, тағы мәселе қайда жатыр! Жарайды, сен оны ұрлаған жоқсың.

- Қалайша?

- Менің саған сыйлағаным деп есептей фой.

- Рахмет, атай! Мен кеттім.

- Бар, бара фой, балам!

Кöttka егістік ішімен, аңғар арқылы, одан көпір үстімен үйіне жеткенше бар екпінімен зымырап, құстай ұшты. Қуанышы қойнына сыймай барады.

1986 жыл, 1 тамыз.

# МИЛИЦИОНЕР

**А**лик бұл дүниеде милиционерден қатты қорқатын. Өйткені, оны үй іші үнемі милиционерді айтып, қорқытатын. Алда-жалда тіл алмай, тыңдамай бара жатса, болды:

- Қазір милиционер келеді! - дейтін.

Тентек болса, тағы да:

- Милиционер келіп, қамап тастайды! - дейтін.

Бірде Алик үйдегілерден сұранбастан, далаға кетіп қалды. Ол тіпті қалай болғанын өзі де білмей қалды. Аулаға ойнауга шыққан, сосын жүгіріп көшеге шықты. Жүгіре-жүгіре, танымайтын жерге тап болды. Адасқанын білген соң, әрине, бірден жылай бастады. Айналасына жұрт жиналып қалды.

- Қайда тұрасың? - деп сұрап жатыр халық.

Ал ол қайда тұратынын өзі де білмейді.

Әлдебіреу:

- Мұны милицияға апарып тапсыру керек. Мүмкін, сондағылар үйін тауып берер, - деді.

Ал Алик болса, милицияның атын естігенде, бұрынғыдан да бетер бақырып жылай бастады.

Осы кезде милиционер келіп жетті. Ол Аликке еңкейіп:

- Сенің атың кім? - деп сұрады.

Алик басын көтеріп, милиционерді көрді де, қорыққанынан қаша жөнелді. Бірақ алысқа ұзап кете алмады. Қөвшілік оны тез қуып жетіп, ұстап алды да, тағы да қашып кетпеуі үшін қолынан мықтап ұстап тұрды.

- Милицияға бармаймын! Одан да адасып кеткенім артық, - деп бақырды ол.

- Адасуға болмайды, - деп жұбатып жатты оны жұрт.

- Мен өзім-ақ тауып алам!

- Қалай тауып аласың? Мына жүрісіңмен таба алмайсың!

Осы кезде милиционер тағы келді. Алик оны көргенде, ой-байлай бастады. Милиционер оның өзінен қорқып тұрғанын түсініп, қақпаның артына жасырынды.



- Жә, айқайлама. Қөріп тұрсың ба, милиционер жоқ, кетіп қалды, - деді адамдар.

- Жоқ, кеткен жоқ! Ол, өне, қақпаның артында тығылып тұр. Мен қөріп тұрмын!

Милиционер қақпа артында тұрып:

- Азаматтар, оның фамилиясын біліңдерші, мен милицияға хабарлайын, - деп айқайлады.

Бір әйел Аликке:

- Міне, менің кішкентай балам бар, ол ешқашан адаспайды. Себебі, өзінің фамилиясын біледі, - деді.

- Мен де білемін, - деді Алик.

- Ал онда айта қойшы.

- Кузнецов. Ал аты-жөнім – Александр Иванович.

- Міне, жарайсың! - деп мақтады әйел. - Қөрдің бе, сен бәрін білесің!

Ол милиционерге барып, мұның фамилиясын айтты. Милиционер милициямен хабарласты да, қайтып келіп, былай деді:

- Ол онша қашықта тұрмайды: Песchan көшесінде екен. Балақайды үйіне апаруға кім жәрдемдеседі? Әйтпесе, ол, неге екенін, менен қатты қорқады.

- Мен жеткізіп тастанын. Мүмкін, оның маған бойы үйренген шығар, - деді Аликтің фамилиясын сұраған әйел.

Ол Аликті ертіп, үйін іздеуге кірісті. Ал милиционер болса, кетіп қалды. Алик сабасына түсіп, жылауын тоқтатты. Тек ол милиционердің артынан қайта-қайта қарай берді.

- Ал милиционер неге кетіп қалды? - деп сұрады ол әлгі әйелден.

- Сен одан қорықпа! Ол қоғамдық тәртіпті қадағалайды. Қөрдің бе, сен оған фамилияңды айтқың келмеді, ал мен айтып беріп едім, ол милициямен хабарласып, мекен-жайынды

тез тауып берді. Себебі, онда – милицияда барлық фамилиялар мен мекен-жайлар жазулы тұрады...

Осыдан кейін Алик милиционерден қорықпайтын болды. Өйткені, олардың тәртіпті қадағалайтынын жақсы біледі.

*1986 жыл, 1 тамыз.*

## ЖАСЫРЫНБАҚ

Витя мен Славик – көршілер. Олар әрдайым бір-біріне қонақта барады. Осындай бір күні әдеттегідей Витя Славикке қонақта келді.

- Кеттік, жасырынбақ ойнайық, - деді оған Славик.  
- Жарайды, - деп келісе кетті Витя. – Мен бірінші жасырынамын.

- Болсын, ал мен іздеймін, - деді Славик.  
Сосын дәлізге шығып кетті.

Витя бөлме ортасындағы кереуеттің астына жасырынды да:  
- Дайынмын! - деп айқайлады.

Славик келіп, оны тез тауып алды. Витя кереуеттің астынан шығып келе жатып:

- Бұл дұрыс емес! Мен дұрыс жасырынбадым! Егер мен жақсылап тығылғанда, сен таба алмас едің. Қайта жасырынам, - деді.

- Ал, жарайды, қайта тығыл, - деп келісті Славик.  
Сосын тағы да дәлізге шығып кетті.

Витя аулаға жүгіріп шықты да, тығылатын жер іздеді.  
Сарай жанындағы ит үйшігінің ішпінде жатқан Бобикті

көрді. Ол тездетіп Бобикті қуып шықты да, өзі оның орнына жасырынып, тағы да айқай салды:

- Дайынмын!

Славик аулаға шығып, Витяны іздей бастады. Іздең-іздең, ақыры таба алмады.

Ал Витяны үйшіктегі қозғалмастан отыру өбден жалықтырды да, ол енді үйшіктен сығалап, сыртқа қарай бастады. Осы кезде Славик оны көріп қалды да, айқайлап жіберді:

- Ө, міне, тығылған жерін қара! Шық, қане!

Витя үйшіктен шықты да:

- Бұл дұрыс емес! Сен мені тапқан жоқсың! Мен өзім көрініп қалдым, - деді.

- Сен неге басынды шығарып қарадың?

- Мені үйшіктің ішінде екі бүкіттіліп отыру жалықтырып жіберді. Егер мен бүкірейіп отырмaganда, сен таба алмас едің. Қайта тығыламын.

- Жоқ, енді жасырынатын менің кезегім, - деді Славик.

- Онда мен мұлде ойнамаймын! - деп ренжіді Витя.

- Жарайды, бір жолға тығыла қой, - деп келісті Славик.

Витя бөлмеге кірді де, есікті жауып, ілгішке ілулі түрған пальтоның артына жасырынды. Славик оны қайтадан іздей бастады. Ол есікті ашып қалғанда, Бобик атылып барып, киім ілгішке жетті де, Витяны жалай бастады. Витя ашуланып, Бобикті аяғымен жасқады. Славик көріп қалды да, айқайлады:

- Ө, міне, қайда тығылып түрғанын қара! Ілгіштің астында! Қане, шық!

Витя шыққан соң:

- Бұл дұрыс емес! Мені сен тапқан жоқсың! Мені мына Бобик тапты. Қайта жасырынамын, - деді.

- Бұл не сонда? - деді Славик. - Ылғи сен тығыласың, ал мен іздең жүремін.

- Мені енді тағы бір рет тауып алған соң, сен жасырын, - деді Витя.

Славик қайтадан көзін жұмды, ал Витя ас үйге кірді де, шкафтан барлық ыдысты шығарып тастап, өзі шкафқа жасырынды:

- Болды! Дайынмын!

Славик ас үйге кірді де, шкафтан шығарылып тасталған ыдыстарды көріп, Витяның қайда екенін бірден білді. Ол білдірмей, ақырын жақындаш келді де, шкафтың ілгішін сыртынан сала қойды. Ал өзі аулаға шығып, Бобикпен жасырынбақ ойнауга кірісті. Бұл тығылады, ал Бобик іздейді.

«Міне, тамаша! - деп ойлады Славик. -  
Бобикпен ойнаған Витямен ойнағаннан  
әлдеқайда артық екен!».

Ал Витя болса, шкафта өрі отырды, бері отырды, бұлай отыра беру оны әбден жа-лықтырды. Ол сыртқа шықпақ болып, ите-ріп көріп еді, есік ашылмады.

Витя қор-  
қып кетті  
де, айқай  
салды:

- Сла-  
вик! Сла-  
вик!



Славик оның даусын естіп, жетіп келді.

- Босат мені! - деп айқайлады Витя. - Есік неге ашылмай қалды?

- Егер мені іздейтін болсаң, босатамын.

- Неге мен іздеуім керек? Сен мені тапқан жоқсың.

- Мен тауып алғам.

- Мені сен тапқан жоқсың! Мен өзім айқайладым. Егер мен айқайламағанда, сен таба алмас едің.

- Жарайды, онда отыра бер, мен қызыруға кеттім, - деді Славик.

- Мұның дұрыс емес, - деп ышқынды Витя. - Бұл жолдастық емес.

- Ал мені мәжбүрлеп ылғи іздетіп қою жолдастық па?

- Жолдастық.

- Онда шкафта кешке дейін отыра бер.

- Жарайды, іздейін. Тек босатшы мені, - деп жалынды Витя.

Славик ілгішті ағытты. Витя шкафтан атып шықты да, ілгішті көріп:

- Сен мынаумен мені өдейі бекіттің ғой, ө? Сені ізdemеймін!

- деді.

- Керегі де жоқ, - деді Славик. - Мен Бобикпен тамаша ойнадым.

- Қалай, сонда Бобик іздей алатын болғаны ма?

- Іздеңде қандай! Сенен өлдеқайда жақсы!

- Жүр, кеттік онда, екеуміз Бобиктен жасырынайық.

Витя мен Славик Бобикпен жасырынбақ ойнауга аулаға шықты. Бобик жасырынбақты жақсы ойнайды екен, тек көзін жұмбайтыны болмаса.

1986 жыл, 1 тамыз.

## ҮШ АҢШЫ

Баяғыда Ваня ағай, Федя ағай және Кузьма ағай деген көңіл-ді үш аңшы болды. Олар орманға келді. Орманды аралап жүріп, алуан түрлі аңдарды кездестірді, бірақ ешқайсысын да өлтірген жоқ. Сосын олар өздеріне лайықтап демалатын жайлышын жасамақ болды. Сөйтіп, көк майсалы шалғынға отырып алыш, бір-біріне әртүрлі қызықты жайттар туралы өңгіме шертіп отырды. Өуелі өңгімені Ваня ағай бастады:

- Ал, тыңданцар, - деді ол. - Бұл өзі – ертеде болған оқиға. Қыс мезгілі болатын. Бір күні мен қалай болса-солай орманға келдім, қолымда қаруым да жоқ болатын. Ол кезде мен әлі кішкентай едім. Бір мезгілде қарасам, қасқыр келе жатыр. Өзі



іп-ірі. Мен қаша жөнелдім. Қасқыр да көріп қалды, тіпті қарузыз екенімді де байқап қалды. Соңымнан қуып берді дейсін!

«Ал енді, бұдан қашып құтылып көр!» деп ойладым мен.

Сөйтіп, алды-артыма қарамай зытып келе жатқанымда, алдынан бір ағаш кездесті. Қасқыр шап бергісі келген, бірақ мен қолына түспедім. Тек қана тісімен шалбарымның артын жыртып жіберді. Мен ағашқа өрмелеп шығып, қорықканымнан бұтаққа жабысып отырдым. Ал қасқыр болса, ағаш түбінде шоқысып отырып алып, менің әрбір қимыл-қозғалысымды бақылап отыр.

«Жарайды, көп болса, мұнда кешке дейін отырармын. Тұнде қасқыр үйықтап қалғанда қашып кетермін» деп жұбаттым мен өзімді.

Кешке қарай тағы бір қасқыр келді. Енді олар мені екеуlep



күзете бастады. Біреуі ұйықтайды, ал біреуі мен қашып кетпесін деп аңдып отырады. Аз уақыттан соң үшінші қасқыр келді. Сонын тағы, тағы... Осылайша ағаш астына қасқырлардың тұтас бір үйірі жиналды. Бәрі де айнала отырып алып, маған қарап тістерін қайрайды. Менің жоғарыдан құлап түсер сөтімді күтіп отыр.

Таңертең аяз күшіне мінді. Қырық градустай болды. Менің аяқ-қолдарым жансызданып қалды. Мен бұдан әрі бұтақ үстінде шыдаپ отыра алмадым. Тәменге гұрс ете түстім. Барлық қасқыр маған қарай тұра үмтүлды. Әлдене сатыр ете қалды!

«Бұл – сатыр етіп сынған сүйектерім шығар» деп ойлап үлгердім мен.

Ал, шындығында, мен отырган ағаш түбіндегі қар ойылып кеткен екен. Мен құлаған бойыммен барып апанға түсіп кеттім. Әрине, апан ішінде аюлар бар болатын. Аю шошып ояңды да, қорыққаннан сыртқа атып шықты. Сонан соң қасқырларды көріп, тырағайлатып қуып берді. Бір минут ішінде барлық қасқырды тырқыратып қуып тастады.

Менің бойыма батырлық бітіп, апан ішінен сыртқа көз салдым. Қарасам, бірде-бір қасқыр атаулы көрінбейді. Апаннан шығып алдым да, қаша жөнелдім. Үйге ынтығып жүгіріп жеткенде екі иығымнан өзөр-өзөр дем алып түр едім. Сонымен, мамам шалбарымның жыртығын сырт көзге байқалмайтындей етіп әдемілеп тігіп берді. Ал папам болса, осы оқиғаны естіген бойда, дереу маған қару сатып өперді. Міне, мен осылайша аңшы болып шыға келдім.

Федя ағай мен Кузьма ағай Ваня ағайдың қасқырдан қалай қорыққанына әбден ішек-сілесі қата күліп алды. Сонан соң сөз кезегін Федя ағай алды:

- Мен бірде орман ішінде аюдан қатты қорыққанмын. Тек ол сенікіндей қыстығұні емес, жаз мезгілі болатын. Бір күні



мен орманға келдім, ал қаруым үйде ұмыт қалыпты. Қенет, аюға кездестім де, қаша жөнелдім. Ал ол менің соңымнан тұра қуды. Мен барынша тез жүгіріп келемін, ал аю менен де қатты жүгіреді. Оның танауы пысылдап, арқама төне түскенін сездім. Жалт бұрылдым да, бәркімді шешіп алып, аюға лақтырдым. Аю бір сөт кідірді де, бәркімді иіскеледі. Сосын тағы да соңымнан қуа жөнелді. Үйге дейін өлі алыс еді. Жүгіріп келе жатып күрткамды шешіп, аюға лақтырдым.

«Тым құрыса, сөл ғана, бір минутқа тоқтайтын шығар» деп ойладым ішімнен.

Бірақ аю күртканы дал-дал қылыш жыртып, ішіне үңілді де, жейтін ештеңе жоқ екенін көрді. Соңымнан қайта қуып берді. Маған енді оған шалбарым мен етігімді лақтырудан басқа лаж қалмады. Бірақ мен оны тоқтата алмадым.

Орманнан ішкиімшең жүгіріп шықтым. Алдында жіңішке

жылға мен жылға үстіне салынған шағын көпір бар еді. Мен көпір арқылы жүгіріп өте беріп едім, артымнан өлдене сатыр ете қалды. Жалт бұрылып қарасам, кішкентай көпір аюдың салмағына шыдамай, опырылып кетіпті. Аю құмп етіп жылға түсіп кетті.

«Міне, адамнан қорықпағаныңың сазайы сол» деп ойладым мен.

Көпірдің асты онша терең емес еді. Аю жағаға шықты да, сілкініп алыш, келген ізімен кері қарай орманға кетіп қалды.

Ал мен өзіме-өзім: «Жарайсың, Федя! Аюды оқсатып құллаттың!» дедім де, іле-шала «Ал енді үйге қалай бармақпын? Менің мынау жалаңашқа жақын түрімді көріп, көшедегі адамдар құледі ғой» деп ойладым.

Қараңғы түскенше осында, бұтақтың астында тығылып отыра тұруды, сосын барып ақырын үйге қайтуды жөн көрдім. Бұтақтың астында жасырынып кешке дейін отырдым. Қараңғы түскен соң шықтым да, өрең-өрең көшеге түстім. «Біреу-міреу кездесіп қалмаса екен» деп, айналама жалтақтай қарап, егер кездесе қалса, бір қараңғылау бұрышқа ыршып түсіп, көзіне түспей қалуды ойлап келемін.

Ақыры үйіме де жеттім-ау! Есікті ашпақ болып едім, жабық тұр, ал менде кілт жоқ. Кілт манағы куртканың қалтасында қалған. Ал куртканы мен аюға лақтырганмын. Маған қайтадан куртканы тауып алыш, қалтасынан кілтті алуым керек болды, ал ол мүмкін емес еді.

Не істеу керек? Есікті бұзып кірмек болдым, бірақ ол мықты екен.

«Тұнде даладан да тоңа қоймаспын» деп ойладым. Еппен қимылдалап, шатырдың терезесіне жайғастым.

Кенет, менің аяғымнан өлдекім шап берді де, бар даусымен айқай салды:



«Ұстандар, мұны! Ұстандар!». Әр-әр жерден тез арада адамдар жиналып қалды. Біреулері: «Ұстандар мұны! Бұл – ұры! Ол бөтен біреудің терезесіне отырды!» - деп айқайлайды.

«Милицияға беру керек! Милицияға!» - дейді басқалары да қостап.

«Ағайындар-ау, мені неге милицияға апармақсындар? Мен өз үйімнің алдында отырмын фой», - деймін мен.

Осы кездे мені ұстап алған кісі былай деді:

«Сендер оны тыңдамаңдар, бауырлар! Мен мұны артынан аңдып жүрдім. Ол әрдайым қуыс-қуысқа, қараңғы бұрыштарға тығылып жүрді. Мына үйге келгесін, өуелі есікті сындырмақшы болды. Сосын есікке өлі келмегесін, терезеге жайғасты».

Осы тұста милиционер де келіп жетті. Барлығы оған не болғанын айтып берді.

Милиционер:

«Документіңіз қайда?» - деп сұрады.

«Қайдағы документ? - деймін мен. - Оны аю жеп қойған».

«Сіз қылжақты қысқартыңыз! Қайдағы аю айтып тұрғаныңыз?!».

Мен басынан бастап болған жайды баяндай бастап едім, ешқайсысы менің сөзімді тыңдағысы келмеді. Осы кезде шулаған дауысты естіп, көрші әйел Даша апай үйінен шықты. Мені көрді де:

«Босатындар оны! Бұл – біздің көрші, Федя ағай. Ол осы үйде тұрады», - деді.

Милиционер оған сеніп, мені босатты.

Ал келесі күні мен өзіме жаңа костюм, жаңа қалпақ және су жаңа етік сатып алдым.

Міне, содан бері мен сол жаңа костюміммен сөн құратын болдым.

Ваня ағай мен Кузьма ағай Федя ағайдың басынан кешкендерін естіп, мәз болып күліп алды. Содан соң Кузьма ағай әңгімесін бастады:

- Мен де бір күні аюға кездесіп қалдым. Бұл өзі қыстығұні болды. Орманда жайбарақат келе жаттым. Бір қарасам... аю! Мылтықпен басып салдым. Аю жерге гұрс етіп құлады. Мен оны шанаға салып алдым да, үйге қайттым. Деревняға шанамен сүйреп өкелдім. Сүмдық ап-ауыр болды. Сау болғыр, ауылдың балалары жүгімді үйге дейін жеткізіп тастауға көмектесті.

Мен аюды өкелдім де, ауланың ортасына қойдым. Кішкентай ұлым Игорь оны көргенде, аузын ашып қалды.

«Ой, қандай жақсы болды! Сен қазір аюдың терісін сипырасың, сосын одан саған тон тігіп беремін», - деді әйелім.

Сөйдеді де, әйелім мен ұлым шәй ішуге кетті. Мен теріні си-

пыруға кірістім. Осы кезде, қайдан сап ете қалғаны белгісіз, төбет итім Фоксик жүгіріп келді де, аюдың құлағына ауыз салып, тістеп алды! Аю атып түрдү да, Фоксиктің аузынан жүлқынып шықты! Сөйтсек, ол өлмеген екен, тек қана мен оны атқан кезде қорқыныштан талып қалыпты.

Фоксик қорыққанынан қашып барып, үйшігіне тығылды. Ал аю маған қарай атылды. Мен одан қаша жөнелдім. Тауық қораның шетінде тұрган баспалдақты көрдім де, сонымен жоғары өрмелей бастадым. Тырмысып шатырға шықтым. Қарасам, аю да менің ізіммен жоғары көтеріліп келеді. Ол үйелеп өзөр қозғалып, бір тұрып, бір құлап, өзөр дегенде шатырға да шықты. Ал шатыр оның салмағын көтере алмады. Опрысылып түсті! Аю екеуміз тауық қораның ішіне құладық. Тауықтар шошынып, қақылдан, қырқылдан, тырым-тырақай, бет-бетіне қашты.

Мен тауық қорадан атып шықтым. Зымырап үйге кірдім. Аю да соңынан ілесе кірді. Бөлмеме кірдім. Аю да бөлмеге кірді. Аяғыммен үстелді бір теуіп құлаттым. Үстелдің үстінде тұрган барлық ыдыс еденге шашылды. Самауыр да ұшып кетті. Игорь қорыққанынан көзі бақырайып, кереуеттің астына жасырынды.

Бір кезде қарасам, бұдан әрі қашатын ешқандай жер жоқ. Кереуетке құлап түстім де, қорыққанынан өлген адамға үқсап, өтірік көзімді жұма қойдым. Ал аю болса, жетіп келіп, аяғымен тұртіп, айқай салды:

«Тұрсаңшы, тез! Тұр!».

Мен көзімді аштым. Сөйтсем, бұл – өйелім екен.

«Тұр, - дейді ол, - өлдеқашан таң атты, талтұс болды ғой. Сен аңға шығуға жиналып едің ғой».

Мен тұрдым да, аң аулауға орманға кеттім. Бірақ ол күні аюды көргем жоқ. Одан бері қаншама уақыт бойы өмір сүріп

келемін, өлі де өмір сүре бермекпін. Содан бері өлі дәм-тұзым таусылған жоқ, өлі де таусылмайды деп ойлаймын. Жаңа костюмімді киіп, сөнденіп жүре беремін!

Ваня ағай мен Федя ағай бұл әңгімеге қарқылдаپ күлді. Қузыма ағай да оларға қосыла күліп, мәз болды. Сонаң соң ушеуі үйлеріне қайтты.

- Жақсылап демалдық қой, ө?! - деді Ваня ағай.

- Бірде-бір аңды да өлтірген жоқпыз, уақыттымызды да көңілді өткіздік.

- Ал мен аңдарды өлтіруді қаламаймын, - деді Федя ағай. - Қоян болсын, тиін болсын, кірпі мен тұлкі болсын – бәрі де орманда тыныш, бейбіт өмір сүреді. Оларға тиісіп керегі жоқ.

- Сан түрлі құстар да солай өмір сүргісі келеді, - деді Федя ағай. - Аң мен құссыз орман көңілсіз болады. Ешкім де оларды өлтіріп, әлекке қалмасын. Жан-жануарларды аялап, сүйе білу керек!

Міне, көрдіңдер ме, көңілді үш аңшы қандай тамаша адамдар болған!

1986 жыл, 4 шілде.



ИВАН АНДРЕЕВИЧ КРЫЛОВ  
(1769-1844)

## ЕМЕН ТҮБІНДЕГІ ШОШҚА

Бір дәу шошқа еменнің түбіне кеп,  
Мәз болыпты қабығын тойғанша жеп.  
Сол еменнің түбінде ұйықтап тұрып,  
Емен түбін кірісті қазайын деп.

Бұтағында ағаштың қарға тұрды,  
(Ақылы оның болмады қарға құрлы).  
- Қазба, - деді ол, - ағашты,



Қурап қалар,  
Ол байғұстың сонан соң бар ма құны?!

- Қурай берсін! - деп шошқа жауап берді,  
(Басы оның бас емес, қауақ па еді?!)
- Қабығы тойғанда маган оның,  
Тағдырының тап маган жоқ керегі.

Емен айтты:

- Ей, шошқа! «Мейлі!» дедің,  
Жаңғағымды тойғанша жедің, жедің.  
Көтергенде басыңды,  
Сол жаңғақтың  
Менде өсіп тұрганын көрер едің.

1985 жыл, 25 қазеркүйек.

## ҚАСҚЫР МЕН МЫСЫҚ

Айрылып ақыр бар қорғаннан,  
Қасқыр батыр қашты орманнан.  
Ебіл-дебіл, есі шықты,  
Пана таппай бұл маңнан.

Құғын-сүргіннен болған ығыр,  
Көрді бейбақ мысықты бір.  
Мамыражай жатыр мысық,  
«Ух, ондады-ау Құдай сығыр!».

- Айтшы, достым, Васям менің,  
Шыдатпай тұр ашу-селің.  
Келешектен кетті сенім,  
Осы шығар біткен жерім.

Деревняда бір сенімді  
Қорған болар, мейірімді  
Мұжық бар ма?!

Айтшы тез-тез,  
Көрсет, достым, ақ пейілінді.

Мысық айтты:

- Степан бар.
  - Ойбай, маған пейілі тар.
  - Бір қошқарын үрлап жегем, -
  - Деп қасекең қылады зар.
- Онда, достым, Демьянды көр.
- Атамағын, демеймін жөн.
- Алып кеткем мен ешкісін,
- Оған барып, демексің бе «Өл»?!

- Ал ендеши Трофимге үш!

- Трофимге?!

Қиын бұл тұс.

Көрінуге қорқам одан,

Бір қозы үшін қылады сұс.

- Жарайды, онда Клим бар фой.

- Oh, Вася, ол да бар ма, ой?!

Бұзауын мен жарып кеткем,

Оның жүгі тіпті нар фой.



Түсінген соң барлық жайтты,  
Сонда мысық қасқырға айтты:  
- Тұз сеуіпсің бар ауылға,  
Еш көмек жоқ,  
Енді қайттің?!

Босатыпсың барлығының қорасын,  
Оның түбі, сірә, осындаі боласың.  
Барлық кінә өзіңнен фой,  
Не қайран?!  
Дегендейін «Не ексең – соны орасың!».

1985 жыл, 7 қазан.

# АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ МУШКИН (1799-1837)

\* \* \*

Терістік!  
Шоғырланып бұлттар көкте,  
Суық жел зықыны алар гүілдеп те.  
Табиғат екі иінінен демалып тұр,  
Қыс келді қожалық қып Жер мен Көкке.

Келді қыс,  
Тұр-тұрге еніп, төкті қарын,  
Келді қыс,  
Борандатып шашты ызгарын.  
Зілдей қар жаншып ауыр салмағымен,  
Қонады бұтағына ағаштардың.

Егінжай алқабын, тау арасын да,  
Жапты қар өзеннің де жағасында.  
Жатты қар кілемдейін толқынданып  
Орыстың ұлан-байтақ даласында.

Байқалмай тәбе, жыра, еңістері,  
Ұлпа қар жердің бетін тегістеді.  
Қыс-Ана салды өлегін,  
Үскірді аяз,  
(Сонда да Адам-алып беріспеді).

1985 жыл, 20 қазан.

## ТҮТҚЫН

Отырмын тор көзді үйде іші күңгірт,  
Көңілсіз құса күндер жатыр сырғып.  
Қайғылы, тұнжыраңқы досым менің  
Қарайды тереземнен шоқып жемін.

Тұр, міне, қарап маған бала бүркіт,  
Саңқылдаپ, еңсені езген тұнді жыртып.  
Теңдіктің ұлы ұшқынын аңдатады,  
«Ұшайық, кел!» дегендей үн қатады.

«Еркінбіз,  
Біз – еркін құс, бұла, ерке,  
Толқынын аспанға атқан теңізді өлке;  
Тәбесін бұлт шалған тау шақырады,  
Бостандық, теңдік өмір жатыр, өні!».

1985 жыл, 25 қазан.

## ҚҰТЫШІ АНАМА

Менің қыын күндерімнің сырласы,  
Қалыпсың гой сен де талай қырды асып.  
Қатпар қолда шабан жылжып инелер,  
Сағат бойы отырушы ең мұң басып.

Күтетінсің ну орманда мені аңсап,  
Елегізіп, өр дыбысқа құлақ сап.  
(Бұл күндерде қартайыпсың, шау тартып,  
Шынымен-ақ қалғаны ма кеп қарттық?!).

Қара жолға жатқан жіптей есіліп,  
Қарайтынсың қақпаға да тесіліп.  
Сезімталдық, қамқорлық пен сағыныш  
Сабырды алар  
«Қалды ма, - деп, - кешігіп?!».

1985 жыл, 28 қазан.



НИКОЛАЙ АЛЕКСЕЕВИЧ НЕКРАСОВ  
(1821-1878)

## КІШКЕНТАЙ МҰЖЫҚ

Қыс кезі, аяз қысқан, күн сұытқан,  
Орманға осындай күн мен де шыққам.  
Бір атты көзім шалды – отын артып,  
Асықпай тауға өрмелеп бара жатқан.

Тізгінің ұстап аттың, далбақ қағып,  
Кигені – тон, етігі, қолғаптары  
Тым үлкен,  
Ал өзі жас мұжық бала  
Келеді маң-маң басып, салмақтанып.

- Жігітім, амансың ба?!

- Жолдан шыққын!

Жұзінен мен мұжықтың айбарды ұқтый.

- Бұ қайдан?!

- Естимісің балта үнін?!

Орманнан үйге отын тасып жүрмін.

(Естілді балта даусы орман жақтан),

- Өкем ғой ағаш кесіп, шауып жатқан.

- Өкеңнің семьясы үлкен бе еді?

- Әрине. Екеуміз – бас көтерері.

- Солай де! Ал, атың кім?

- Влас, - деді,

- Жасың ше?  
- Алтыға да шықтым енді.  
Шүү, шабан! - деп «гүр» етіп, тізгінді құр  
Жұлқып қап, жөнелді алға құйғытып бір.

1985 жыл, 30 қазан.

\* \* \*

Кеше кешкісін, алтыда  
Сеннаяға барғанмын.  
Шыбыртқымен ұрды онда  
Жас өйелін шаруаның.

Кеудеде тірлік белгі жоқ,  
Ысқырап шыбық тек қана.  
«Қара, анау – сенің сіңлің!» деп  
Айттым мен сонда Музага.

1985 жыл, 7 қараша.



МИХАИЛ ВАСИЛЬЕВИЧ ЛЕРМОНТОВ  
(1814-1841)

## ЖЕЛКЕН

Тұманды теңіз үсті.  
Жалғыз желкен  
Алыс, жат, бөтен жерден не іздеді екен?!

Долы жел ысқырынып, дәу толқындар  
Мачтаны майыстырып, сықырлатар.

Ақ желкен бақытты да аңсамайды,  
Қашады – бақытсыздық, болса қайғы.  
Көк айдын астында – ағыс толқынданған,  
Үстінде – күн сөулесі. (Жел шайқаған).

Дауылды аңсайды ағыс тентек, сотқар,  
Дегендей: «ДАУЫЛДАН соң – ТЫНЫШТЫҚ бар».

1985 жыл, 10 қараша.



## ГЕТЕЛЕН

Мұлгиді қараңғыда асқар шындар,  
Тып-тымық тұман басқан кең аңғарлар.  
Бүркырап қөтерілмес жолдың шаңы,  
Қалтырап, қозғалмайды жапырақтар.

*1985 жыл, 10 қараша.*

\* \* \*

Билік пен құлдық Отаны –  
Қош бол, Россия, қараңғы!  
Бағынған халық мундирге,  
Көгілдір мундир,  
Сендер де!

Кавказдың елін сағалап,  
Бәрін де естір саққұлақ,  
Бәрін де көрер көздерден  
Тығылармын,  
(Мүмкін мен).

*1985 жыл, 12 қараша.*

# ТҰТҚЫН

Қара жалды арғымақтай ат берің,  
Жарық күнді қайта өзіме ап берің!  
Босатыңдар мені қапас тұнектен,  
Берің маған қаракөз қыз бойжеткен!

Сүйіп қызды,  
Қарғып мініп атыма,  
Желдей ұшып шабар едім атыла.

Бірақ түрме терезесі тым биік,  
Құлыпты есік ауыр зілін тұр жиып.  
Қаракөз қыз жырақ – сәнді сарайда...  
Қайырымды ат көк шалғында – жүгенсіз  
Жайылып жүр еркіндікте,  
Тәуелсіз.  
Шапқылайды, шаттанып бір ойнайды,  
Ерке желмен өмірді еркін тойлайды.

Отырмын мен жапа-жалғыз мұң басып,  
Тұр жалаңаш қабырғалар қоршасып.  
Күңгірт шамдар өлімсірей жанады.  
Меніреу, сақау, үнсіз-тілсіз күзетші  
Бірқалыпты тық-тық басып барады...

1985 жыл, 16 қараша.

АЛЕКСАНДР БЛОК  
(1880-1921)


\* \* \*

Тұнгі қарлы жел салқын  
Жауыпты іздерді.  
Дөңгелек арай-күн, жарқын  
Таң да атады енді.

Қызыл шапақ от өріп,  
Шағылысты қар.  
Тұн пердесін көтеріп,  
Сілкінді жаға-жар.

Талтұсте кеп өзенге,  
Мен жүземін.  
Қар қызымен өнімде  
Кездесемін.

1985 жыл, 26 желтоқсан.



# МАЗМУНЫ

## ЕРТЕГІЛЕР

Кемпірқосақ .....	4
Айлакер аңшы .....	6
Жалқаудың жазасы .....	10
Жыл мезгілдері қалай пайда болды? .....	12

## ӘҢГІМЕЛЕР

АШЫҚ .....	16
Отірік өрге баспайды .....	18
Ең бағалы .....	21
Хат .....	23
Адалдық немесе кінәлі кім?	26
Кітап .....	28
Қолғабыс .....	32
Ізет .....	33
Ұялу .....	36
«Бірлік болмай – тірлік болмас» .....	37

## БАТПЫРАУЫҚ (әзіл-сықақ бұрышы)

Жаңғалақ Жарас .....	40
Ұлы адамның ұсақ міні .....	44
Жаңылған жауаптар .....	46

## ӨЛЕНДЕР

ЖИРЕН ЖАМАН ӘДЕТТЕН .....	54
«Ұмытшақ» .....	54

Мешкей .....	54
Жалтарғыш .....	56
Сотқар.....	56
Тілазар .....	57
Жаңғалақ .....	57
Олақ .....	58
Қорқақ .....	59
Алаңғасар .....	61
Мақтаншақ .....	61
Жалқау .....	61
Надан .....	62
Менмен .....	62
Сараң .....	63
Қазымыр .....	64
Ыза .....	68

### МЫСАЛДАР

Мақтаншақ балта .....	70
Қызығаныш .....	71
Қара шалғы .....	71

### ҚЫРЫҚ ӨТИРІК

Хайуанаттар өлемінде .....	72
Тазша баланың тақпағы .....	78

МЕТАГРАММАЛАР .....	80
---------------------	----

БІР СӨЗДЕ – ҚОС МАФЫНА .....	81
------------------------------	----

### ТАБИФАТ ТАМАШАЛАРЫ

Көктемгі шаттық .....	83
-----------------------	----

Көктем .....	84
Жаз .....	85
Жайлаудағы жаз .....	86
Қыс .....	87
Қыс қызығы .....	88
Күз .....	89
Шуақты күз .....	90
Таулар .....	91
Тұман .....	93
Аспан .....	93
Табигат этюдтері .....	94

### КІМ БОЛАМ?!

Құрылышы .....	96
Теміржолшы .....	96
Ұстазға .....	96
Мұсінші .....	97
Шекарашы .....	97
Дәрігер .....	97
Дәрігерге .....	98

### ҰРПАҚ СӨЗІ

Бірінші мамыр шеруі .....	99
Қазақ даласы .....	100
Отан .....	101
Қазақстан .....	102
Менің елім .....	102
Конституция .....	103
Тәуелсіздік толғаулары .....	104
Әлем мінберінен .....	108
Ерлер есімі ел есінде .....	110

Мәскеудегі «Белгісіз солдат» ескерткіші басында	
туған ой немесе сенім күші туралы сөз .....	113
Ұрпақ сөзі .....	115
Тарихпен сырласу .....	116
Нан .....	118
Киіз үй .....	119
Ата мұра .....	121
Қазақы ер .....	121
Кітап .....	121
«Қозы Көрпеш – Баян сұлу жыры» .....	122
Ұстаз .....	126
Оқушы сөзі .....	128
Жас түлектердің қоштасу жыры .....	129
Наурыз .....	130
Наурыз жыры .....	130
Домбыра .....	132
Еңбек түбі – зейнет .....	134
Ертегі .....	134
Алданыш .....	136
Өлең .....	138
Шабыт .....	139
Талап .....	141
Еңбек .....	143
Үміт .....	145
Дос .....	146
Ауру .....	149

## АЛЫПТАР

Күй атасы .....	151
Кеменгер .....	153
Ғұлама .....	155

Үстаз .....	157
Наркескен .....	159
Азаттық жаршысы .....	161
Бостандық ақыны .....	162
Дала дабылшысы .....	164
Намысты ер .....	166
Таң жұлдызы .....	167
Жұлдыз-жүрек .....	169
Рысқұлов рухына .....	171
Ақын тұлғасына .....	173
Жыр қарлығашына .....	175
Бейімбет бейнесіне .....	177
Жыр алыбы .....	179
Талант тағлымы .....	181
Палуан .....	182
Азамат .....	184
Дархан дарын .....	186
Қалам қайраткері .....	188
Қаһарман .....	190

## АУДАРМАЛАР

### ЛЕВ НИКОЛАЕВИЧ ТОЛСТОЙ

Секіру .....	194
Акула .....	197

### АЛЕКСЕЙ МАКСИМОВИЧ ГОРЬКИЙ

Балалар .....	200
---------------	-----

### НИКОЛАЙ НИКОЛАЕВИЧ НОСОВ

Жаны бар қалпақ .....	203
-----------------------	-----

Автомобиль .....	205
Тәбешік басында .....	209
Қиялилар .....	211
Тапқырлық .....	218
Замазка .....	221
Мұзкөмпіт .....	226
Ойынқұмарлар .....	228
Басқыштар .....	231
Жамау .....	233
Метро .....	236
Қиярлар .....	239
Милиционер .....	244
Жасырынбақ .....	247
Үш аңшы .....	251

### ИВАН АНДРЕЕВИЧ КРЫЛОВ

Емен түбіндегі шошқа .....	260
Қасқыр мен мысық .....	261

### АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ПУШКИН

«Терістік!.. Шоғырланып бұлттар көкте...» .....	264
Тұтқын .....	265
Құтуші анама .....	265

### НИКОЛАЙ АЛЕКСЕЕВИЧ НЕКРАСОВ

Кішкентай мұжық .....	267
«Кеше кешкісін, алтыда...» .....	268

### МИХАИЛ ВАСИЛЬЕВИЧ ЛЕРМОНТОВ

Желкен .....	269
Гетеден .....	270

«Билік пен құлдық Отаны..» ..... 270  
Тұтқын ..... 271

АЛЕКСАНДР БЛОК

«Тұнгі қарлы жел салқын...» ..... 272



*Автор осы кітабының жарық көруіне қол ұшын беріп,  
демеушілік жасағаны үшін Тұтқараган ауданының әкімі  
**ТЕМІРБЕК ТЫЙЫЛҰЛЫ АСАУОВҚА,**  
«Альянс LTD» ЖШС-нің директоры  
**АСҚАР САЙЫНҰЛЫ КЕРЕЛБАЕВҚА,**  
«Мұнайгазпроектсервис» ЖШС-нің директоры  
**БАҒДАТ СҮГІРБАЙҰЛЫ БИСЕНГОЖИЕВКЕ**  
алғысын білдіреді.*

---

## **Рахат ҚОСБАРМАҚ**

### **АЙЛАКЕР АҢШЫ**

Редакторы **Нұргұл Хасанова**

Компьютерде терген **Нұргұл Хасанова**  
Көркемдеу什 **Серік Сайынұлы**

Кітапты көркемдеуге суретші **Қуаныш Шынтеміровтің** еңбектері пайдаланылды

Кітап «Информ-А» баспасының орталығында теріліп, беттеліп, диапозитивке  
шығарылды.

Баспаның Бас директоры  
**Бақытжан Қосбармақов**

**Теруге 14.08.2012 жіберілді. Басуға 25.03.2014 қол қойылды.**

**Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>, Қаріп түрі “Таймс”.**

**Көлемі 17,5 баспа табақ. Тарапымы 1000 дана.**

**Тапсырыс № 9062.**

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
“Полиграфкомбинат” ЖШС-де басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Макатаев көшесі, 41.

